үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022ж. № 412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), 03.07.2023 № 194 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен., 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығы талаптарға сәйкес құрастырылған. Негізгі орта білім берудің жұмыс оқу жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі—МЖМБС) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (23.09.2022ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) талаптарына сәйкес құрастырылған. 5-9 сыныптар үшін Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 6 қосымшасы, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы, 2023 жылғы 3 шілдедегі №194 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 6-қосымшасы) талаптарына сәйкес құрылды. Жалпы орта білім берудің жұмыс оқу жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі—МЖМБС) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) талаптарына сәйкес құрастырылған. 10-11 сыныптар үшін үшін Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы, 2023 жылғы 3 шілдедегі №194 бұйрығының 86-қосымшасына енгізілген өзгерістермен) талаптарына сәйкес құрылды.

2025-2026 оқу жылы бастауыш сыныптар үшін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, (23.09.2022ж. №406 бұйрығымен, 04.10.2023ж. №303 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) талаптарға сәйкес құрастырылған. 1-4 сыныптар үшін Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 8 қараша 2012 жылғы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 8 ақпандағы 2024 года № 27. (м.а.2024 жылғы 27 маусымдағы № 161) бұйрығы. (1-қосымшасы) талаптарына сәйкес құрылды. Негізгі орта білім берудің жұмыс оқу жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен, 04.10.2023ж. №303 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) талаптарына сәйкес құрастырылған. 5-9 сыныптар үшін Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 6 қосымшасы) талаптарына сәйкес құрылды. Жалпы орта білім берудің жұмыс оқу жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі—МЖМБС) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен, 04.10.2023ж. №303 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) талаптарына сәйкес құрастырылған. 10-11 сыныптар үшін үшін Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы № 323 бұйрығының (85, 86- қосымшасымен) енгізілген өзгерістермен талаптарына сәкес келеді.

Сабақ кестесі «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы қағидаларына сәйкес жасалды. Мәселен, жоғарыда сәйкес 1-11 сыныптарда 2 және 4 сабақтан кейін кемінде 15 минут ішінде 2 үзіліс қарастырылған. Кесте мектеп директорымен бекітіліп, ата-аналар комитетімен келісілді. Жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Білім беру деңгейі және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру:

2023-2024 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығы талаптарының негізінде жүзеге асырылды. Білім беру деңгейлері бойынша жалпы білім беретін пәндерден үлгілік оқу бағдарламалаына сәйкес күнтізбелік жоспарлар жасалынып, бөлінген жылдық жүктемелер орындалды.

2024-2025 оқу жылында Оқытудың «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы талаптарының негізінде жүзеге асырылуда. Білім беру деңгейлері бойынша жалпы білім беретін пәндерден үлгілік оқу бағдарламалаына сәйкес күнтізбелік жоспарлар жасалынып, бөлінген жылдық жүктемелер орындалуда.

2025-2026 оқу жылында

Оқытудың «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы талаптарының негізінде жүзеге асырылуда. Білім беру деңгейлері бойынша жалпы білім беретін пәндерден үлгілік оқу бағдарламалаына сәйкес күнтізбелік жоспарлар жасалынып, бөлінген жылдық жүктемелер орындалуда.

3) Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

2023 – 2024 оқу жылы Қазақстан республикасының оқу – ағарту министірлігі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізінде жасалған тәрбиелік жұмыс жоспары:

МИССИЯСЫ: Еңбекқор, талапты, терең ойлайтын, қанағатшыл, әр кезде рахым жасай алатын, білімді, тәрбиелі ортада жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген адал,

жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және елбірлігін сақтауға, отаншылдық пен елжандылыққа, талапшылдық пен жауапкершілікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, т а н ы м д ы ж о ғ а р ы л а т у ғ а, абыройлы болуға, ар-ұждан, терең ойлай білуге, қанағатшыл болуға, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, рахымшылдық пен әділдік, қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, елжанды, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілік **талаппен** қарайды, әдепті және **рахымды**, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, **қанағатшыл болады, тереңінен ойлай алады**, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал **еңбекті** жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекетінің Заңдарындағы **талапты** басшылыққа алу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу, аянбай еңбек ету;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясында талап қоя алады;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет етеді, қанағат пен төзімді өзіне дос ете алады.;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, рақымшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихына терең еніп, құрметтейді
- Еңбекті жоғары бағалайды
- Кәсіп түрін ерте жастан тандай алады
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптеуді тереңінен ойлайды

- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары, басқалардан да талап ете алады

Ар-ұят құндылығы:

Академиялық адалдық қағидатын қолдау;

- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет және еңбек ету
- Әдеп нормаларын ұстану, басқадан да талап етуді біледі;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, қанаға;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік, рақымшылық таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірімшесі екенін сезінеді, тереңінен ойлайды.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды, қанағатшылдықты басшылыққа алады;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, әлсізге рақымшылық жасайды.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командалық жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға терең оймен құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтауда өзіне талап қоя алады;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды, еңбекті қадірлейді;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде Ұлттық-мүдде, Ар-ұят, Талап құндылықтарымыз төмендегідей қызмет құралдары арқылы іске асырылады. Және әрбір өткізіліп жатқан іс – шаралар мектебіміздегі барлық ұжым ішінде сынып сағаттарымен бірге сабақ барысында, сабақтан тыс іс – шараларында да Біртұтас тәрбие жүйесі жүзеге асырылады.

<i>Тәрбие құндылықтары</i>	<i>Негізгі индикаторлар</i>	<i>Қызмет құралы</i>
Ұлттық мүдде (мемлекет)	✓ Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; ✓ Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; ✓ Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;	✓ «Мектеп парламенті»; ✓ «Дебат қозғалысы»; ✓ «Ата – аналарды педагогикалық қолдау» ✓ Педагогикалық ұжым

етшілдік)	✓ Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; ✓ Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуге талап қоя алу; ✓ Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; ✓ Заң талаптарын қатаң сақтауға дайын болу, құрметтеу	✓ Мектептің оқушылар жиыны ✓ «Жас сарбаздар» клубы
Ар-ұят	✓ Академиялық адалдық қағидатын қолдау; ✓ Сөзіне берік, ісіне адал болу; ✓ Отбасының, өз ортасының абыройын асыру; ✓ Отбасы, Отаны алдындағы борышын білу; ✓ Мектеп ережесіне бағыну ✓ Жаман әдеттерден аулақ болу ✓ Салауаттылық салтын сақтау ✓ Салт – дәстүрді сақтау	✓ «Ата – аналарды педагогикалық қолдау» бірлестігі ✓ Педагогикалық ұжым ✓ «Ата - әжелер» клубы ✓ «Сырғалым» клубы ✓ «Азаматқа Аманат» клубы ✓ «Жас сарбаздар» клубы ✓ «Адал ұрпақ » клубы
Талап	✓ Сыни және креативті ойлау; ✓ Физикалық белсенді болу; ✓ Салауатты өмір салтын ұстану; ✓ Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну; ✓ Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;	✓ Педагогикалық ұжым ✓ Мектептің оқушылар жиыны ✓ «Жас ұлан» ұйымы ✓ «Азаматқа аманат» ата, әке, аға, жезде мектебі ✓ «Қамқоршылық» кеңесі ✓ «Оқуға құштар мектеп»

«Мектеп парламенті» өзін – өзі басқару ұйымының мақсаты білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзіреттілік дағдыларын дамыту, білім беруі ұйымымен бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселерді шешуге қатысу. **2023-2024 оқу жылында** Картпаева Сабина мектеп президенті болып сайланды. Мектеп парламенті Жас ұлан, Жас қыран оқушыларымен тығыз жұмыс жасап, бәрі бір бағытта болды. Жыл басында 2023 – 2024 оқу жылында мектепшілік өзін-өзі басқару ұйымының жылдық жоспары 8 фракция бойынша құрылып, бекітілді. Өзін-өзі басқару жұмысында жүргізілетін басшылыққа алынатын жұмыстар:

- Мектепшілік ар-намыс кодексін, ережелердің орындалуын қадағалау;
- Семинар, конференция, форум, байқау, сайыстарға қатысу;
- Мектептегі, одан тыс мәдени-әдеби, тарихи, әскери-спорттық іс-шараларға қатысу және оларды өткізу;
- Қамқорлық пен қайырымдылық акцияларын жүргізу;
- «Жас ұлан» мен «Жас қырандармен» жұмыс жүргізу, тәрбие шараларға тарту
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Басқа да қоғамдық ұйымдармен байланыс орнату;
- Мектептегі ақпараттарды сайда жариялау;
- Жиналыстар мен отырыстарды хаттау;
- Ұйым құжаттарына арналған папкалардың жай-күйін қадағалау;
- Ұйымның ары қарай жұмыс істеуіне мүмкіндіктер туғызу және белсенділігін арттыру.

Негізгі іс-шаралардың орындалуы:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

- Мектеп президентін сайлау өткізіліп, оқушылардың көшбасшылық қабілеттері айқындалды.
- «Тіл – ұлы байлық» дөңгелек үстелі ұйымдастырылды.
- Әлеуметтік желілерде үміткерлердің бағдарламалары таныстырылып, оқушылардың ақпараттық мәдениеті артты.

Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы

- Волонтерлық топ құрылды.
- «Даналық ұстаздан» челленджі, «Әнұран айту» акциясы өткізілді.
- Республика күніне орай мектеп президенті ресми түрде сайланды.

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы

- Мектеп театрының қойылымдары көрерменге ұсынылды.
- Спорттық жарыстар ұйымдастырылып, салауатты өмір салты насихатталды.
- «Адал адам – адал еңбек – адал табыс» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы

- «Жастар таза қала үшін» челленджі іске асты.
- «Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі өткізілді.
- Жаңа жылдық мерекелік бағдарлама ұйымдастырылды.

Қаңтар – заң және тәртіп айы

- «Әлеуметтік желідегі мінез-құлық ережесі» атты танымдық сағат өткізілді.
- «Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» акциясы өткізілді.
- «Заң мен тәртіп – басты бет» дөңгелек үстелі ұйымдастырылды.

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы

- «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі ұйымдастырылды.
- «Мейірім жүректен» акциясы өтті.
- «Имандылық – адамгершілік пен ізгіліктің тірегі» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Наурыз – отансүйгіштік айы

- «Ананың аялы алақаны» челленджі өткізілді.
- «Ұлттық мәдениет» көрмесі ұйымдастырылды.
- «Қош келдің, Әз-Наурыз!» мерекелік іс шара.

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

- «Кітаппен жарқын әлемге» атты іс-шара өткізілді.
- «Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі ұйымдастырылды.

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

- «Ұлттар достығы» тақырыбында мерекелік іс-шара өтті.
- «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі ұйымдастырылды.
- «Мектеп көшбасшылары 2024-2025 жылдық қорытынды есебі» семинары өткізілді.

Жетістіктер

- Оқушылардың әлеуметтік белсенділігі артты.
- Волонтерлық қозғалыс тұрақты жұмыс істей бастады.
- Мектеп ішіндегі тәртіп пен жауапкершілік деңгейі көтерілді.
- Әлеуметтік жобалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамыды.

Қиындықтар

- Кейбір іс-шараларға оқушылардың қатысуы толық болмады.
- Ақпараттық технологияларды пайдалану барысында техникалық қиындықтар кездесті.

2024-2025 оқу жылында Өзін-өзі басқару ұйымның оқушылардың көшбасшылық қабілетін дамытуда, патриоттық және азаматтық тәрбие беруде маңызды рөл атқарды. Жылдық жоспар толық көлемде орындалды, алдағы оқу жылына жаңа жобалар енгізу жоспарлануда. Өзін-өзі басқару ұйым мүшелері 2023–2024 о.ж. қалалық, облыстық іс-шараларға да белсене ат салысты. 2024 жылдың 24 – 25 мамыр күні оқушыларын марапаттау кезеңі соңғы қоңырау кешінде өтті. Қалалық, облыстық, республикалық сайыстарға қатысып, жоғары жетістікке жеткен ұландар мен қырандарды марапаттап, жылдық жұмыстарын қорытындылады.

«Жас сарбаз» клубы- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету туралы түсінігін және әскери іс негіздері бойынша оқушылардың білімдерін қалыптастыру; оқушылардың өмірлік қабілеттері мен дағдыларының дамуын қалыптастыруға ықпал ету.

Жастардың алғашқы әскери дайындығы мынандай мақсатта өткізіледі:

- Қазақ жеріне, халқына деген патриоттық рухын ояту, тәрбиелеу;
- Жауынгерлік сал-дәстүрлерді құрметтеу, әскери – оқу орындарына түсем деушілерге бағыт беру;
- ҚР ҚК-нің жаңа қару – жарақ түрлерінен ақпарат беру, қару ұстаудағы қауіпсіздік шараларымен таныстыру;

- Қалалық, мектепшілік әскери-спорттық жарыстарға қатысып білімдерін практикалық шыңдау;
- Денешынықтыру жаттығуларын меңгеру, салауатты өмір салтын наихаттау;
- Ұжыммен жұмыс жасауға, әрқашан көмекке келуге, өзіне жүктелген міндеттерге жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

Жан-жақты, алғыр, шапшаң, тәрбиелі болашақ Отан қорғаушы болуға тәрбиелеу мақсатында төмендегі жоспарға сәйкес іс – шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Саптық дайындық орнында тұрғанда бұрылыстар, қозғалыстағы бұрылыстар. Саптан шығу және сапқа қайта тұру. Бастыққа келу және бастықтан кету. «Әскери іске дайын бол!» Топталып жүгіру, кедергілерден өту.

Кермеге тартылу (ұлдар), жатып алып кеудені көтеру (қыздар). Кедергілер элементтерінен өту. Ондық құрамында кедергілер жолағын өту. Жалпы әскери денешынықтыру жаттығуларын орындау. Қарумен жасалатын жаттығулар. Жақын ұрыста қаруды, сүңгі пышақты қолдануға арналған жаттығулар.

Оқ атпай нысанаға дұрыс көздей білу, қарауылды көздеу планкасымен нысанаға дұрыс бағыттап білу Пневматикалық мылтықпен құламалы нысаналарды жылдам ату. Автоматты бөлшектеу және жинақтау. Пневматикалық мылтықпен «П» нысанасын 10 м-ден тұрып ату. Тұрып ату жағдайы. Пневматикалық қарудан оқ ату жаттығуларын меңгеру. Практикалық жаттығу. Жатып ату қалпын үйрету және ату. Түрегеп тұрып ату қалпын үйрету және ату Оқжатарды жабдықтау. Оқты оқ жатарға жинау (уақытқа) Жарықшақты қол гранаталарын лақтыру Жалпы әскери қорғаныш толығын комбинезон түрінде кию (уақытқа) Алғашқы медициналық көмек көрсетудегі дәрі – дәрмек түрлері. Медициналық қобдишадағы дәрі-дәрмектер. Арналуы, қолдану реті, жарамдылық мерзімі. Алғашқы медициналық көмек. Қан кетуді тоқтату, таңғыш салу құралдары мен түрлері. Жарақаттық шоктың пайда болуының алдын алу. Асептика және антисептика туралы түсінік. Таңғыш түрлері. Бинтті таңғыштардың негізгі типтері. Бекіткіш таңғыштар. Қысып тұратын таңғышты қою ережелері. Таңу материалы Әр түрлі бақытсыз жағдайларда медициналық жәрдем көрсету. Әскери өмірмен танысу. Бейнеролик Қарулы Күштер егемендік күзетінде. Бейнефильм көру Әскери топография

Спутникалық навигация. Спутникалық навигацияның шығу тарихы. Қолдану саласы. Азимут бойынша қозғалыс. Азимуттар туралы түсінік. Шынайы және магнитті азимут. Компас бойынша азимутты анықтау. Азимут бойынша қозғалыс жасау үшін мәліметтер даярлау. Практикалық жаттығулар. ҚРҚМ жарғы әскери оқу орындарына түсу шарттары Қоян қолтық ұрыс әдістерін үйрету. Өзін өзі қорғау Газтұмылдырық және жеке қорғаныс құралдарын пайдалану әдістері Газ тұмылдырығын киіп шешу (уақытқа) Қорытынды сабақ. Тест тапсырмалары.

Нәтижесінде: Саптық дайындыққа дайын тұлғалар дайындалды. саптан шығу, орнына тұру, бастыққа келіп-кетті іс-қимылдарын біліп, топталып жүгіру, кедергілерден өту кермеге тартылу, жатып алып кеудені көтеру, пневматикалық мылтықтан атудан алғашқы дайындықтары болды және медициналық көмек көрсету негіздерін білді. Әскери топографиямен танысып, ҚР ҚК жөнінде ақпараттармен хабардар болды.

«Адал ұрпақ» клубының жұмысы оқушылардың бойында адалдық, парасаттылық, шынайылық қасиеттерін ояту. Осы тұста мектебімізде біртұтас тәрбие бойынша «Адалдық» дүкені болып өтті. Ол жерде оқушылар өздеріне қажеттілігі шамалы заттарды басқа балалармен алмасу мақсатында сатылым жасады. Оқушылар ол заттың құнын өз адалдығымен бағалап, сатып алып жатты. «Алаяқтар тоқта!» аудандық сурет байқауына мектебіміздің оқушылары белсене қатысып, жүлделі орынға ие болды.

«Жас ұлан», «Жас Қыран» ұйымы бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының моделі – балалардың қазіргі замандық қоғамда өз орнын табуына, Отаншылдық және азаматтық жауапкершілікті сезінуіне, еркін шығармашылық қабілеттерін дамытуына мүмкіндік береді. **“Жас Ұлан”** - өскелең ұрпақты жоғары рухани - адамгершілік құндылықтар, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан ұйым.

Ұйымның мақсаты: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, біліммен өзін – өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу

Ұйымның міндеттері: қазақ халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілікті қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналығын арттыру, танымдық жұмыстарды ынталандыру, балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін жағдай жасау, жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- Әрбір «Жас Ұландықтан» Отан мүддесі үшін қызмет ететін маңызды қасиеттерді меңгерген, Отанның мүдделерін қорғау жөнінде азаматтық борыш пен міндеттерін орындауға тәрбиеленген, халықтар достығын құрметтейтін, имандылық, адамгершілік, ізгілік, ұлттық мінез-құлық пен әдет-ғұрпын негізінде білім алған тұлғаның өсіп шығуы;
- Өз Отанының тарихы мен мәдениетін зерделей алатын, ұлттық және отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді қастерлейтін жастардың көбеюі;
- Оқушылардың мектеп қабырғасында бастап кемел білімге, кенен кәсіпке жақын болуы, сол арқылы Отанымыз –Қазақстанның дамуына, ондағы азаматтық қоғамның тұғырының мығым болуына өз үлесін қосатын шын мәніндегі Отаншыл азаматтардың қалыптасуы;
- Оқушылар өзін-өзі басқара отырып, елжандылыққа, өнерге, білімге, адамгершілікке, сауаттылыққа тәрбиеленеді;
- Оқу-тәрбие жұмысының сапалы жүруіне сынып белсенділері өзінің құқы, міндеті, жауапкершілігі арқылы өз үлестерін қосады;
- Болашақта жан-жақты дамыған, адами құндылықтары бойына қалыптасқан, ел тұтқасын ұстайтын жеке тұлғалар шығады;
- Ойы, тәні, жаны, ісі әсем тұлға шығады;

Жыл басында 2023 – 2024 оқу жылында мектепшілік Республикалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жылдық жоспары 3 құндылық бойынша құрылып, бекітілді.

Жалпы Ұйым жұмысында жүргізілетін басшылыққа алынатын жұмыстар:

- Мектепшілік ар-намыс кодексін, ережелердің орындалуын қадағалау;
- Семинар, конференция, форум, байқау, сайыстарға қатысу;
- Мектептегі, одан тыс мәдени-әдеби, тарихи, әскери-спорттық іс-шараларға қатысу және оларды өткізу;
- Қамқорлық пен қайырымдылық акцияларын жүргізу;
- Жас Қырандармен жұмыс жүргізу, тәрбие шараларға тарту
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Басқа да қоғамдық ұйымдармен байланыс орнату;
- Мектептегі ақпараттарды сайдқа жариялау;
- Жиналыстар мен отырыстарды хаттау;
- Ұйым құжаттарына арналған папкалардың жай-күйін қадағалау;
- Ұйымның ары қарай жұмыс істеуіне мүмкіндіктер туғызу және белсенділігін арттыру.

Мектебімізде «Жас Ұлан» ұйымының құжаттар папкалары жыл сайын толықтырылып келеді.

2023 – 2024 оқу жылында ұйымға қабылданатын оқушылардың мәліметтер базасы жинақталды. Ұйым мүшелерімен, сыныптың Ұланбасылары мен сыныптың белсенділерінің мәліметтері алынды.

Мектеп бойынша «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына І оқу тоқсанында «Жас Қырандар саны - 56, ал Жас Ұландар – 25 болды.

І оқу тоқсанда 2023 – 2024 оқу жылының 16 Тәуелсіздік күні қарсаңында «Жас Ұланға» қабылданатын оқушылар мәліметі жинақталып, 32 оқушы «Жас Қыранға», ал 35 оқушы – «Жас Ұланға» қабылданатынын сынып жетекшілеріне ескертіліп, төс белгілері мен галстуктің қаражаты жинақталып, қалаға тапсырылды. Нәтижесінде ІІ оқу тоқсанында 16 желтоқсан Тәуелсіздік қарсаңында 32 оқушымыз «Жас Қыранға», ал 35 оқушымыз «Жас Ұланға» қабылданды. Сонымен қатарымызда «Жас Қыран» 214 оқушы, «Жас Ұлан» 222 оқушы болды. Мектеп бойынша 10 -14 қыркүйек күндері аралығында «Жас Ұлан» Республикалық балалар мен жасөспірімдер ұйымының Ұланбасына үміткер 5 оқушы сайлау алды үгіт насихаттарын жүргізді.

Мектептің дәлізіндегі «Ұлан ақпаратына» Ұйым Ұланбасы үміткерлері мәліметі мен бағдарламалары ілінді. Сынып жетекшісі мен сыныптың Ұланбасылары мен сыныптас достары атынан үміткерлер туралы пікірлері алынды. 14 қыркүйек күні ұйым мүшелері мектеп оқушылармен ашық кездесіп, өз бағдарламаларымен ой бөлісті.

Ал 17 қыркүйек күні мектебімізде өткен Ұланбасы сайлауында 152 сайлаушы өз дауыстарын беріп, сайлау мәресіне жетті. Сайлау нәтижесінде 71,1 % дауыс жинаған 10 сыныптың оқушысы Картпаева Сабина сайланды. Ал қалған 4 үміткеріміз мектеп комитетінің Бөлімбасыларына сайланды.

17 қыркүйек күні «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының Ұланбасын ұлықтау рәсіміне арналған салтанатты жиыны өтті. Жиында Ұйым Ұланбасы мен Бөлімбасыларына «Сертификаттар» табыс етілді.

I –ші отырысында қаралған мәселелер:

Жаңа оқу жылына арналған жоспарын таныстыру, бекіту;

Мектеп комитет кеңесінің жаңа құрам мүшелерін сайлау, бекіту;

7 бағыттар бойынша Бөлім басыларын сайлау;

I оқу тоқсанында алынған жаңа міндеттерімен таныстыру, бекіту;

II отырысында қаралған мәселелер:

I тоқсанда атқарылған іс-шаралар есебі;

2023 – 2024 оқу жылында 16 Тәуелсіздік күні қарсаңында қабылданатын оқушылармен таныстыру;

Сыныптар бойынша сынып жиналыстары өткізіліп, сынып белсенділері тағайындалған. Мектеп бойынша 1 – 11 сыныптың сынып белсенділер мәліметі алынды.

«Жас Ұлан» ұйымының мектеп комитетінің мүшелері, 7 бағыт бойынша сайланған басшыларына және 5-10 сыныптың Ұланбасыларына «Жас Ұлан» балалар ұйымына өзіндік көзқарасым, жұмыстарын жүргізудегі мақсатым, ұсыныс-пікірлерім бағытында сауалнама жүргізілді.

«Жас Ұлан» мектеп комитеті мүшелері айына 1 рет мектеп оқушыларының әрбір сынып оқушыларының күнделіктерін тексеру рейдін жүргізді. Қорытынды хабарламасы шығарылып, кемшілік кеткен сыныптардың сынып жетекшілеріне ескертіліп, кемшіліктері жойылды.

Сондай-ақ ұйым жанынан құрылған «Жас жол инспекторлар» ерікті клубы, «Полицияның жас көмекшілері» ерікті жасағының жұмыс жоспарлары жасақталып, бекітілді.

Мектеп бойынша Жас Ұландар мен Жас Қырандар түрлі тәрбиелік шараларға қатысты.

- **1 қыркүйек Білім күніне арналған «Алғашқы қоңырау»** салтанатты жиыны болып өтті. Оған мектептің барлық Жас Ұландары мен Жас Қырандары қатысты.
- **8 қыркүйек күні «Салауатты өмір салтын ұстан!»** ұранымен «Денсаулық фестивалі» акциясы ұйымдастырылды.

Мақсаты: мектеп оқушылары арасында түрлі аурулардың алдын алу мен салауатты өмір салтын насихаттау барысында іс –шаралар ұйымдастыру

- Мектеп бойынша 10 - 14 қыркүйек аралығында «Еңбек» күніне орай «Адам еңбекпен шыңдалады» атты апталық ұйымдастырылды. **Апталықтың мақсаты** – «Еңбек адамның бір күні» өңірдегі еңбегі еленген, өз саласына елеулі үлес қосқан еңбек адамдарын насихаттау, оның еңбек жолымен танысу, еңбектің қыр-сырларын үйрену, қызығушылықтарын арттыру. Апталықта мектептің 7-11 сынып оқушылары қамтылды. Оқушылар ұйымшылдықпен қатысты. Апталықта 7-11 сыныптар арасында «Еңбек түбі-береке» атты тақырыбында шығармалар байқауы өтті.

Байқауға оқушылар жан –жақты ізденіспен, жақсы белсенділікпен қатысты. Байқаудың қорытындысы шығарылып, хаттамаланып, өз ойларын жеткізе білген, жақсы орындаған оқушылар марапатталды.

- **10 – 14 қыркүйек** күндері аралағында «Отбасы ұлттың тірегі» атты апталық ұйымдастырылды. Жоспарға сай түрлі жұмыстар атқарылды.
- **17 – 22 қыркүйек** аралығында Тілдер мерекесіне орай «Ұлттарды біріктірген-ұлы тіл» тақырыбында апталық өтті. Онда көптеген жоспарға сай түрлі жұмыстарға мектеп оқушылары белсенділікпен қатысты. Апталықта мектеп дәлізіне сыныптар бойынша қабырға газеттер байқауы ұйымдастырылды. Нәтижесінде жақсы қатысқан сыныптарға жүлделі орындар берілді. Атап айтсақ: I орын – 5,6,7 сынып, сонымен қатар 22 қыркүйек

күні 9-11 сыныптар арасында «Тілім менің» тақырыбында шығармалар байқауы өтті. Шығармалар байқауының мақсаты:

- **1 қазан** Қариялар күніне орай мектеп оқушыларына қариялардың қоғамдағы орнын, тәлім –тәрбие, өнеге көзі екенін насихаттау мақсатында мектепшілік «Қарттар –тарих, қазына, ел қазығы» тақырыбындағы 1 күндік акциясы ұйымдастырылды. Апталықта 1-1 – 7 сыныптар арасында «Қариялы отбасы» тақырыбында фото коллаж ұйымдастырылды. Сонымен қатар мектеп әкімшілігі атынан құттықтаулар, концерттік бағдарламалар жүргізді. Ата-әжелер мектеп оқушыларына өз тілектерін айтып, ризашылықтарын білдірді.
- **«Ұлағатты ұстаздар күні»** күніне арналған 10 – 11 сыныптар және «Жас Ұлан» оқушылары ұйымдастырып өткізілген іс – шаралар тамашаланды.
- **20 қазан күні** 3 – 4 сыныптар, 5 – 7 сыныптар арасында «Алтын күз» байқауы ұйымдастырылып өткізілді. Естелікке фотоға түсті.
- **16 желтоқсан** Тәуелсіздік күніне орай «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылдау салтанатты жиыны өтті. Жас Ұлан ұйымы қатарына 32 оқушылары Жас Қыранға, ал 35 оқушысы Жас Ұланға қабылданды. Жиынға мектептің ардагер ұстаздар, мекеме басшылары мен 5- 11 сыныптың Ұландары қатысты
- **Ақпан айында:**

«Екі жұлдыз» байқауы ата аналардың қатысуымен ұйымдастырылып өткізілді.

Наурыз айында:

13 наурыз күні дәстүрге айналған «Көктем аруы – 2024» байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 5 – 7 сынып оқушыларынан 8 оқушы қатысты. Байқау 4 этаптан болды. Байқау жоғары деңгейде өтіліп, байқауға қатысқан қатысушылар марапаттау қағазымен, ленталар мен марапатталды.

22 наурыз мерекесіне мектеп ұландары мерекелік бағдарлама өткізді. «Шаңырақтар» бойынша іс – шара, ата-аналар, мектеп оқушылары, мұғалімдердің қатысуымен өткізілді. Іс-шара барысында салт дәстүрлерден элементтер көрсетіліп, ән салып, би биледі. Наурыз мейрамын әр сыныпта сынып сағаттары мен ашық ісшараларымен байланыстырылды.

Сәуір айында:

3 – ші сәуір күні 5 – 6 сыныптар арасында қалалық «ЮИД» байқауына дайындық жүргізіле басталды, 19 сәуір күні 10 оқушы қалалық байқауына қатыстырылды. Бұл байқау «Жас Ұлан» бірлестігінің ұйымдастырылуымен өтілді.

Мамыр айында:

4 – ші мамыр күні 5 – 6, 7 – 8 сыныптардың қатысуымен және 9 - 10 – шы сыныптардың, «Жас Ұлан» бірлестігінің ұйымдастыруымен мектепшілік «Саптық байқауы» өткізілді, және де Қостанай Академиялық мектебінен әділқазы мүшелері шақырылды.

9 мамыр Ұлы Жеңіс күніне орай ұландар соғыс ардагерлерін үйлеріне барып мерекелерімен құттықтады. Сонымен қатар Жас ұлан ұйымының оқушылары «Бесмертний полк» атты соғыс ардагерлерінің суретін қатыстырып іс – шара ашық түрде мектеп алаңында ұйымдастырылып өтілді.

«Жас Ұлан» ұйымы мүшелері 2023– 2024 о.ж. қалалық ,облыстық іс-шараларға да белсене ат салысты. 2024 жылдың 24 – 25 мамыр күні «Жас ұлан» оқушыларын марапаттау кезеңі соңғы қоңырау кешінде өтті. Қалалық, облыстық, республикалық сайыстарға қатысып, жоғары жетістікке жеткен ұландар мен қырандарды марапаттап, жылдық жұмыстарын қорытындылады.

«Жас Ұлан» ұйымы мүшелері 2023 - 2024 оқу жылында қалалық, облыстық іс-шараларға да белсене ат салысты. 2024 жылдың мамыр айында жас ұландар жылдық бойынша қорытынды отырыс ұйымдастырып, жылдық есебін талқылап қорытынды жасады.

«Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері жоспарына сәйкес жыл бойы әрдайым бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болып, қаржылық көмек көрсетіп отырады. Қамқоршылық кеңесінің бракераждық комиссия мүшелерінің қатысуымен ыстық тамақ ішетін балалардың сапалы тамақтануын және ас мәзірін, асхана тазалығын тексеріп отырады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқу жылының басынан бастап, мектеп оқушыларының оқуға деген ынтасын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету, кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру.

"Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру аясында жаңарту жұмыстары жүргізілді, оның мақсаты - кітапхананың жаңа моделін құру болды. Бүгінде кітапхана қоры ғылыми-көпшілік, анықтамалық, салалық, көркем, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттермен қамтылған.

2023 жылы түскен көркем әдебиет саны - 358 дана. «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы бойынша балалар жаңадан келген кітаптарды алып оқиды.

Мектеп кітапханасы қызметінің басым бағыты кітапхана қызметінің әртүрлі нысандары мен түрлері арқылы кітап пен оқуды ілгерілету болып табылады.

Мектеп кітапханасы "Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт" республикалық жобасы шеңберінде кітапты насихаттауға, оқуға және оқырман мәдениетін дамытуға бағытталған қызметті белсенді түрде жүзеге асыруды жалғастыруда: адамгершілік құндылықтарды дамыту және оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуде.

Бүгінгі таңда мектеп кітапханасы - оқырмандарымыз үшін оқу, сенімді ақпарат алу және зияткерлік бос уақытты өткізу, олардың шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыру және түрлі іс-шаралар өткізу үшін ыңғайлы орын.

Кітапхананың жарнамалық-ақпараттық қызметі ақпаратты орналастыру арқылы баспа БАҚ арқылы жүзеге асырылады:

2023-2024 оқу жылынан бастап «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы мектебімізде жүзеге асырылуда. Жоба аясында оқушыларға кітап оқу дағдысын қалыптастыру мақсатында №10 мектеп кітапханасында жоспар бойынша түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді:

Халықаралық кітап күніне арналған **«Менің сүйікті кітабым – менің достарымның қолында»** акция аясындағы іс-шарада балалар кітап сыйлады. **«Бір ел - бір кітап 2024»**. Бердібек Соқпақбаев Биылғы жылы "Бір ел - бір кітап" акциясы аясында қазақ прозасына өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі, 2024 жылы 100 жылдығы Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқимыз.

Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті және академигі Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына орай **«Ғылым көкжиегіндегі дара тұлға»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. 1 наурыз алғыс айту күні құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Баршаңызға алғыс айтамын, көп рахмет! Кітапханада болған 2 «Г» сыныбы, **«Біздің Отанымыздың белгілі ұлдары»** 5-сынып оқушыларын Отанын, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата — бабаларымыздың өнеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, ата мекенін көздің қарашығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу. **Рақымжан Қошқарбаев** Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тіккен жалғыз қазақ. Тарихи ерлігін небәрі 21 жасында жасаған **«Ер есімі-Ел есінде»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Балалар және театр» жобасы бойынша мектебімізде **«Жастар театры»** балалар театры жұмыс жасайды. Жетекшісі Жунусова А.Х. үнемі оқушылармен тығыз байланыста болып, театр әлемімен өмір сүрді. Жоспарға сәйкес 2023 жылдың 28 желтоқсанында **«Алтын кілт»** қойылымы бастауыш сыныптарға қойылды. Сонымен қатар театр мүшелерімен **«Кейіпкерлер»** видеоролик, презентация көрсетілімі болып өтті. Мектепте ақпан айында **«Әділетті Қазақстан»** қойылымы бастауыш сыныптарына көрсетілді. Мектебіміз **«Армандастар»** қалалық шығармашылық байқауына қатысып, **«Жастар театры»** ұжымы жүлделі **3 орынды** иеленді. Ғайша рөлін сомдаған 11 сынып оқушысы Қасымқан Гүлім **«Бейнені үздік актерлік іске асыру»** номинациясын иеленді. **«Төрт тоқсан – Төрт өнер»** жобасының басты мақсаты балаларды ұлттық мерекелер, халықтық әдет ғұрыптар негізінде адамгершілікке тәрбиелеу, халықтың рухани игілігін мұра ету.

I тоқсанда **«Алтын сақа»** іс-шарасы ұйымдастырылды. Бұл іс шараның негізі әр сыныпқа асықты белгілі бір түске бояп, үнемі өздерімен бірге алып жүру қажеттілігін талап етті. Нәтижесінде оқушылар жауапкершілікке тәрбиеленеді, және үзілістерді тиімді пайдалану мақсатында асық ойындарын ойнады. **«Айтыс дегеніміз не?»** тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Жалпы 32 сынып сағаты. Қатысқандар саны: 607. Республика күніне орай домбырашыларымыздың өнері тамашаланды. Қатысқандар саны: 25.

II тоқсанда **«Киелі домбыра»** іс-шарасы бастау алды. Халқымыздың асыл мұрасы, киелі домбырамызды оқушыларға насихаттау. Мектепшілік күйлер, әндер сайысы өткізілді. Мектептің акт залында 5-6 сыныптарға ақындар айтысынан үзінді көрсетілді. Қатысқандар саны: 75.

III тоқсанда «Ұлттық өнер» көрмесі жүзеге асырылып жатыр. Көрменің мақсаты оқушыларымыздың бойындағы ептілік, шеберлік қасиеттерін дамытып, өнерге баулу. Мектебіміздің 1-қабатында оқушыларымыздың қолөнерлерінен көрме ұйымдастырылып, көрсетілді.

IV тоқсанда «Мектеп жетістіктері» фестивалі өтті. Мақсаты: Жыл бойы жеті қырлы бір сырлы болған белсенді оқушыларымызды марапаттап, алғыс білдіру.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында әр айға бекітілген құндылықтар бойынша сабақтар мен сынып сағаттары ұйымдастырылды.

Қыркүйек айы-ынтымақтастық айы болып белгіленіп, мектеп, ата-ана және оқушы үштік одағы арасында түрлі іс-шаралар жүргізілді. Мұндағы мақсат: ата-аналар мен мектеп арасындағы көпірді жандандыру. Қазан айында – құрмет (рақым) айы өткен болатын. Бұл айда сыныптарда Отанға құрмет құндылығы бойынша сынып сағаттары, мұғалімдерге, мектеп қызметкерлеріне жақсы көңіл күй сыйлау мақсатында «Күлкі сыйлау» акциясы, оқушыларды туған жерін, туған елін ардақтауға үйрету мақсатында 9 А сынып оқушылары «Республика күнін», мұғалімге деген сыйластықты арттыру мақсатында 11 сынып оқушылары Мұғалімдер күнін, мектеп психологтары ұйымдастыруымен «Адал дос пен амал дос» тренингі, бастауыш сынып оқушылары арасында «Нөлдік төзімділік» акциясы өткізілді. Келесі қараша айы – жауапкершілік (талап) айы болды. Бұл айда оқу ісі жөніндегі орынбасары ұйымдастыруымен мұғалімдер арасында «Істегісі келетін адам – мүмкіндік, істегісі келмейтін адам – сылтау іздейді» коучингі, «Екінші болма» кітабын оқып, «Жауапкершілік бингосын» үздік орындаған мұғалімдер мадақталды, оқушылар арасында «Балаға күнде 1 сағат көңіл бөлу», «Аманат» асық беру, «Бір күн қолдау» асханада кезекшілік атқару, «Гүл өсіру» акциялары ұйымдастырылды. Желтоқсан айында – Патриотизм (терең ой) айы өтті. Әр дүйсенбі сайын мектеп жиынында патриоттық әндер челленджі өткізіліп, «Батыр партасы» іс-шарасы ұйымдастырылды, мақсаты оқушылардың бойында ерлік, батылдық, қайсарлық қасиеттерін қалыптастыру. Өзін-өзі басқару ұйымының жетекшілігімен оқушылар арасында «Мен-патриотпын» сұрақтар қою акциясы өткізілді. Қаңтар айында оқушылардың бойындағы Адалдық құндылығын арттыру мақсатында тәрбиелі істер атқарылды. Ақпан айы – Әдептілік (талап) айы деп таңдалды және өткізілетін іс-шаралар бойынша жоспар құрастырылды. Алдағы айларға да түрлі құндылықтар бөлініп, өзінің жұмысын жалғастырады.

«Ата – аналарды педагогикалық қолдау» жобасы аясында мектебімізде ата-аналар академиясы құрылды. Ата-ана мен сынып жетекші біріккен сынып сағаттары өткізілді, мұндағы мақсат мектеп өмірін ата-ана көзімен бақылау. Отбасы тәрбиесі бойынша ата-аналарда сұрақтар туындап жатырса, мектеп әкімшілігі мен психологтары үнемі қол ұшын соза білді. Ата-аналардан құралған «Даналық» мектебі, мектеп ата-аналарына қолдау көрсетіп отырды және өздерінің тәжірибелерін ортаға салып, ойларымен бөлісті. Осы жоба бойынша ата-аналарды қолдау орталығы ашылып, түрлі іс-шаралар талқыланып отырды.

«Жасыл мектеп» экологиялық клубтың мақсаты табиғатқа деген жауапкершілік қатынасты қамтамасыз ету, әр оқушының бойында экологиялық білімді қалыптастыра отырып, денсаулықты қорғауға, табиғат байлықтарын ұтымды пайдаланып, жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу. Мектебімізде арнайы «Жасыл мектеп» қабырғасы безендіріліген. Ол жерде мектеп оқушыларының табиғатқа көзқарастарын сипаттайтын суреттер ілінген.

«Baby fox» би тобы жетекшісі: Бешимова К.К. мектебіміздегі биші қыздарымыздан құралып, үнемі өз өнерлерін мектебіміздегі іс-шаралардың барлығында және түрлі қалалық, облыстық, республикалық би байқауларында өнер көрсетіп жүр. Бұл би үйірмесіне балалар қызыға қатысады. Халықаралық «Танцуют все» шығармашылық конкурсынан бас жүлде, республикалық «Fantastik talent» шығармашылық конкурсынан жүлделі 1 орын, Халықаралық «Dance mania» шығармашылық байқауынан жүлделі 1 орын.

«Жас жол серіктері» клубының негізгі мақсаты оқушыларға жолдағы өмір қауіпсіздігін насихаттайды. Әртүрлі оқыс оқиғалардың алдын-алу мақсатында ашық үзілістер өткізіліп, жарақаттың түрлерімен таныстырады және практикалық тұрғыда алғашқы көмек көрсетеді.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының басты мақсаты - мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік – педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыру.

Осы мақсатта мына төменде келтірілген жұмыстар жүзеге асырылуда: жетім және жартылай жетім,көп балалы, аз қамтылған отбасыларынан шыққан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, денсаулығына байланысты үйден оқытылатын оқушылар мен ерекше білімді қажет ететін балаларды әлеуметтік қолдау және әлеуметтік зерттеу жұмыстары.

Мектепте 2023-2024 оқу жылының тамыз айының 29 жұлдызында бекітілген бұйрыққа сай, мектеп әдістемелік бірлестік отырысында әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары қаралып бекітілді.

I. Мектептің әлеуметтік паспортын жасау

Мектеп оқушыларының және отбасыларының әлеуметтік статусы анықталды. Тізімдері жасалынды.

Әлеуметтік қамқорлықтағы барлық оқушылар кітаппен қамтамасыз етілді. Сынып тізімдері алынып, мектеп оқушыларының әлеуметтік картасы және картатекасы жасалынды.Соның ішінде: жетім және ата ана қамқорлығынсыз қалған оқушылардың, көп балалы отбасы балаларының, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларының және үйде оқытылатын оқушылардың тізімі жасалынды. Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың ПМПК қорытындылары жинақталып т.б. жұмыстар жүргізіліп анықталды.

2023-2024 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік құжаты Қазақстан Республикасы оқу-ағарту Министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 сәйкес жасалынды.

2023 жылдың 01 тамыз – 31 қыркүйек аралығында Мектеп директоры О. Б. Баяхметованың бұйрығымен «Мектепке жол» акциясын өткізу жөнінде ұйымдастыру шараларымен жауапты адамдар штабы қалыптастырылып, бекітілді. «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шаралар жоспары әзірленді. Білім алушылардың арасынан көмекке мұқтаж балалардың деректер банкі қалыптастырылды. «Мектепке жол» акциясы аясында балаларға қайырымдылық көмек көрсететін демеушілер атынан 29 балаға, 568500 тг көлеміндегі материалдық азық-түлік, киім-кешек түрінде көмек көрсетілді.

Акция «Мектепке жол»

№	Жылдар	Оқушылар саны	Сомасы
1	2023-2024	25	447000
2	2024-2025	12	368500
3	2025-2026		

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының « Қостанай қаласы білім бөлімінің №10 жалпы білім беретін мектебі » 7-ші шағын аудан 25/2-ші үй мекенжайы бойынша орналасқан. 2023-2024 оқу жылының оқушылар санының көрсеткіші:

1-11 сыныптағы оқушылар саны- 614

- МС тәрбиеленушілері- 50

Мектепте оқитындар:

- 1-4 сыныптар – 258 оқушы
- 5-9 сыныптар – 277 оқушы
- 10-11 сыныптар – 72 оқушы

Оқу жылының басында сынып жетекшілермен, ата-аналармен әлеуметтік қызмет жүргізіліп, оқушылар төменде көрсетілген категорияларға бөлінді:

1. Аз қамтылған отбасы балалары (**АӘК алатын оқушылар**) - **9**
2. Аз қамтылған отбасы балалары - **0**
3. Қорғаншылықтағы, Қамқоршысындағы, жетім балалардың тізімі- **2**
4. Дамуында ауытқуы бар балалар – **0**
5. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар - **0**
6. Мектепте тіркелген - **0** және Қостанай қаласы АКАО-на тіркелген балалар - **0**
7. Дисфункционалды отбасы - **0**
8. Көп балалы отбасы–55, оның ішінде № 10 негізгі мектебінде оқитындар- 86
9. Сенім хатпен тұратын оқушылар – 12
10. Өгей әке немесе өгей анамен тұратын оқушылар - 16

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін Мемлекеттік білім беру ұйымдарының Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік

атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы, мектептегі әлеуметтік қорғалмаған отбасы білім алушыларына мемлекеттік қызмет көрсету бойынша 2023 жылдың жазғы мезгілінде тамыз айлары бойынша бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында белгілі санаттары бойынша бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша құжаттар қабылданды. Тамыз айында 11 білім алушыға мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның ішінде 6 – АӘК алушы отбасынан шыққан білім алушылар, 1 – патронат, 1- қамқоршысынан айрылған білім алушыға, 3- өзге санат бойынша мемлекеттік қызмет көрсетілді. Қыркүйек айында 6 білім алушыға мемлекеттік қызмет көрсетілді; 2- АӘК алушылар, 4 – өзге санатқа жататын білім алушылар. Қараша айында АӘК алушы отбасына жататын 1 – білім алушыға мемлекеттік қызмет көрсетілді. Жалпы бірінші жарты жылдықта барлық саны 17 білім алушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп, мемлекеттік қызмет көрсетілді. Бір оқушы №181 бұйрық бойынша 01.11.2023 ж Абай атындағы ЖББМ ауысты.

2023 жылдың қыркүйек айында мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Әлеуметтік қорғаудағы балалардың тегін тамақтану тізіміне жекелеген санаты бар 18 оқушы енгізілді. Аталған тізімдегі 8 бала «атаулы әлеуметтік көмек алушы» отбасынан шыққан балалар болып табылады. Тегін тамақтанатын білім алушылар тізіміндегі 12 бала – көпбалалы отбасынан. 1 бала – қамқорлықтағы оқушы, 1 бала – патронат тәрбиеленушісі.

1. Аз қамтылған отбасы балалары (АӘК алатын оқушылар) - 9
2. Қорғаншылықтағы, Қамқоршысындағы, жетім балалардың тізімі- 2
3. Басқа санаттағы – 7

Үш жылдағы тегін және субсидияланған тамақтану бойынша салыстырмалы талдау

№	Жылдар	Оқушылар саны
1	2023-2024	18
2	2024-2025	28
3	2025-2026	11

"Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің мынадай санаттарына:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;
- 2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;
- 3) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға;
- 4) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;
- 5) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына қаржылық және материалдық көмек көрсету тәртібін айқындайды.

Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының алқалы басқару органы болып табылады.

2024 жылдың мамыр айында 18 оқушыға жалпы оқыту қорынан 781326 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілді. 2024 жылдың мамыр, маусым, айларында қала сыртындағы және мектеп жанындағы жазғы лагерьге жалпы 13 білім алушыға мемлекеттік қызмет көрсетілді, 7- АӘК алушы, 1 – орташа деңгей күн көріс табыс көзі төмен отбасынан шыққан білім алушы. 1 – қамқорсыз, қамқоршысынан айрылған, 4 – өзге санаттағы білім алушыларға жолдама берілді. 7 білім алушыға мектеп жанындағы лагерьге жолдама берілсе, 6 оқушыға қала сыртындағы Көкшетау қаласындағы «Чайка» лагеріне жолдама берілді.

Денсаулықты жақсарту бойынша үш жылдағы салыстырмалы талдау

№	Жылдар	Мектеп алды жазғы алаңы	Қала сыртындағы сауықтыру лагері
1	2023-2024	1	12
2	2024-2025	7	6
3	2025-2026	-	-

Жалпыға бірдей білім берудің міндетті қорынан қаржылай көмек көрсету бойынша үш жылға салыстырмалы талдау

№	Жылдар	Оқушылар саны	Сомасы
1	2023-2024	18	781326
2	2024-2025	28	1294384
3	2025-2026	-	-

II. Бала құқығын қоғау жұмыстары

2023-2024 оқу жылының басы «Бала құқықтары туралы Конвенция» тақырыбында ақпараттық дәріс сабағы өткізумен басталады.

Мектепте сонымен қатар бала құқықтарын қорғау саласында әр сыныпта әр аптаның сейсенбісі күні құқық сабағы өткізіледі. Тәрбие жұмысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын басшылыққа ала отырып, мектебімізде тәрбие жұмыстары жүргізілді. Оқу жылындағы барлық іс-шаралар тәрбиенің негізгі бағыттарын қамтып, сынып сағаттарының, жолда жүру ережесін сақтау іс-шараларының жоспарына енгізіліп, 1-11 сыныптарға арналған тәрбие жұмыстарының жылдық жоспары жасалып бекітілді, kundelik.kz-тен енгізіліп, жүйелі түрде кестесі көрсетілді. Жыл бойы тәрбие жоспары бойынша бірқатар іс-шаралар өткізілді. Тәрбие бағыттарының тақырыптық негіздеріне байланысты іс-шаралардың және сынып сағаттарының орындалуы жөнінде:

№	Құндылықтар	Іс-шаралардың саны	Сынып сағаттарының саны
1	Ұлттық мүдде	21	43
2	Ар-ұят	15	20
3	Талап	13	41
4	Акциялар	5	—
5	Экскурсиялар	7	—

Бұл іс-шаралардың барлығы да уақытылы қорытындыланып, талдауы жасалып, ұсыныстар берілді. Барлық іс-шаралар туралы ақпараттар дер кезінде мектеп сайты мен инстаграм, фейсбук парақшаларына жүктеліп, көпшілік назарына ұсынылды.

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс.

Қостанай қаласы ПБ ОПБ ЖПҚБ ЮПБ инспектор полиция капитаны Д.А.Карсакпаева, Қостанай қаласы Полиция басқармасы Оңтүстік полиция бөлім бастығының тергеу жөніндегі орынбасары полиция подполковнигі Бауржан Аубакиров, Қостанай қаласы Полиция басқармасы Оңтүстік полиция бөлім бастығының тәрбие және кадр жұмысы бойынша орынбасары полиция майоры Ербол Абдеев қатысуымен №10 жалпы білім беретін мектебінде 8-10 сыныптар арасында «Кәмелетке толмағандардың әкімшілік қылмыстық жауапкершілігі», «Интернет алаяқтық» тақырыбына профилактикалық дәріс өткізді. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы Экстремистік идеологияға қарсы іс-қимыл бойынша ҚАЖ мамандарын даярлау орталығының бастығы полиция подполковнигі Тұйғанов Мырзабек Сардарбековичтің қатысуымен "Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет" тақырыбында дәріс өтті.

СӨС басшысы А.К.Садвакасовамен дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күніне орайластырылған "Туберкулездің алдын алу. Тәуекел факторлары және салауатты өмір салтын насихаттау" тақырыбында 7 сыныптарға арналған онлайн вебинар болып өтті.

Террористік акт жасау мүмкіндігінің алдын алу және жолын кесу, жалған терроризмнің алдын алу мақсатында "Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының" Қостанай қаласының білім

бөлімінің №10 жалпы білім беретін мектебі" КММ-де мектеп ұжымымен Қостанай облысы полиция департаментінің ПБ аға жедел уәкілі полиция подполковнигі А.К. Бапиновпен 2023 жылғы 31 Қазанда "жалған терроризм" тақырыбында дәріс өткізілді. Әнгімелесу барысында ТЖ туындаған кезде, күдікті зат табылған кезде, білім беру ұйымдарында терроризм актілерінің алдын алу бойынша іс-қимыл алгоритмімен таныстырды. Қостанай қаласы ПБ ОПБ ЖПҚБ ЮПБ инспектор полиция капитаны Д.А. Карсакпаева 2023 жылдың 23 қазанында мектептің акт залында 8,9,10 сынып оқушыларымен балалар қылмысы. Кәмелетке толмағандарға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстардың алдын алу және жолын кесу" тақырыбында дәріс өткізді. Кәсіби 2024 жылдың 28 ақпаны күні болашақ түлектеріміз 11 сынып оқушылары ҚР ПМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясына "Ашық есік күніне" барып қайтты. Академияға оқуға түсудің қыр-сырымен танысып, курсанттық өмірдің қызықтарына куә болды. Юстиция майоры Т.Б. Касымов пен юстиция аға лейтенанты Б.С.Кошкинбаев ҚР ПМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясына оқуға түсудің жолдарын айтып, оқушыларды ҚР патриоттары ретінде Қазақстан Республикасына қызмет етуге шақырды.

Құқық қорғау органдарында профилактикалық мақсатта және мектепшілік бақылауда тіркелген оқушылардың салыстырмалы талдау

№	Жылдар	Мектепшілік бақылау	Қалалық құқық қорғау органдарында тіркелген
1	2023-2024	3	3
2	2024-2025	1	0
3	2025-2026	1	0

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы

ПБ қызметкерлерімен бірге рейд жұмыстары өткізілді. Нәтижесінде, қаңғыбастыққа бейім оқушылар анықталынған жоқ. Кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылықтың алдын- алу мақсатында, қараусыз, қадағалаусыз панасыз қалмаулары туралы ата-аналарға ақпараттық жұмыстар болып өтті. Сынып жетекшілерімен де осы аталған мақсаттағы алдын-алу шаралары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге, тоқсан сайын оқушылардан зорлық-зомбылықтың және нашақорлықтың алдын-алу бойынша сауалнамалар алынып, қорытындылары жасалынды.

V. Білім алушылардың ата-аналарымен профилактикалық жұмыс

Ата-аналармен профилактикалық жұмыс. 2023-2024 оқу жылында әртүрлі санаттағы отбасылармен профилактикалық жұмыс жасалды. Соның ішінде қамқорлықтағы балалар мен жартылар жетім балалар, көп балалы тұрмысы төмен отбасылар, сәтсіз отбасылар, жалғыз басты әке және жалғыз басты аналар, соның ішінде өгей әке мен өгей аналарымен тұратын отбасы балалардың ата-аналарымен жұмыс жасалды.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында жалпы ата-аналар жиналысында «Дұрыс тамақтану- денсаулық кепілі!» тақырыбында ата-аналармен профилактикалық жұмыс жүргізілді. Жиналыста тегін ыстық тамақ туралы мәліметтер берілді, қандай құжаттар тапсырылу керек екендігі түсіндірілді.

Мектебімізде барлығы - 607 оқушы.

1-4 сыныптар бойынша – 258 оқушы.

5-11 сыныптар арасында - 327 оқушы

МАД сыныптарында – 50 бала

Тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасылармен және көп балалы отбасылармен жұмыс.

Әр отбасымен тығыз байланыста болып, әртүрлі жұмыстар жүргізілу барысында, тегін ыстық тамақтануға құжаттар тапсырылды. Сонымен қатар «Мектепке жол» бағдарламасына ұсынылып, көмек көрсетілді.

Толық емес азаматтық некедегі отбасылармен жұмыс.

Барлығы 16 отбасына рейд жасалынып, ата-аналарымен әңгіме жүргізілді. Комиссия мүшелері мен сынып жетекшілері, ата-аналардың қолы қойылды. Нәтижесінде 1 отбасының тұрмыс жағдайы төмен болып шықты, бірақ отбасы қарым- қатынасы жақсы. ПБ тіркеуде тұрған отбасылар жоқ.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыс.

2 отбасының үйін аралап, құндылық тақырыбымен жұмыстар жүргізілді. Балалардың шығармашылық жұмыстарымен танысып, оқушылардың, ата-аналардың жұлдызды сәттерімен таныстық.

Туысқандарымен тұратын 12 оқушының ата-аналарымен хабарласып, жеке түсіндірме жұмыстары жүргізілді және де ата-ананың өтініші мен сенім хаттары алынды.

«Өмір қауіпсіздік негіздері» 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары міндетті оқу курсына зерделеу

Өмір қауіпсіздігін сақтау және қайғылы оқиғалардың алдын алу бойынша жоспарлы түрде жұмыс жүргізіледі. Өрттен сақтану, кабинеттерден өрт болған жағдайда далаға шығу бойынша жыл сайын жаттығулар өткізіледі. Қосымша есіктерді пайдалану жолдары көрсетіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде 2023-2024 оқу жылдарында 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» жүргізілді.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу курсының аясында кіріктіріліп оқытылады; 1-3- сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағат көлемінде бастауыш сынып мұғалімдері жүргізді. 1-сыныпта «Қауіпсіздік», «Көше кездейсоқ жағдайларға толы», «Судағы қауіпсіздік», «Ғимараттағы қауіпсіздік» тақырыптары, 2-сыныпта «От-адамның досы және жауы», «Қауіпсіздік», «Табиғат», «Су қоймасы», «Оқушылар тәртібінің көшедегі және жолдағы негізгі ережесі», «Практикалық қауіпсіздік сабағы, 3- сыныпта «Төтенше жағдай-бұл не?», «Тұрмыстық жарақатты болдырмау жолдарын ескерту», «Оқушылар тәртібінің көшедегі және жолдағы ережесі», «Жаяу жүргінші қауіпсіздігі», «Судағы қауіпсіздік», «Өмір қауіпсіздігі туралы практикалық сабақ», 4-сыныпта «Тұрмыстық жарақат болдырмау жолдарын ескерту», «Судағы қауіпсіздік», «Жаяу жүргінші қауіпсіздігі», «Сіз жолда жүру ережесін білесізбе?», «Кіші мектеп жасындағы балалардағы сынықтың негізгі түрлері және алғашқы медициналық көмек», «Денсаулыққа әсер ететін факторлар», «Оқушылар тәртібінің көшедегі және жолдағы ережесі», «Практикалық сабақ» тақырыптарында өтті.

2024-2025 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2-та- рау 25 бөлімі негізінде 1-3 сыныпқа - 6 сағат, 4- сыныпқа 10 сағат «Дүниетану» оқу пәніне кіріктіріп бастауыш сынып мұғалімдері жүргізеді. 1- сыныпта «Қауіпсіздік», «Көше кездейсоқ жағдайларға толы» сағаты-2 сағат жиыны 3 сағат I жартыжылдыққа, «Судағы қауіпсіздік», «Ғимараттағы қауіпсіздік», «Практикалық сабақ» яғни 3 сағат II жартыжылдыққа, 2-сыныпта «Қауіпсіздік», «От адамның досы және жауы», «Оқушылар тәртібінің көшедегі және жолдағы ережесі» тақырыптары I жарты жылдыққа, «Табиғат», «Су қоймасы», «Практикалық қауіпсіздік» сағаттары II жарты жылдыққа, 3-сыныпта «Төтенше жағдай- бұл не?» 2 сағат I жартыжылдыққа, «Тұрмыстық жарақаттанудың алдын алу» /2 сағат/, «Оқушылардың жолдағы және көшедегі өздерін ұстаудың негізгі қағидалары», «Қауіпсіздікке арналған практикалық сабақ» II жартыжылдыққа, 4-сыныпта дүниетану пәніне кіріктіріліп 10 сағат жоспарланып жүргізілуде.

Бастауыш сынып мұғалімдері дүниетану пәнін оқыту кезінде өмір қауіпсіздігі негіздерін негізге ала отырып, балаларға қауіпсіздік әліппесінен бастап үйретеді.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) негізінде, 2023-2024 оқу жылдарында 5-9 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» жүргізілді.

5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктеме- сімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылды және тақырыптары әр жылда күнтізбе- лік жоспарларына жазылып, электронды журналда жазылды.

2023-2024 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті

стандартының» 3- тарау 56-6 бөлімі негізінде әр сыныпқа 15 сағаттан беріліп, күнтізбелік жоспарға және журналға тақы- рыптары жазылды.

2024-2025 оқу жылы

1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4- сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

«Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесі- мен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі 10-11 сыныпта 12 (16) сағат « Өмір қауіпсіздік негіздері» сабақтары өтіледі.

2025-2026 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жал- пы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыз- дағы № 348 бұйрығының негізінде және "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №194 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырындағы №123 бұйрығымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы атауы өзгерді) «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде 1-4 сыныптарда және 5-9 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» жүргізіледі. 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4- сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. » Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыз- дағы № 348 бұйрығының «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 3- тарау 56-6 бөлімі негізінде әр сыныпқа 15 сағаттан беріліп 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылды және тақырыптары әр жылда күнтізбе- лік жоспарларына жазылып, электронды журналда жазылды.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы іске асыру

2023-2024,2024-2025,2025-2026 оқу жылдарында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жал- пы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыз- дағы №348 бұйрығының 2 қосымша, 2-тарау 26 бөлімі негізінде "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны басшылыққа алынып 1-4 сыныптарда 6 сағаттан, 5- 8 сыныптарда 10 сағаттан берілді.

1-8-сыныптарға арналған сабақтардың үлгілік тақырыптары Біртұтас тәрбие бағдарламасына кіріктіріліп, жоспарға тақырыптары қоса беріліп, сол тақырыптар бойынша жолда жүру ережелері сыныптарда сынып сағаттары есебінен кіріктіріліп жүргізілді.

Жыл басында сынып жетекшінің жоспарымен бірге жолда жүру ережесінің тақырыптық- күнтізбелік жоспары жасалынып, бекітіледі. Мектепте сынып жетекшілеріне арналып арнайы «Жолда жүру тәртібі» бұрышы ұйымдастырылған. Сынып жетекшілер қауіпсіздік туралы теориялық білім беріп қана қоймай, практикалық тұрғыда да жұмыс жасайды.

Мектепте жол инспекторы «Балалардың жолдағы қауіпсіздігі» профилактикалық алдын-алу шарасы аясында мектеп оқушыларымен жолдағы қауіпсіздік туралы кездесу өткізіп, дәріс оқыды. Мектепте орналасқан жолда жүру ережелері алаңында оқушыларға жол белгілері туралы сұрақтар қойып, пікір алмасты. Жолда жүру ережесін практика жүзінде көрсетіп, бағыт-бағдар берді. Оқушылар жол белгілері туралы жақсы білетіндіктерін көрсетті. Оқыту және сыныптан тыс жұмыс процесінде оқушыларды көшелер мен жолдарда өздерін саналы ұстауға, жол қозғалысы ережелерін

мүлтіксіз орындауға тәрбиелеуге ықпал жасайтын қысқа метражды кинофильмдер, бейнефильмдер көрсетіледі. Мектепте викториналар, жүргіншілер мен велосипедшілер қозғалысы қауіпсіздігі жөнінен жарыстар ұйымдастырылып, мектеп оқушыларынан жасақталған «Жас жол инспекторлар» тобы жұмыс жасап мүшелері қатысып тұрады.

4) Оқушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін жиынтықта сыныптан тыс жұмыстардың әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі);

Мектептің тәрбие жұмысы жүйесінің маңызды буыны қосымша білім беру жүйесі болып табылады. Қалалық кітапхана, музыка және спорт мектептері, балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы сияқты облыстың мәдениет мекемелерімен белсенді ынтымақтастықта жұмыс жасап келеді.

Мектептің біртұтас білім кеңістігін қалыптастыру, білім сапасын арттыру және мектеп оқушыларының жеке тұлғасын дамыту үдерісін әртүрлі дамытушылық ортада жүзеге асыру мақсатында сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылады. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың шығармашылық және жеке қабілеттерін дамытуға, сонымен қатар оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға үлкен көмек көрсетеді және негізгі білім берудің тең, толықтырушы құрамдас бөлігі болып табылады.

Оқушылардың саналы кәсіби өзін-өзі анықтауына мектептің қосымша білім беру жүйесі ықпал етеді.

Жеке тұлғаны дамытудың келесі бағыттары бойынша сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылады:

Көркемдік-эстетикалық бағыт: хореографиялық, вокалдық, сурет салу, домбыра, театр жұмыстары;

Дене шынықтыру және спорт бағыты: «Баскетбол», «Волейбол», «Футбол», «Асық ойындары», «Тоғызқұмалақ», «Жүзу» секциялары;

Мектептегі үйірмелер мен спорт секцияларының қызметімен қамтылған балалар саны 607 адамды (100%) құрайды. Үйірмелер мен секциялардағы сабақтар сабақ кестесіне сәйкес келесі бағыттар бойынша жүргізіледі: шығармашылық музыка-театрлық іс-шаралар, интеллектуалдық іс-әрекеттер, клубтық қызмет (мүдделер қауымдастығы), үйірме жұмыстары, спорт секциялары.

Мектеп оқушыларының үйірмелерге, спорттық секцияларға, мектептен тыс жұмыстарға мүмкіндіктерін жүзеге асыруға және жұмысқа орналастыруға қолайлы жағдай жасалған.

2023-2024 оқу жылында үйірмелер мен секцияларға 423 оқушы, мектептен тыс 184 оқушы (барлығы 607 оқушы немесе 100%) қатысты. 2024-2025 оқу жылында үйірмелер мен секцияларға 328 оқушы, мектептен тыс 337 оқушы (барлығы 665 оқушы немесе 100%) қатысты. Биылғы 2025-2026 оқу жылында үйірмелер мен секцияларға 340 оқушы, мектептен тыс 284 оқушы (барлығы 624 оқушы немесе 100%) қатысты.

Салыстырмалы талдау көрсеткендей: мектептегі және мектептен тыс үйірмелер мен секцияларға оқушылардың жұмысқа орналасуы жыл сайын артып келеді.

Қосымша білім беру педагогтарының жұмысы қосымша білім беру мазмұнын жүйелі түрде жаңартуға бағытталған. Үйірмелер мен секциялар мүшелерінің жеткілікті санын атап өткен жөн. Үйірме жетекшілері балалардың қызығушылықтарын арттыруға және әртараптандыруға тырысады, бұл жарыстарда жақсы нәтижелерге әкеледі.

Оқушыларға арналған сыныптан тыс жұмыстардың қазіргі бағыты - мектептегі «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубы (жетекшісі Шүренова Г.К.).

«Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының пікірсайыс қозғалысы ұлттық мәдени-ағартушылық жобасын жүзеге асыру мақсатында іске асады. Оқушылардың аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатысуы өскелең ұрпақ – қоғамның болашақ көшбасшыларының белсенділік болашағын ашады.

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар болып табылады.

2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдарында мынадай жобалар іске асырылатын болады деп көрсетілген болатын.

1. «Мектептің өзін-өзі басқаруы»;
2. «Дебат» қозғалысы;
3. «Оқуға құштар мектеп»;
4. «Еңбегі адал жас өрен»;
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»;
6. «Балалар және театр»;

«Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру білім алушылардың командада жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға, қарама-қарсы пікірге құрметпен қарауға, өз көзқарастары мен пікірлерін белсенді қорғауға үйретуге мүмкіндік береді. Пікірсайыс қозғалысының мақсаты-қоғамда орын алған проблемаларды жария талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру.

Пікірсайыс қозғалысының міндеттері: білім алушылардың құқықтық мәдениетін, азаматтық белсенділігін, жауапкершілігін, шығармашылық және сыни ойлау, даулы жағдайларды дипломатиялық жолмен шешу қабілетін қалыптастыру; мәдени-танымдық және ағартушылық қызметтің инновациялық модельдері мен технологияларын пайдалана отырып, еліміздің әрбір өңірінде әрбір білім беру ұйымында, клубтарда пікірсайыс орталықтарын құру. Пікірсайыс қозғалысына қатысушылар ашықтық, жүйелілік, еріктілік, ізгілендіру, қолжетімділік, адалдық және әріптестерді құрметтеу қағидаттарын басшылыққа алады.

Дебат - бұл нақты құрылымдалған және арнайы ұйымдастырылған қоғамдық пікір алмасу, өзекті тақырыптар бойынша пайымдаулар, ой-пікірлер.

Жалпы дебаттық қозғалыстың мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық ұстанымды, өз және қоғам алдында өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қалыптастыру, елде байқалатын өзекті жағдайларды талдау және жария талқылау арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілетін дамыту.

Міндеттері:

1. Білім алушылардың бойында құқықтық мәдениетті, азаматтық белсенділікті, жауапкершілікті, шығармашылық және сыни ойлау, даулы жағдайларды дипломатиялық жолмен шешу қабілеттерін қалыптастыру;

2. Дебаттық қозғалысты насихаттау, қолдау және дамыту;

«Дебат» қозғалысына тоқталатын болсақ, біздің мектебімізде 2023-2024 оқу жылынан бастап, «Ұшқыр ой алаңы» пікірсайыс үйірмесі жұмыс істейді.

Мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық ұстанымды, өз және қоғам алдында өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қалыптастыру, елде байқалатын өзекті жағдайларды талдау және жария талқылау арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілетін дамыту.

Бұл пікірсайыс үйірмесінде жалпы 22 оқушы бар. Соның ішінде, өте белсенді түрде қатынасып жүргені 12 оқушы. Қалған 10 оқушы әлі көпшілік алдында ойын толық жеткізе алмайды, олар әзірге сөйлеу мәнерін, жалпы ойын Ережесін үйренуде.

Жалпы, қазан айынан бері аптаның сәрсенбі күні апта сайын оқушылармен жиналып, әртүрлі мәселелер туралы тақырыптарды қозғап, сол жайында ойларын ортаға салып, дебат ойыны этикетін сақтауды жаттығып үйренуде.

Жасөспірімдер әрқайсысы дебат- бұл білім алушылардың бойында сыни ойлауды, төзімділікті, шешендік шеберлікті, әртүрлі көзқарастарға құрметпен қарауды, командада жұмыс істей білуді қалыптастыратын қуатты құралы екенін мойындайтындықтарын айтып, өз ойларын ортаға салды. Жалпы, қатысушылар саны- 22, оның ішінде қатысқаны 12.

Сонымен қатар, «Оқушыларға мектеп формасын қатаң сақтаудың қажеттілігі бар ма?» және «Техникалық прогресстің дамуы пайдасынан гөрі зияны көбірек» айдарымен пікірсайыстар жүргізілді.

Бұл тақырыптағы пікірталастың негізгі мақсаты: оқушылардың сөз сөйлеу мәнерін, шешендік шеберліктерін арттыру және өз ойларын ашық айта білуге үйрету.

Міндеті: әрбір қатысушының нормативтік құқықтық актімен жұмыс жасауына ықпал ету, ізденіске итермелеу.

Сонымен қатар, «Жастарда патриоттық рух бар ма?» тақырыбындағы пікірсайыстың мақсаты: оқушылардың патриоттық, ұлтжандылық қасиеттерге, тарихи құндылықтарға деген ойларын дамыту.

Мысалы, «Оқушыларға мектепте оқығысы келетін пәндерді таңдауға рұқсат беру керек», «Қазақстандағы бүгінгі таңдағы ең басты мәселе», «Қазақ азаматтарының басқа ұлт өкілдерімен неке қиюы қате». Қарастырылған тақырыптар күрделі болғанымен, пікірсайысқа қатысушылар дебат этикетін сақтай отырып, өздерінің келтірген фактілерін дәлелдей білді. Қатысушылар көрсеткен шеберліктеріне байланысты, пікірсайыс соңында оқушылар марапатталды. «Дебат» қозғалысы бойынша оқушылармен жұмыстар алдағы уақытта да жүргізіле береді.

Үйірме және секциялық жұмыстың тиімділігі:

Оқу жылы	Жұлделер саны			
	Қалалық деңгей	Облыстық деңгейі	Республикалық деңгейі	Халықаралық деңгейі
2023-2024	29	4	7	4
2024-2025	32	7	8	5
2025-2026 1-ші жартыжылдық				
Жалпы саны	61	11	15	9

Зерттелетін кезеңде (2023-2024 оқу жылы) республикалық және халықаралық деңгейде жалпы көрсеткіш 6 жұлделі орынды құрады, бұл жалпы білім беретін мектептерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Зерттелетін кезеңде (2023-2024 оқу жылы) облыстық деңгейде жалпы көрсеткіш 19 жұлделі орынды құрады, бұл жалпы білім беретін мектептерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Зерттелетін кезеңде (2023-2024 оқу жылы) аудан деңгейіндегі көрсеткіш 21 жұлделі орынды құрады, бұл жалпы білім беретін мектептерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Би үйірмесі 2023-2024 оқу жылының жоспары бойынша жұмыс жасап келеді. Жылдық жоспарымыз бойынша жұмыстарымыз атқарылды. Алға қойған мақсатымыз толығымен орындалды деп білемін. Биылғы оқу жылында қабылданған бала саны 53 болды. Осы жылдың ішінде көптеген оқушылардың бойындағы дарындылығын ашып, жаңа өнер жолына тәрбиеленді. Биылғы жылы 3 топ болып бөлінді. «Drive» үлкен тобы және «Baby fox» 1 тобы және «Baby fox» 2 тобы.

2023-2024 оқу жылы балалардың қатысқан байқаулары:

Қостанай қаласы білім бөлімінің балалар шығармашылық мектебімен ұйымдастырылған «Tobyl tolqyndary» хореографиялық байқауға қатысып «Drive» би тобы – 3 орынға ие болды.

EVENT академия счастья ұйымдастыруымен «Fantastic Talent» республикалық шығармашылық байқауға қатысып, «Baby fox» 1 тобы – 1 орынға ие болды.

XIX Халықаралық хореографиялық «ТАНЦУЮТ ВСЕ» байқауына қатысып, «Baby fox» 1 тобы- «Бас жүлде» ие болды.

Қостанай қаласында халықаралық «Dance Mania» хореографиялық байқауға қатысып, «Baby fox» 2 тобы – 2 орынға ие болды.

«Адал ұрпақ» - "Қостанай қаласы білім бөлімінің №10 жалпы білім беретін орта мектебі" «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының 2023-2024 оқу жылындағы іс –шаралар жоспары бойынша атқарылған жұмыстарының есебі бойынша 2023-2024 оқу жылына «Адал ұрпақ» үйірмесінің іс-шаралар жоспары бекітіліп, жұмыстар жасалды. Клуб мүшелері жасақталды.

Жыл басында «Адал ұрпақ» үйірмесіне арналған жылдық жоспар бекітілді. Жоспар бойынша клуб жетекшісі Ерманова Айгул Боранбаевна бекітілді. Жоспарға сай үйірме мүшелері тағайындалды. Үйірме мүшелері жоспарға сай бекітілген жұмыстарын уақытында орындап отырды. Қыркүйек айында- «Адал ұрпақ қандай болу керек» дебат турнирі өткізілді. Өскелең ұрпақ сыбайлас жемқорлықтан аулақ болу үшін мектеп қабырғасынан бастап тәрбиені осы бағытта беру маңызды. Осы орайда «Адал ұрпақ қандай болу керек» тақырыбында дебат турнирі өткізілді.

«Сыбайлас жемқорлықтың құқық бұзушылық картасы» оқушылар арасында әлеуметтік жарнама сайысын өткізді. Әлеуметтік жарнама сайысының мақсаты: жастар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ортаны қалыптастыру болып табылады.

Қыркүйек айында- «Парасатты азамат» бұрышы мектептің кіреберіс дәлізіне орналасқан. Бұрыштың мақсаты: жас ұрпақты Отан сүйгіштікке, азаматтылыққа, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметпен қарауға, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, еңбек сүйгіштікке, оқуға, еңбекке, өмірге жасампаздықпен қарауға, адалдыққа тәрбиелеу. Жоспарға сай әр үш бағыт бойынша жұмыстар атқарылды.

«Адалдық – ардың ісі» атты таңғы кездесу сағаттары өткізілді. Таңғы кездесу оффлайн оқитын сыныптарда адамдарға жақсылық ойлау, ондағы адалдық, әділдік, шыншылдық сияқты адами құндылықтардың алатын орны туралы бағыт беруге айқындалған. Олардың адамдар үшін адал өмір сүру, адалдық пен шыншылдыққа, әділдікке бағдарлай отырып, әдептілік ережелерін қадағалауды үйретеді. Кездесу соңында құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен талқыландырып тақырып бойынша сұрақтар қойылып, оларға тиісті жауаптар берілді.

«Қайырымдылық жасасаң, Қайырын өзің көресің...» қайырымды істер марафоны мектебімізде жәрмеңке түрінде өткізіліп, «Адал ұрпақ» үйірмесінің мүшелері толықтай ат салысты. «Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің», - демекші қандай қайырымды істер жасасаң да барлығы өзің үшін деп ата-бабамыз да мақал-мәтелдерде айтып кеткен.

«Қоғам құқықтық тәртіпті қолдайды» атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстел қорытынды жасап, оқушыларды құқықтық тәртіпті қорғауға және қоғамда құқық бұзушылыққа «нөлдік төзімділікті» қалыптастыруға байланысты әрі қарайғы жоспарларды талқылайтын диалог алаңына айналды.

«Мемлекет- бұл мен» тақырыбында оқушылар арасында рөлдік ойыны болып өтті. Қараша айында «Барлығымыздың Заң алдындағы теңдігіміз» атты тақырыпта Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы үйірме мүшелері арасында отырыста талқыланды. «Топ басшысын сайлау» сюжеттік-рөлдік ойыны Мақсаты: мемлекеттік қызметтің ерекшелігі мен қоғамда алатын орнын насихаттау, олардың әдеп ережелері мен міндеттері жайында толық түсінік беру, елге еңбегі сіңген мемлекеттік қызметшілерді үлгі етіп, жастарды білімділікке, қызметке адалдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Қараша айында- «Менің құқығым» тақырыбында суреттер байқауы өткізілді. Құқықбұзушылық, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеу, мәдениетті қалыптастырудағы отбасының рөлі туралы мәселелер қозғалды.

Желтоқсан айында- «Қазақстан құқықтық мемлекет» тақырыбында суреттер байқауы болды. Байқауға мектеп оқушылары белсенді ат салысты.

1-желтоқсан «Тұңғыш президент» күніне арналған мектеп көлемінде сынып сағаттары болып өтті. Оқушылардың патриоттық, көшбасшылық, отансүйгіштік қасиеттерін арттыру мақсатында арнайы сынып сағаттары болды.

«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» деген тақырыпта сынып сағаттары мен ашық сабақтар болып өтті. Акцияның негізгі идеясы , сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымдарын қалыптастыру болды. Клуб мүшелерінің жұмыстары әлі де жалғасын тауып, жұмыс жүргізілуде.

Желтоқсан айында- «Қазақстан құқықтық мемлекет» тақырыбында суреттер байқауы болды. Байқауға мектеп оқушылары белсенді ат салысты.

1-желтоқсан «Тұңғыш президент» күніне арналған мектеп көлемінде сынып сағаттары болып өтті. Оқушылардың патриоттық, көшбасшылық, отансүйгіштік қасиеттерін арттыру мақсатында арнайы сынып сағаттары болды. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» деген тақырыпта сынып сағаттары мен ашық сабақтар болып өтті. Акцияның негізгі идеясы , сыбайлас жемқорлыққа

қарсы ұстанымдарын қалыптастыру болды. Клуб мүшелерінің жұмыстары әлі де жалғасын тауып, жұмыс жүргізілуде.

Қаңтар айында- республикалық бірыңғай «Адалдық сағаты» сабағы өткізілді. Мектебіміздің 9- сынып оқушыларымен жүргізілген дөңгелек үстелге қонақ ретінде мектебіміздің ардагер ұстазы Т.С. Аутова, ауданымыздың ардагерлер ұйымының төрағасы М.С. Сейдалиев, аудандық заң және құқық бөлімінің заңгері шақырылып, өз ойларымен бөлісті, оқушылармен пікір алмасты.

«Адал ұрпақ» үйірмесінің мүшелерімен біріге отыры, Іші жарты жылдықтың қорытынды сабағын өткіздік « Заң – басты құқықтық акт» атты үйірме жетекшісі А.Б. Ерманованың дәріс сабағымен жылды қорытындыладық.

Жоспарға сәйкес «Адал ұрпақ» үйірмесінің жетекшісі А.Б. Ерманова «Азаматтар мүдделерінің құқықтық қорғалуы» тақырыбында үйірме мүшелеріне бейнеролик көрсетіп жан-жақты талқылады.

2024 жылдың қаңтар айында «Заңдық сауаттылықтың рөлі» тақырыбында үйірме мүшелері сауалнама алды. Сауалнама мақсаты: Бүгінде халықтың құқықтық сауаттылығы маңызды дүние. Әрбір азамат заң мен құқықтарын білуі керек.

Жоспарына сәйкес «Жемқорлық құқық бұзушылықтардың картасы» тақырыбында 9-11 сыныптар арасында жобалар байқауы өткізілді. Жобаны жоғары деңгейде қорғаған оқушылар жүлделі орындар мен марапаттарға ие болды.

«Біз өз ісімізге жауаптымыз» тақырыбында үйірме мүшелері арасында әңгіме өткізілді. Мақсаты: оқушылардың қауіпсіз мінез-құлық ережелері және қауіпті жағдайлардан шығу жолдары туралы білімдерін тереңдету және жүйелеу. Әңгімелесу барысында оқушылар өз іс-әрекеттері үшін заң алдында жауап беретіндіктерін және кез келген адам заңдарды бұлжытпай орындауы керектігін түсінді.

Үйірме мүшелері өз өнерлерін көрсету мақсатында Театрлық қойылым ұйымдастырды. Театр әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамыту мақсатында.

«Заңды білмеу – жауапкершіліктен босатпайды» тақырыбында кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау маманымен кездесу өтті. Мақсаты: кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оқушылардың құқықтық санасын тәрбиелеу. Білім алушыларда өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік сезімін, заңға құрметпен қарауды қалыптастыру.

«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз»! тақырыбында оқушылар арасында акция ұйымдастырылды. Акция мақсаты: оқушыларды адал жолмен жүруге, адалдыққа үйрету. Сыбайлас жемқорлық туралы қысқаша мағұлматтар беру. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

««Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ» тақырыбында 9-10 сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: «Адалдық», «Еңбек» адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру, еңбек етуге қызығушылықтарын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, адал, шыншыл болуға баулу.

Үйірме мүшелерінің арасында «Білгірлер мен білгіштер» атты сайыс өткізілді. Ойынның мақсаты: Қазақстан тарихы, Адам, Құқық, Қоғам, Дүниежүзі тарихы пәндерінен дарындыларды анықтау.

«Жемқорлық-қоғам мәселесі» және ««Жемқорлық –қоғам дерті» тақырыбында бейнероликтер түсірумен аяқтадық. Бейнеролик түсіру мақсатымыз: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылатынын айқындау.

11- сынып оқушыларының арасында «Менің құқығым және міндеттерім» тақырыбында зияткерлік ойыны өткізілді. Мақсаты: Оқушының міндеттері мен құқықтары туралы білу, өз міндеттері мен құқықтарын білуге үйрену. Қазақстанның болашағына үлесін қоса білетін білімді де, ізденімпаз ұрпақ болу.

Үйірме мүшелерінің ұйымдастыруымен «Транспарентті және есеп беретін мемлекет» бейнероликтер байқауы өткізілді.

Байқаудың басты мақсаты – қоғам алдында ашық және есепті мемлекет құруға бағытталған мәселелерді шешудегі Қазақстанның жетістіктерін көрсету. Байқауға қатысушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және құқық бұзушылықтың барлық түрлеріне «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыруға бағытталған жарнамалық роликтер түрінде шығармашылық жұмыстарын ұсынды.

Үйірме жетекшісі А.Б.Ерманованың басшылығымен үйірме мүшелерінің арасында «Біз бір-бірімізге жауаптымыз» тақырыбында іскерлік ойын өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды достық қарым-қатынасқа, бірін-бірі жақыннан танып-білуге, сыйлауға, достық сезімдерін ояту, мақсатымен жүргізіледі.

«Адал ұрпақ» үйірме мүшелері 8-9 сынып оқушылары арасында «Білгірлер мен білгіштер» сайысы өткізілі. Сайысты өткізу мақсаты: Білімді, ой-өрістерінің жан-жақты болуына үйрету; Білуге, үйренуге деген қызығушылығын арттыру; Жарысуға, жарыста жеңімпаз болуға ұмтылуын дамыту.

«Жасөспірім және оның еңбек құқығы Үй және көшедегі жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Кәмелетке толмағандар неше жастан бастап жұмыс істей алады? тақырыбы кеңінен талқыланып, оқушылар көптеген қажетті мәліметтерді түсінді. Мысалы атап кетер болсақ: Негізгі орта және жалпы орта білім алып жатқан 15 жастағы жасөспірімдер оқудан бос уақытта, денсаулығына зиян келтірмейтін, оқу процесін бұзбайтын жерлерде жұмыс істей алады;

Мамыр айында мектеп оқушыларына «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» бейнероликтер көрсетілді. Бейне ролик көрсетудің мақсаты: Оқушыларға “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру, өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту, өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту, өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

2023-2024 оқу жылың қорытынды іс-шарасы «Жемқорлық-қоғам дерті» тақырыбында үйірме мүшелері мен оқушылар арасында сурет байқауы өткізілді. Жеңімпаздарға алғыс хаттар мен сыйлықтар табыс етілді.

«Домбыра» үйірмесі

2023-2024 оқу жылында Домбыра үйірмесінің басты жасалынған жұмыстары:

- Жаңа оқу жылына оқушыларды қабылдау;
- Үйірме өтілу кестесін жасау;
- Әр топтың көркемдік жетекшілерін сайлау;
- Сыныптан тыс іс шара;

Домбыра үйірмесінің өтілу кестесі 3 топтың болды, сағат саны 16

Әр топтың көркемдік жетекшісі болып мына оқушылар сайланды:

Бірінші топ - Әлиева Жібек

Екінші топ - Асқарбек Еркелік

Үшінші топ - Байту Жансұлтан

«Киелі домбыра» атты үйірмесі жоспары бойынша жұмыс жасап келеді. Жылдық жоспарымыз бойынша жұмыстарымыз атқарылды. Алға қойған мақсатымыз толығымен орындалды деп білемін. Биылғы оқу жылында қабылданған бала саны 35 болды. Осы жылдың ішінде көптеген оқушылардың бойындағы дарындылығын ашып, жаңа өнер жолына тәрбиеледім.

Биылғы жылы балалардың қатысқан байқаулары:

12.11.2023 «GULNAR FEST» Халықаралық көп жанрлы байқауы Қостанай қаласында өткізілді. Осы байқауға «Киелі домбыра» үйірмесінің ішінен құрылған бірнеше топтарымыз қатысты.

«Қос қанат» атты топ осы байқаудан 1 дәрижелі марапатты иеленді.

Бұл топта қатысқандар: Алиева Жібек, Амангелді Томирис.

«Шабыт» тобы 1 дәрижелі марапатты иеленді

Қатысқандар: Байту Жансұлтан, Хасенғали Елнұр, Кулмуратова Нурай, Хамзин Амир, Қабден Алина, Карбаева Инкар.

«Домбыра дастан» тобы 1 дәрижелі марапатты иеленді.

Қатысқандар: Асқарбек Еркелік, Жұмабек Алдияр, Қайербекқызы Балжан, Амиртаева Алина, Торсан Айлана.

Ақпан айында Эстетикалық пәндер апталығына өтуіне байланысты «Киелі домбыра» үйірмесі өз тарапынан «Күй мұрасы домбыра» атты тағылымдық әдеби шығармашылық сыныптас тыс іс шарасын ұйымдастырған болатын.

Екі ішектің бірін қатты,

Бірін сәл - пәл кем бұра.

Нағыз қазақ, қазақ емес,

Нағыз қазақ Домбыра деп көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлі айтып жырлап кеткен бабамыздың қасиетті де, киелі домбырамызды, оқушыларға мол тарихқа толы күйлерімізді, домбыра аспаптарын, оның түрлері мен қатар. Домбыра аспабының құрлысына тоқталып, таныстырылып, көрсетіліп. Онымен қатар, домбыраның шығу тарихы, домбыра жайлы тың деректер айтылып, Құрманғазы, Дина, Тәттімбет т.б композиторларымызды таныстыра отыра, сол композиторларымыздың күйлері ойналды. Құрманғазының «Адай», «Балбырауын», Дина Нүрпейісованың «Науысқы», халық күйлерінен «Тепен көк», «Көк дөнен» сынды күйлер ойналды. Домбыра үйірмесінің оқушыларымен өткізілген бұл іс шарамыз жоғарғы деңгейде өткізілді деген жақсы мақтау сөздер айтылды.

05.05.2024 жылы Астана қаласында өткен «BRITISN GRAND FESTIVAL» Халықаралық көп жанрлы байқауына қатысып келдік. Бұл байқауда да біздің оқушылар үлкен дәрижелі орындарды иеленіп қайтты.

«Домбыра дастан» тобы 1 дәрижелі орынды иеленді.

Қатысқандар: Асқарбек Еркелік, Торсан Айлан, Қаирбекқызы Балжан.

«Шабыт» тобы 2 дәрижелі орынды иеленді.

Қатысқандар: Байту Жансұлтан, Кулмуратова Нурай, Хамзин Амир, Қабден Алина.

Карбаева Инкар

«Шашу» тобы 2 дәрижелі орын иеленді. Бұл оқушылар жылдың басында ғана қабылданған оқушылар. Осындай азғантай уақытта домбыраны меңгеріп, Астана қаласында өткен байқауға қатысып келді.

Қатысқандар: Салмухан Альяна, Жайнарбекұлы Нұрдәулет, Уранбасаров Бексұлтан.

2023-2024 оқу жылы 1-5 сыныптардың мектептегі психологиялық қызметінің мақсаты :

Оқушылардың білімге деген қызығуын және психологиялық денсаулығын жақсартуға ат салысу.

Негізгі міндеттері:

- балалардың жеке ерекшеліктерін, олардың мүдделерін, қабілеттерін, сезімдерін, қарым – қатынастарын дамыту;
- балалардың ата – аналарымен, құрдастарымен ашық араласуы үшін қолайлы психологиялық климат жасау;
- баланың тұлғасын әлеуметтендіру, оның құзыреттілігін дамыту;
- балаларға, сондай-ақ олардың ата-аналарына, тәрбиешілеріне, мұғалімдеріне қазіргі заманғы психологиялық

көмек көрсету;

- баламен жұмыс істегенде әр жастың даму мүмкіндіктерін іске асыру.

Іске асыру тәсілдері:

1. Диагностика
2. Түзету және дамыту жұмыстары
3. Алдын – алу жұмыстары
4. Психологиялық кеңе

Психологтің жұмыс жоспары мектеп жұмыс жоспарымен бірге келісілген.

Оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыру мақсатында психологтың күшімен педагогикалық ұжым, оқушылар, ата-аналар үшін төменде көрсетілген жұмыстар іске асырылды:

Іс-әрекеттерінің негізгі мазмұны және бағыттары (1-5 сыныптар)

Оқушылармен диагностикалық зерттеулер:

- 1,5 сынып оқушыларының бейімделу деңгейі;
- Оқушылардың ОЖСБ-ға дайындылығын анықтау
- Оқушылардың мектепке деген мотивациясын анықтау
- Оқушылардың алаңдаушылық деңгейін анықтау:

- Пономаренко Л.П. и Д. Лампенованың «Ағаш» әдістемесі
- М.А. Панфилованың «Кактус» графикалық тесті
- «Кездесу» графикалық тесті Замащикова Т.Е
- Оқушылардың танымдық қабілеттерін анықтау
- Оқушылар арасындағы қарым – қатынасты анықтау «Социометрия әдістемесі»
- Тұлғаның темперамент типін зерттеу
- Оқушылардың дарындылығын анықтау
- «Мектепке дайындығын анықтау» (МДС оқушылары)

Түзету, дамыту, алдын алу жұмыстары :


- коррекциялық-даму топтары;
- оқушының психикалық және тұлғалық дауымдағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту.
- тұлғаның психикалық және тұлғалық дауында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау, үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу.

2023-2024 жыл аралығында өткізілген 1, 5 сынып оқушылардың бейімделуі


Сынып: 1 сыныптар

Өткізілген уақыты: Қыркүйек, Ақпан

Мақсаты: Оқушылардың жаңа ортаға бейімделуін, қарым-қатынасын, әлеуметтік–психологиялық күйін зерттеу



Сауалнаманың нәтижесі бойынша 1 сынып аралығында оқушылардың бейімделуі қыркүйекте дезадаптация 1% болса, ақпан айында 17 % көтеріліп кеткенін көруге болады. Сол себепті сыныптағы оқушылардың қарым-қатынасын, әлеуметтік– психологиялық күйін және оқу статусын зерттеу үшін оқушылармен «Менің сыныбым» диагностикасы өткізілді.



«Менің сыныбым» диагностикасында 1сынып оқушыларының әлі де, ойын ұстанымында жүр деуге болады. Сынып жетекшілерге келесі кеңестер берілді:


- «Оқушы жалғыз» деңгейдегі оқушыларға сыныпта көбірек көңіл бөліп, қарым – қатынас деңгейін жақсарту;
- «Ойын ұстанымы» деңгейіндегі оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру;
- Мұғалімдер оқушылардың сабаққа барлығының қатысуын қадағалап отыру;

Сонымен қатар, оқушылардың мектепке тез бейімделіп кету үшін, олармен түзету – дамыту жұмыстары жүргізілді.

Сынып: 5 сыныптар

Өткізілген уақыты: Қыркүйек, Ақпан

Мақсаты: Сыныптағы оқушылардың қарым-қатынасын, әлеуметтік– психологиялық күйін және оқу статусын зерттеу



Сынып жетекшілерінің сынып оқушыларымен қарым-қатынасы жақсы деңгейде, оқушылар сабаққа көтеріңкі көңіл күймен келеді, сынып жетекшілерін ата-аналарынан кейінгі екінші орынға қояды, жақсы көреді. Сынып жетекшілері оқушылармен жексенбіде басқа апта күндерінің бәрінде түске дейін бірге болады. Оқушылармен жеке, топпен, жалпылама жұмыс жасайды. Оқушылардың мектепке бейімделуі қалыпты жағдайда деген қорытынды жасауға болады.

5 сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейі

Мектепте 2023-2024 оқу жылының сәуір айында 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделу мәселесіне байланысты арнайы психологиялық-педагогикалық диагностикалық тест жұмыстары өткізілді. Яғни, «Кездесу» әдістемесі. Барлығы тестке 52 оқушы қатысты. Бұл диагностикалық жұмыстың негізгі мақсаты 5 сыныпта оқып жүрген оқушылардың арасынан әлі де болса орта буынға бейімделе алмай жүрген балаларды анықтау, оларға психологиялық-педагогикалық көмек беру. Сонымен өткізілген әдістеменің нәтижесіне тоқталатын болсақ, төмендегідей. Яғни, «Кездесу» әдістемесі екі бөлімнен құрылатын, біріншісі оқушының жалпы бейімділігін, екіншісі оның әр түрлі пәндерге деген қатынасын анықтау болатын.

Енді, бірінші бөліміне тоқталатын болсақ:

1. «**Сенің ойыңша саған сынып жетекшің қалай қарайды?**» деген бірінші сұраққа 5 «А» сынып оқушыларының 67 % жақсы, 28 % орташа 5% оқушылар – мұғалім жақсы көрмейді деп, 5 «Б» сынып оқушыларының 77% жақсы, 23 % орташа, 5 «В» сынып оқушыларының 67% жақсы, 20 % орташа, ал қалған 13% оқушылар – мұғалім жақсы көрмейді деп жауап берді.
2. «**Сабақ барысында өздеріңді қалай сезінесіңдер?**» деген екінші сұраққа 5 «А» сынып оқушыларының 67% жақсы, 33% орташа, 5 «Б» сынып оқушыларының 92 % жақсы, 8 % орташа,

5 «В» сынып оқушыларының 40% жақсы, 53 % орташа, 7 % сабақта қобалжитындығын білдірді.


3. «Өзіңе деген көзқарасың қандай?» деген үшінші сұраққа 5 «А» сынып оқушыларының 71% ақылдымын, 19 % орташа ақылдымын, 10% өзіне сенімсіз, 5 «Б» сынып оқушыларының 92 % ақылды, 8% орташа ақылды,

5 «В» сынып оқушыларының 87% ақылдымын , 13 % орташа ақылдымын деп есептейді.

Оқушының жалпы бейімділігі


Кесте 1

5 "а" сынып	1. «Сенің ойыңша саған сынып жетекшің қалай қарайды?»	2.«Сабақ барысында өздеріңді қалай сезінесіңдер?»	3. «Өзіңе деген көзқарасың қандай?»
Жақсы	67%	67 %	71%
Орташа	28%	33 %	19%
Төмен	5%	0%	10%




Кесте 2

5 "Б" сынып	1. «Сенің ойыңша саған сынып жетекшің қалай қарайды?»	2.«Сабақ барысында өздеріңді қалай сезінесіңдер?»	3. «Өзіңе деген көзқарасың қандай?»
Жақсы	77%	92 %	92 %
Орташа	23 %	8 %	8 %
Төмен	0	12000 %00000000	0



Кесте3

5 "B"сынып	1. «Сенің ойыңша саған сынып жетекшің қалай қарайды?»	2.«Сабақ барысында өздеріңді қалай сезінесіңдер?»	3. «Өзіңе деген көзқарасың қандай?»
Жақсы	67 %	40%	87%
Орташа	20%	53%	13%
Төмен	13%	12777770007%0	0



Сонымен өткізілген тесттің бірінші бөлімінен жалпы оқушылардың сынып жетекшіге деген қатынастары жақсы екендігін байқауымызға болады. Тек 5«А» сынып оқушыларында 5%, 5 «В» сынып оқушыларында 13% оқушылар – мұғалім жақсы көрмейді деп жауап берді. Дегенмен 5 «В» сынып оқушыларының 7 % сабақта қобалжитындығын білдірді, өзіне деген сенімсіздік, өзіндік бағасы орташа деңгейдегі балаларды да көруге болады. Бұл дегеніміз мұндай сенімсіздік сабақтардың күрделенуі, мұғалімдердің әр түрлі әдістемелерінен болуы мүмкін деп те айтуға болады.

Ұсыныс:

- Әр бір сабақ барысында, сынып және тәрбие сағаттарында қарым-қатынас жасау түрлеріне, өзін- өзі ұстай білуіне, өзіне сыни көзқараспен қарай білуіне бағыттау;
- Бос уақыттарын тиімді пайдалануға үйрету. Оқушының жеке басын дамытуға, өзін толыққанды сезіне алуына мүмкіндік беретін сыныпшілік іс-шараларды ұйымдастыру;
- Коррекциялық жұмысты қажетсінетін балалармен жеке дара жұмыстар жүргізу.


2022-2023 және 2023-2024 оқу жыл аралығындағы оқушылардың мектептегі мотивациясының салыстырмалы көрсеткіші

Сынып: 1-5 сыныптар


Өткізілген уақыты: Қыркүйек, қазан, қаңтар, наурыз айларында алынды.

Мақсаты: оқушылардың мектепке икемделу деңгейін, икемделуінде қиындықтары бар балаларды анықтау.

2022-2023 оқу жыл аралығында оқушылардың мотивация деңгейін анықтауына байланысты 1-5 сынып оқушыларынан ,Н.Г. Лусканованың мектеп мотивациясын анықтауға арналған анкетасы 4 рет алынды.



Алынған сауалнаманың нәтижесі бойынша, 1 – 5 сыныптар оқушылар арасында қыркүйек айында 71 % мотивациялары жоғары болса, наурыз айында 58 % түсіп отыр.



2023-2024 оқу жыл аралығында оқушылардың мотивация деңгейін анықтауына байланысты 1-5 сынып оқушыларынан Н.Г. Лусканованың мектеп мотивациясын анықтауға арналған анкетасы 4 рет алынды. Былтырғы оқу жылымен салыстыратын болсақ, оқушылардың мотивациясы жыл басында (қыркүйек айында) 3 % дезадаптация болса, жылдың соңында жоғары деңгейде екенін көруге болады.


Оқушылардың ОЖСБ-ға дайындығы

Сынып: 4 сыныптар

Өткізілген уақыты: Қыркүйек, сәуір айында алынды.

4 сынып оқушыларынан ОЖСБ-ға дайындығын анықтау барысында оқушылардан қыркүйек айында тест алынды.

Тест 6 сұрақтан құралған. Барлығы 71(100%)оқушы, қатысқан 70 (98%) оқушы.




Дарындылық диагностикасының әдістемелері

Сынып: 1-5 сынып аралығында алынды.

Өткізілген уақыты: Қазан айында алынды

Мақсаты : Оқушылардың қабілеттері мен таланттарын жан-жақты аша-түсу үшін дарындылықтың ерекшеліктерін (түрі, деңгейі және т.б.)анықтап айқындау.

Дарындылық диагностикасының нәтижесі




Сауалнаманың нәтижесі бойынша 1-5 сынып аралығында оқушыларының спортқа деген қызығушылықтары ең көп екені анықталды.

Оқушылардың танымдық қабілеттерін анықтау

Сынып: 1-4 сынып аралығында

Өткізілген уақыты: Желтоқсан айында алынды

Мақсаты: Оқушылардың танымдық процесстерін анықтау




Алынған сауалнаманың қорытындысы бойынша, 1 -4 сынып оқушылар арасында ойлау қабілеттері жақсы дамыған.

Тұлғаның темперамент типін зерттеу

Сынып: 3-5 сынып аралығында

Өткізілген уақыты: Қаңтар айында алынды

Мақсаты: Оқушының темпераментін анықтау.



Нәтижесі:

3-5 сынып оқушыларының темпераменті анықталды. Тестіруге 167 оқушы қатысты.

Оның ішінен: сыныптың *Холерик типі*–13 %, *Сангвиник типі*– 41 %, *Флегматик типі*– 38 %, *Меланхолик типі* – 8 %.

Сынып оқушыларының неліктен сабақ үдерісінде тыныш немесе шулы болып отыратындығы олардың мінез- құлықтарының әр түрлі тұрақты және тұрақсыз болып келетіндігімен түсіндіріледі.


Ұсыныс: Оқушылармен жұмыс жасау барысында әр оқушының темперамент типтерін ескеру қажет. Темпераменттің маңызды көрсеткіштерінің бірі қызуқандылық пен белсенділік.

Оқушылардың жетекші қабылдау жүйесін анықтау

Сынып: 3-5 сынып аралығында

Өткізілген уақыты: Наурыз айында алынды

Мақсаты: Оқушылардың жетекші қабылдау жүйесін анықтау



Ұсыныстар:

1. Мұғалім оқушының аудиал, визуал, кинестетик әдістемесінің қорытындысы мен танысып, білуі қажет.
2. Оқушыға түсіністікпен қарап, балаға өз тілімен қарым-қатынас жасау
3. Визуал бала мен қарым-қатынаста пішінін, түсін, өлшемін суреттер жиі қолданған абзал.
4. Аудиал баламен қарым-қатынаста дауыс вариацияларының түрлерін қолданған дұрыс
5. Оқушылармен жеке индивидуалдық жұмыстар жүргізу, информацияны қабылдауын қамтамасыз ету.

Оқушылардың алаңдаушылық деңгейін анықтау

Кактус әдістемесі, Ағаш әдістемесі

Сынып: 2-4 сынып аралығында

Өткізілген уақыты: Қазан және сәуір айында алынды.

Мақсаты: Жеке өзінің ерекшеліктерін жағымды және жағымсыз мінез – ұлық бітістерін тану. Оқушылардың мектеп ішіндегі алаңдаушылығы мен олардың сынып арасындағы қолайлы сезімде болу деңгейін анықтау

Алынған сауалнама: «Кактус» әдістемесі, «Ағаш» әдістемесі

Қорытынды: жалпы оқушылардың эмоционалдық жағдайы жақсы, мінез – құлық ауытқушылықтары жоқ. Жалпы алғанда алаңдаушылықтың қалыпты деңгейі анықталды. Бірақ дегенмен де, әлде де оқушылардың қорқыныш сезімдерін арттыруы қажет. Сондықтан мұндай оқушыларға психологиялық көмек көрсету керек.

Сынып жетекшіге ұсыныстар:

- ❖ Оқушының жан дүниесін түсініп, мазасыздануы қандай себептен болғанын анықтау;
- ❖ Мұғалім мен оқушылар арасында байланысты нығайту, яғни мұғалім тарапынан қолдау көрсету;
- ❖ Оқушылардың оқуға, дамуға, танымдық қарым-қатынастың дамуындағы психологиялық даму деңгейінің жоғарылауына көмек көрсету;
- ❖ Оқушыларға түсіністікпен қарау;

Ата-аналарға ұсыныстар:

- ❖ Балаларыңызбен жиі сөйлесіп тұру, әрқашан қолдау көрсету; Балаңыздың алдында ұрыс-жанжал көтеруге болмайды;
- ❖ Баланы дұрыс бағалау, оның алдында орындай алмайтын тапсырмалар қоюға болмайды

Ұсыныс:

1. Оқушылардың ата-аналары мен сынып жетекшілеріне психологиялық-педагогикалық кеңес беру;
2. Ата – аналар үнемі мектеппен байланыста болу және балаларының сабақтарын үнемі қадағалап отыру қажет.
3. Сабақта оқушыларды қызықтыру

2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарына сүйене отырып **6-11 сыныптар** арасында жұмыс жасалды, жоспарға сай жұмыс өткізілді. Қыркүйек айында диагностикалық бағыты бойынша оқушылардың психологиялық – әлеуметтік жеке картасын дайындаудан басталды. Сұраныс бойынша жекелеген оқушылардың әлеуметтік жағдайлары зерттеліп, АКТ жасақталды.


Қыркүйек айында психологиялық-диагностикалық бағыты бойынша 5-11 сынып аралығында «Аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау» сауалнамасы алынып, 3 оқушы жалғыздық сезіміне байланысты ерекше бақылауға алынды. Бұл оқушылардың сынып жетекшілер тарапынан, психологиялық қызмет тарапынан жұмыстар жүргізіліп, сынып

жетекшілерге, жеке ата-аналарға ұсыныстар берілді. Анықталған оқушылар есепке алынып, жеке карталары жасақталып түзету және дамыту жұмыстары жасалынды.

Отбасыдағы зорлық –зомбылықты анықтау сауалнамасы бойынша балалар анықталмады.

«Ерекше назар тобындағы оқушылардан «Өз өміріні қанағаттану» сауалнамасы алынып жеке кеңес жүргізілді.


8-11 сынып аралығында оқушылардан «Мазасыздық деңгейін анықтауға арналған Спилберг-Ханин тесті алынып келесі нәтижелерді көрсетті. Мазасыздық деңгейі төмен - 94% (143), орташа- 6% (9), жоғары- 0% анықталды, алаңдаушылық деңгейі орташа оқушылармен жеке кеңес өткізіліп, ұсыныстар берілді.



Алдын алу түзету жұмыстары бойынша. Оқушыларға «Егер сен кибербуллингке тап болсаң, не істеу керек?» тақырыбына ұсыныстар беріліп, тренинг- жаттығулары өткізілді. Жас мамандарға «Ұстаздық еңбек жолын бастаған жас мамандарға бағыт-бағдарға кеңес беру» және «Аутодеструктивті мінез – құлықты қалыптастырудағы ықпал ететін факторларды алдын – алу» мақсатында ұсыныстар берілді. Ата-аналарға «Отбасында зорлық зомбылыққа -Жоқ дейміз» тақырыбына ұсыныстар беріліп сұраныс бойынша жеке кеңестер өткізілді.

Қазан айында психологиялық-диагностикалық бағыты бойынша «Ерекше назар тобындағы оқушылардан «Суицидке бару қауіпін айқындау» графикалық тесті алынып жеке кеңес жүргізілді.

6-7 сынып оқушыларынан «Мазасыздық деңгейін анықтауға арналған Резапкина тесті алынып, келесі нәтижелер көрсетілді.Мазасыздық деңгейі төмен - 59% (45), орташа- 29% (36), жоғары- 5% (4) анықталды, мазасыздық деңгейі жоғары оқушылармен онлайн жеке кеңес өткізіліп, ұсыныстар берілді.



8-9 сыныптар аралығында «Зиянды әдеттер?» сауалнамасы алынып, оқушылармен зиянды әдеттердің адамның ағзасына келтіретін зияндығы тақырыбына әңгіме жүргізілді.

Алдын алу түзету жұмыстары бойынша. Оқушыларға «Интернет қауіпсіздігі!», «Егер сен,қиын өмір жағдайына тап болсаң, не істеу қажет» тақырыбына ұсыныс беріліп әңгіме жүргізілді. Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне байланысты оқушыларға бейнебаяндар көрсетілді. Жас мамандардан бейімделуін анықтау барысында сауалнама алынды , сауалнаманың нәтижесі бойынша жас мамандардың бейімделу орташадан жоғары деңгейді көрсетті. Жас мамандармен жеке кеңес өткізіліп «Стрестік жағдайда өзінді реттеу әдістері» тақырыбына ұсыныс берілді. Ата-аналарға балалардың қауіпті аутодеструктивтік топтардың әлеуметтік торларына кіру қауіпсіздігі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіліп, жадынама таратылды. 11 сынып ата-аналарымен «Кәсіптік бағыт-бағдар беру тақырыбы бойынша

,бейнероликпен таныстырылды.


Қараша айында психологиялық-диагностикалық бағыты бойынша 5-11 сынып аралығында «Аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау» сауалнамасы алынып, 2 оқушы жалғыздық сезіміне байланысты ерекше бақылауға алынды. Қосымша 2-9 сынып аралығында тұрмыстық зорлық – зомбылықты анықтау мақсатында «Қорғалуға құқығым бар» жобасын іске асыру аясында, сауалнама алынды. Сауалнаманың қорытындысы бойынша мектебімізде тұрмыстық зорлық – зомбылық фактісі анықталған жоқ. Оқушылармен түсіндерме жұмыстары жүргізілді. Бұл оқушылардың сынып жетекшілер тарапынан, психологиялық қызмет тарапынан жұмыстар жүргізіліп, сынып жетекшілерге, жеке ата-аналарға ұсыныстар берілді. Анықталған оқушылар есепке алынып, жеке карталары жасақталып түзету және дамыту жұмыстары жасалынды. Отбасыдағы зорлық – зомбылықты анықтау сауалнамасы бойынша балалар анықталмады.

Ерекше назар тобындағы оқушылардан М. Фергюсон мен Д. Рассел бойынша «Жалғыздық» әдістемесі алынып жеке кеңес жүргізілді.


9,11 сынып аралығында оқушылардан кәсіби қызығушылықтарын анықтауға арналған «Джон Голланд» және Е. Климовтың «Дифференциалды Диагностикалық» әдістемесі алынып келесі нәтижелерді көрсетті.

«Джон Голланд» әдістемесінің нәтижесі бойынша тестілеуге 111(99%) оқушы қатысты. Барлығы 112 (100%) оқушы. Соның ішінде: Реалистік тип 13 -12%, Интеллектуалдық тип 25 -22% , Әлеуметтік тип 41- 37%,

Конвенциялық тип 9- 8%, Тапқыр тип 14-13%, Әртістік тип 9-8%;



Е. Климовтың «Дифференциалды Диагностикалық» әдістемесі келесі нәтижелерді көрсетті. Барлығы 112 (100%) оқушы. Тестілеуге 111(99%) оқушы қатысты. Соның ішінде: Адам-табиғат 16 -15%, Адам-техника 21-19% , Адам-адам 40-36%, Адам – белгілер 8- 7%, Адам –көркем бейне 26- 23%;




Алдын алу түзету жұмыстары бойынша. Оқушыларға «ҰБТ дайындаламыз» «Қорқынышты қалай жеңуге болады» , «Стресстен қалай құтылуға болады ?» және «Нашақорлық, темекі шегу және алкоголизмнің алдын алуды» ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар тақырыбына ұсыныстар беріліп, тренинг- жаттығулары өткізілді. 1-11 сынып жетекшілер мен ата-аналарға


«Балалар мен жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсауды алдын-алу шаралары туралы» ұсыныстар берілді. Ата-аналармен «Балалардың жеке басының шекарасы. Жыныстық тұрғыда жасалатын зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында мектебімізде онлайн - жалпы облыстық ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналар жиналысқа белсенді қатысты. Ата-аналарға онлайн арқылы ұсыныстар таратылды.

Желтоқсан айында психологиялық-диагностикалық бағыты бойынша «Ерекше назар тобындағы оқушылардан Т.Н. Разуваевойдың «Өзін-өзіне қол салудың даму деңгейін анықтау» сауалнамасы алынып жеке кеңес жүргізілді. 6-11 сынып оқушыларынан мектепке деген мотивациясын анықтау мақсатында сауалнама алынып, келесі нәтижелер көрсетілді. мотивация деңгейі төмен - 5%, орташа- 57%, жоғары- 38% анықталды, мотивация деңгейі төмен оқушылармен жеке кеңес өткізіліп, ұсыныстар берілді.

Алдын алу түзету жұмыстары бойынша. Оқушылармен «Стресстен қалай құтылуға болады?» , «Өзін басқаруға психологиялық жаттығулар» өткізіліп, «Менің қолымнан бәрі де келеді» тақырыбына ұсыныс беріліп әңгіме жүргізілді. Ата-аналарға « Демалыс уақытында бала уақытын қалай ұйымдастыруға болады» бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіліп, жадынама таратылды

Қаңтар айында психологиялық-диагностикалық бағыты бойынша 6-7 сынып оқушыларынан «Оқушыларыдың оқуға эмоционалдық қарым-қатынасының және оқуға деген түрткісінің диагностикасы» (модификация А.Д. Андреева) әдістемесі алынды, әдістеменің нәтижесі бойынша оқушылардың оқуға деген танымдық мотивациясы мен эмоциялық қатынасы айқын көрсетілген, жоғары мотивация- 0%, оқуға деген ынтасы жағымды көзқараста, әлеуметтік нормативке сәйкес келеді-13%, орта деңгейдегі танымдық мотивациясы төмендетілген -14%, мотивациясы төмен, «мектепте іші пысады», ұйымдаушылық-16%, оқуға теріс эмоциялық қарым-қатынас 57%. Оқушылардың танымдық белсенділігі жоғары деңгей 25%, орта деңгейде 50%, төмен деңгейде 25%. Оқушылардың мазасыздану деңгейі жоғары 59%, орта деңгейде 35%, төмен деңгейде 6%. Оқушылардың ашу-ыза жоғары деңгей 61%, орта деңгейде 29%, төмен деңгейде 10%.





Ашу-ызасы , мазасыздану деңгейі жоғары оқушылармен жеке кездесіп, пайда болған мәселелердің алдын алуға көмектесу, эмоцияларын тұрақтандыруға арналған тренинг өткізіліп бақылауға алынды.

Ерекше назар тобындағы оқушылардан «Өзін-өзі бағалау» әдістемесі алынып жеке кеңес жүргізілді.

Алдын алу түзету жұмыстары бойынша. Оқушылармен «Стрессіз емтихан тапсыру» , «Өзін басқаруға үйрететін психологиялық ұсыныстар» беріліп, 9-10 сыныптармен «Біз АҚТҚ- ға қарсымыз» атты семинар- тренинг өткізілді. Мектеп мұғалімдерімен «Балалар мен жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсауды алдын-алу шаралары туралы» ұсыныстар беріліп, "Дарынды "балалардың шығармашылық әлеуетін іске асыру үшін қолайлы жағдай жасау" тақырыбында педагогтармен әңгімелесу өткізілді. Ата-аналарға «Балалар мен жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсауды алдын-алу шаралары туралы» ,Баланың сынаққа жақсы дайындалуына көмектесу үшін ұсыныстар беріліп түсіндіру жұмыстарын жүргізіліп, жадынама таратылды

Ақпан айында психологиялық-диагностикалық бағыты бойынша 5-11 сынып аралығында «Аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау» сауалнамасы алынып, 2 оқушы жалғыздық сезіміне байланысты ерекше назар тобына тіркеліп, бақылауға алынды. «Ерекше назар тобындағы оқушылардан «Люшер тесті» алынып , жеке кеңес жүргізілді.

6-11 сынып оқушыларынан мектепке деген мотивациясын анықтау мақсатында сауалнама алынып , 283 оқушы қатысты . Көрсетілген нәтижелердің қортындысы бойынша жоғары деңгейдегі мотивацияны –97-34%, орта деңгейдегі мотивацияны - 163-58%,төмен деңгейдегі мотиацияны -23 -8% оқушылар анықталды. Оқуға деген мотивациясы төмен деңгейді көрсеткен оқушылармен жеке кеңес өткізіліп, ұсыныстар берілді.


8 сынып аралығында Г. Айзенктің «Тұлғаның психикалық күйін анықтау» әдістемесі алынды. Тұлғаның психологиялық жағдайын анықтау барысында әдістемеге келесі нәтижелер көрсетілді.

Алаңдаушылық деңгейі жоғары -0%, орташа 34%, төмен- 66%.

Фрустрация деңгейі жоғары -3%, орташа -39%, төмен -58%.

Агрессия деңгейі жоғары -9%, орташа -45%, төмен -46%.


Регидтілік деңгейі жоғары 10%, орташа -59%, төмен -31%.



Алдын алу түзету жұмыстары бойынша. Оқушылармен «Сенімділік менің серігім», Мазасызданудан қалай арылуға болады?, «Бақытты балалық шақ» , «Өзін басқаруға үйрететін психологиялық » тренинг- жаттығулары өткізілді . Мұғалімдерге «Тұрмыстық зорлық-

зомбылықты және кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықты алдын алу» тақырыбында баяндама оқылды. Ата-аналармен «ҰБТ дайындық кезінде балаға қалай көмектесуге болады», "Жасөспірімдік кезең", «Бала сізді түсіну үшін, қалай сөйлесу қажет» тақырыбында ұсыныстар мектеп сайтына, мектеп инстаграмына, күнделік кз. салынды. Ата аналармен «Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу., Жасөспірімдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу.» тақырыбында -бірыңғай облыстық жалпы мектептік ата-аналар жиналысы өткізілді

Наурыз айында психологиялық-диагностикалық бағыты бойынша 5-11 сынып аралығында «Аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау» сауалнамасы алынып, 2 оқушы жалғыздық сезіміне байланысты ерекше назар тобына тіркеліп, бақылауға алынды. «Ерекше назар тобындағы оқушылардан «Отбасы социометриясы» алынып, жеке кеңес жүргізілді. 10 сынып аралығында «Кондаштың әлеуметтік жағдайының алаңдаушылығын анықтауға арналған әдістеме» алынды. Нәтиже бойынша жалпы мазасыздық деңгейі қалыпты-73%, көтеріңкі- 22%, жоғары- 5%; өте жоғары 0%; шектен тыс тыныш- 0%; Мектепшілік мазасыздық деңгейі бойынша қалыпты - 75%, көтеріңкі- 13%, жоғары- 2%; өте жоғары 0%; шектен тыс тыныш -0%; Өзін бағалаушылық мазасыздық деңгейі бойынша қалыпты- 76%, көтеріңкі- 18%, жоғары- 6%; өте жоғары 0%; шектен тыс тыныш 0%; Қарым-қатынас мазасыздық деңгейі бойынша қалыпты- 74%, көтеріңкі- 23%, жоғары-3%; өте жоғары -0%; шектен тыс тыныш 0%:




9 сынып аралығында Д.Моудслидің «Алаңдаушылыққа, регидтілік және экстриверттілікке өзінің сарапшылығын анықтау» барысында әдістеме алынды.

Оқушылардың сарапшылығын анықтау барысында келесі нәтиже:

Алаңдаушылық деңгейі жоғары -2%, көтеріңкі -48 %, орташа - 42%, төмен -4%. Регидтілік деңгейі жоғары -22%, орташа -54%, төмен -24%.

Экстриверттілік деңгейі жоғары 20%, орташа -53%, төмен -27%.




Алдын алу түзету жұмыстары бойынша. Оқушылармен «Қарым – қатынас және адамгершілік»тренинг, «Өмір- сенің таусылмайтын дастаның» атты тренингі өткізіліп, 8-10 сынып аралығында «Нашақорлық салдары» тақырыбына баяндама оқылды. Аттестаттаудан

өтетін мұғалімдердің сұранысы бойынша кеңес беріліп, Баламен жанжал туындаған жағдайда өзінді қалай ұстауың керек атты тақырыбына баяндама оқылды. Ата-аналармен "Мамандық таңдаудағы қателіктер» , «Балаларды кибербуллинг пен кибер қылмыстан қорғау» ,«Бала агрессиясының алдын алу нұсқаулықтары» тақырыбына ұсыныстар беріліп Балаңызды қаншалықты жақсы білесіз?- тақырыбына бейнеролик сілтемелері жіберілді.

Сәуір айында психологиялық-диагностикалық бағыты бойынша 11 сынып аралығында Н.Л. Величконың Кешенді сауалнама «Стресске төзімділігі. Невроз, күйзеліс. Ынталандыру» сауалнамасы алынып, стресс деңгейі жоғары 0%. Қалыпты -89%, әлсіз-11%



Невроз немесе созылмалы шаршау -100%, Психосоматикалық күйзеліс -0%, Нервтік бұзылу- 0%



Диагностикалық күйі депрессиясыз- 89%, Жеңіл,ситуативті немесе мезгілдік күйзеліс - 11%, Субдепрессивті күй -0%, Нағыз депрессиялық күй- 0%



Алдын алу түзету жұмыстары бойынша. Оқушылармен оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту барысында тренинг жаттығулары, «Өзін басқаруға үйрететін психологиялық жаттығулар» және 10 сынып оқушыларымен ЖИТС- 21 ғасыр дерті тақырыбында презентация көрсетіліп алдын алу жұмыстары өткізілді. Мұғалімдерге «Мұғалімдердің эмоциональді жануын алдын-алу» тақырыбына бейнебаян көрсетіліп, жадынама таратылып , «Жағымсыз көңіл – күйден арылу » атты психологиялық тренинг өткізілді. Ата-аналарға «Сіздің балаңыз бірінші сыныпқа барады», « Баланы теледидар және Интернет тәуелділігінен қалай қорғауға болады?» тақырыбына ұсыныстар таратылып , Девиантты мінез-құлқы бар оқушылардың ата-аналарымен дәріс өткізілді.

Мамыр айында психологиялық-диагностикалық бағыты бойынша 5-11 сынып аралығында «Аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау» сауалнамасы алынып, ерекше назар тобына тіркеліп, бақылауға алынған оқушы жоқ. «Ерекше назар тобындағы оқушылар жеке кеңес жүргізіліп, жазғы демалысты қолайлы өткізуге ұсыныстар берілді.

Алдын алу түзету жұмыстары бойынша. Оқушылармен 11 сынып оқушылары арасында үрей деңгейін төмендету үшін тренинг жаттығулары өткізілді. Бесінші он бірінші сынып аралығында «Өз көңіл күйіңе ықпал ет, оны жақсарт» тақырыбында суицидтің алдын алу мақсатында жадынама берілді. Жоғары сынып оқушыларын емтихан алдында дайындау жөнінде ұстаздарға ұсынылатын кеңестер берілді. Ата-аналарға «Жазғы демалыс кезінде бала уақытын қалай ұйымдастыруға болады», «Сіздің балаңыз 5 сыныпқа көшті» тақырыбына ұсыныстар жіберілді.

2023-2024 оқу жылының жылдық есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар жүзеге асырылып, психологиялық анықтамалар берілді. Негізінен қиындықтар оқушылардың оқуға деген мотивациядан болды, алынған әдістемелердің нәтижесі бойынша әр тоқсан сайын оқушылардың мотивациясының төмендегені байқалды. Себебі оқушылардың қашықтықтан оқуына байланысты.

Психологиялық қызметтің жұмысының нәтижелілігін тек мынадай жағдайда көруге болады: психолог пен педагогикалық ұжымның білім беру жүйесіндегі оқыту тәрбие жұмысындағы кәсіби қарым-қатынас біртұтас болса, бала тәрбиесіндегі психологтың көзқарасы мен педагогтың балаға деген көзқарастары бірін-бірі толықтырып отырса, ата-анамен, байланыста болса жұмыс өз нәтижесін береді.

Келесі оқу жылына психологиялық қызмет мынадай жұмыстарды іске асыруды жоспарлайды:

1. Оқу жылының жұмыс жоспарын өзіндік жетілдіру;
2. Сынып жетекшілерімен бірге оқушылардың мотивацияға деген қызығушылығын жетілдіріп, деңгейін жоғарлатуға көмек көрсету;
3. Педагогтармен, ата-аналармен және балалармен жүргізілетін жұмыс мазмұнын толықтыру;
4. Әкімшілік, педагогикалық кеңестерге қатысу, педагогтарға, ата-аналарға жеке және топтық кеңестер беру арқылы тәрбиелік оқу жүйесіне психологиялық қолдау көрсету.
5. Әр баланың психологиялық және тұлғалық дамуына ықпал ету, кезеңнен кезеңге өтуде орта бейімделуіне ықпал ету.
6. 9 сынып оқушыларының даму ерекшеліктерін зерттеу.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жасалған жұмыстардың сараптама нәтижесінде:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, елжанды, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілік талаппен қарайды, әдепті және рахымды, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, қанағатшыл болады, тереңінен ойлай алады, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Қорытынды: 2023-2024 оқу жылында сынып жетекшілер бірлестігі жұмысы жоспарлы түрде іске асырылды. Сынып жетекшілерге әдістемелік көмек көрсету жыл бойы жүргізілді, соның ішінде жас сынып жетекшілерге сыныппен жұмысты тиімді ұйымдастыру бойынша жекелеген кеңестер берілді. Тәрбие жұмысы барлық бағытта өз нәтижелері мен қорытындыларын айқындап отырды. Тәрбие жұмысы 3 бағытта 3 құндылыққа негізделіп жоспар бойынша ай айға бөлініп жасалды. Қорытындылай келе оқушылардың бойында құндылықтарға негізделген тәрбие қалыптастыру жұмысы жасалғаны айқындалады.

Күнделікті іс-шаралар:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, т.б.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың 15 минут ішінде өзекті моральдық тақырыптардың бірі бойынша баласымен күнделікті жеке әңгімелесу өткізуі.

«Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар және т.б. арқылы суды, азық-түлікті, энергияны және табиғи ресурстарды тұтыну бойынша күнделікті іс-әрекеттер арқылы табиғи ресурстарға (су, энергия) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

«Күй күмбірі» –күйлерді қоңыраулардың орнына пайдалану, сондай-ақ үлкен қаңырауларда күй қосып қою.

Апталық іс-шаралар:

«Менің Қазақстаным»: оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

«Аптаның дәйексөздері» –мақал-мәтелдер, халық даналығы, тәрбиелік мәні бар көрнекті тұлғалардың нақыл сөздері оқудан тыс бүкіл ұйымның қызметі. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде Led-экрандарда, тақталарда орналастырылады.

«Қауіпсіздік сабағы» – білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз жүріс-тұрысын сақтауы, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін, тіршілік қауіпсіздігі негіздерін сақтау мақсатында сынып сағаты аясында *10 минут қауіпсіздік сабағы* өткізілсін.

Апта сайын сынып сағаттарын өткізу аясында білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүзеге асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі профилактикалық іс-шаралар біріктіріледі:

- ✓ Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- ✓ Буллингтен қорған!
- ✓ Ойынға салауатты көзқарас;
- ✓ Өмірге салауатты қадам;
- ✓ Қоғамдық мүлікті қорға!
- ✓ Қауіпсіз қоғам.

Бағдарлама мазмұнына сәйкес ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар – заң және тәртіп айы;
- Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.
- Маусым – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Шілде – заң және тәртіп айы;
- Тамыз – заң және тәртіп айы.

	I. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі негізгі нормативті-құқықтық қамтамасыз ету
1	«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/ ;"Бала құқықтары туралы" БҰҰ Конвенциясы
2	Қазақстан Республикасының Конституциясы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002 Қазақстан Республикасының Конституциясы

4	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518
5	2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext
6	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt
7	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV "Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt ;
8	«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI "Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt
9	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt
10	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері https://nao.kz/
11	II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету
12	-Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету - тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша оқу-әдістемелік құралдар мен ұсыныстар дайындау. -Тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша озық тәжірибелерді, креативті ойлар мен авторлық бағдарламаларды зерделеу, талдау және енгізу. -Оқу-әдістемелік құралдарды пайдалану. -Бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу этнопедагогикаға және психологияны, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын зерделеуді зерттеу. -Тәрбиелік және дамытушылық сипаттағы оқу әдебиеттерінің кітаптарын жыл сайынғы оқуға ұсынылатын әдебиеттер тізіміне енгізу
13	Балалар мен жасөспірімдер деструктивті мінез-құлқының алдын алу жөніндегі республикалық және өңірлік жоспарлардың, жол карталарының тізбесі: Республикалық: 1) Балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің балаларды құмар ойындар мен компьютерлік ойындарға тәуелділіктен сақтандыру бойынша Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыс әкімдіктерінің жұмысын ұйымдастыру бойынша (лудомания) жол картасы; 2) Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалалары әкімдіктерінің және білім беру ұйымдарының оқушылар мен жастар арасында электронды темекіні/вайптарды пайдаланудың алдын алу жөніндегі қызметін ұйымдастырудың 2023-2025 жылдарға арналған жол картасы;

3) Жол картасы «Балалар. Ғаламтор. БАҚ қауіпсіздігі» ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру туралы; 4) «Қоғамның құқықтық мәдениетін дамытуға бағытталған шараларды қабылдау, атап айтқанда, мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, сондай-ақ ұйымдарда білім алушылардың құқықтық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру бойынша жүйелі және өзара байланысты жұмыстарды жүргізу туралы» бірлескен бұйрығы. техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру » 2030 жылға дейін; 5) Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары; 6) Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында экологиялық білім мен тәрбие берудің 2023-2029 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары; 7) Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары; Облыстық: 1) Қостанай облысында құқық бұзушылықтың алдын алудың кешенді жоспары; 2) Қостанай облысында баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес және жасөспірімдер арасындағы суицид мәселелерін шешудің жол картасы; 3) 2022-2024 жылдарға арналған суицидтің, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, есірткі және психотроптық заттарды пайдаланудың, балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу жөніндегі ведомствоаралық жоспар; 4) Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың кешенді жоспары; 5) Қостанай облысының қосымша білім беру жүйесінде экологиялық-биологиялық бағытты дамытудың жол картасы; 6) Есірткі, психотроптық заттарды және сол тектестерді қолданудың зардаптары туралы ақпараттандыруға бағытталған колледждердің, жоғары оқу орындарының және жалпы білім беру ұйымдарының студенттері арасында профилактикалық іс-шаралардың бірлескен жоспары; 7) Мас күйінде жасалған қылмыстардың профилактикасы тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асыру жөніндегі жол картасы; 8) Қостанай облысында этносаралық қатынастарды дамытудың ведомствоаралық жоспары.
--

Тәрбие бағдарламасына жаңадан өзгерістер еніп 2024-2025 оқу жылы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 26 мамырындағы №123 бұйрығы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының атауы өзгертілді) іске асырылды.

Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп жасалынып, құрылды 2024-2025 оқу жылы әр дүйсенбі сайын сынып сағаты өткізілуде. Жыл басында бекітілген тәрбие жоспары бойынша сынып сағаттары жүйелі ұйымдастырылып өткізілді. Жалпы мектепте 667 оқушы. Оқушылар мектептің қоғамдық өміріне белсенді қатысып отырды. Сыныптан тыс-іс шараларға белсене қатысады.

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

1 қыркүйек – «Білім күні», **5 қыркүйек** – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні, **Қыркүйектің үшінші жексенбісі** – Аналар күні **Қыркүйектің соңғы жексенбісі** – Еңбек күні атты іс-шаралар өткізілді.

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық

1 қазан – Халықаралық қарттар күні, **5 қазан** – Мұғалімдер күні, **24 қазан** – Кітапханашылар күні, **25 қазан** – Республика күндеріне орай сынып сағаттары мен іс –шаралар өткізілді.

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы

15 қараша – «Ұлттық валюта» теңге күні

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы

5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні.

Қаңтар – заң және тәртіп айы

- **«Менің құқығым»**
- *Қауіпсіздік сабағы: Қауіпсіз қыс*
- *Өртті сөндірудің алғашқы құралдары және оларды қолдану тақырыптары бойынша сынып сағаты практикалық түрде өткізілді фотосурет жасалды.*
- *Ауа райының қолайсыздығына байланысты орыс тілінде бейнебаян ертегісі қойылды:*

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні

Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні. Сынып сағатында арнайы кітап ханада оқушылармен дөңгелек үстел өтті. Оқушылар бір-біріне кітап сыйлады.

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы

1 наурыз – Алғыс айту күніне орай оқушылар ата-аналарына және мектептің іс-шарасына белсене қатысып, алғыс айтып кетті.

Алғыс айту сілтеме

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай оқушылар ата-аналарына арнап ізгі тілектерін бейне жазба арқылы айтып кетті. Қыздарға арнап ұлдар қыз сынын ұйымдастырды.

Қыз сыны

Аналарға арналған ізгі тілектер.

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесіне орай мектептен тыс іс шараға қатысып ауылдар құрып Наурыз мейрамын өткізді.

30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күніне орай, оқушылар «Таза Қазақстан» акциясына қатысты.

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

- **Жыл соңында ата-аналармен қорытынды жиналыс:**

1. 2024-2025 оқу жылының қорытындысы

2. Әр отбасындағы бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі;

3. Оқушылардың жалпы қауіпсіздік ережелері туралы және жазғы демалыста оқушылардың қауіпсіздігі;

4. "Біртұтас тәрбие" бағдарламасындағы: мектеп формасы және ішкі тәртіп;

5. Мектеп жанындағы алаң.

6. Ұялы телефонды дұрыс қолдану

Сонымен қатар көптеген Көңілді үзіліс ойындары мен Өнегелі 15 минут жарияланымдары болды.

Әр сынып сағатында оқушыларға өмір қауіпсіздігін сақтау және қайғылы оқиғалардың алдын алу бойынша жоспарлы түрде жұмыс жүргізіледі. Мысалы : Өрт қауіпсіздігі, жолда жүру ережелері, подъезд бен лифт, су айдындары, абайлаңыз жүқа мұз, қысқы жазғы демалыстар тағы басқа қауіпсіздік сақтау нұсқаулықтар мен сынып сағаттары өткізіліп отырады.

2024 – 2025 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың атқарылған жұмыс жүйесіне сараптама.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының « Қостанай қаласы білім бөлімінің Спандияр Көбеев атындағы жалпы білім беретін мектебі » 7-ші шағын аудан 25/2-ші үй мекенжайы бойынша орналасқан. 2024-2025 оқу жылының оқушылар санының көрсеткіші:

1-11 сыныптағы оқушылар саны- 671

- МС тәрбиеленушілері- 32

Мектепте оқитындар:

- 1-4 сыныптар – 303 оқушы

- 5-9 сыныптар – 270 оқушы

- 10-11 сыныптар – 92 оқушы

Оқу жылының басында сынып жетекшілермен, ата-аналармен әлеуметтік қызмет жүргізіліп, оқушылар төменде көрсетілген категорияларға бөлінді:

1. Аз қамтылған отбасы балалары (АӘЖ алатын оқушылар) - **16**

2. Аз қамтылған отбасы балалары - **1**

3. Қорғаншылықтағы, Қамқоршысындағы, жетім балалардың тізімі- **2**

4. Дамуында ауытқуы бар балалар – 5
5. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар - 9
6. Мектепте тіркелген - 1 және Қостанай қаласы АКАО-на тіркелген балалар-0
7. Дисфункционалды отбасы - 0
8. Көп балалы отбасы–70, оның ішінде С. Көбеев атындағы негізгі мектебінде оқитындар- 149
9. Сенім хатпен тұратын оқушылар – 9
10. Өгей әке немесе өгей анамен тұратын оқушылар - 18

Әлеуметтік осал топтағы отбасыларынан шыққан балалармен жұмыс қортындысы. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін Мемлекеттік білім беру ұйымдарының Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен

отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы,

2024 жылдың 01 тамызымен 01 қыркүйек айы аралығында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы жүргізілді. ҚР үкіметінің 2008 жылдың 25 қаңтарындағы №64 Қаулысын, (ҚР Үкіметінің 08.08.2022 ж. №544 қаулысындағы өзгерістермен). 2024 жылдың тамыз айында әлеуметтік қорғалмаған отбасы білім алушыларына бір реттік ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша өтініштер қабылданды. 26.08.2024 жылы Анафин М. Э. 7 «А» - мәртебесі: Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасы., Молдашев Қ. Е. 7 «Б» - мәртебесі: Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасы, Ерғали С. Е. 4 «А» - мәртебесі: Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасы, Ерғали М. Е. 2 «В» - мәртебесі: Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасы, Ерғали Н. Е. 8 «А» - мәртебесі: Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасы, Қуаныш Ж. Ж. 2 «Б» - мәртебесі: Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасы, Қуаныш Б. Ж. 8 «В» - мәртебесі: Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасы, Қуаныш М. Ж. 4 «Б» - мәртебесі: Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасы, Кабимулин А. А. 7 «А». мәртебесі: патронат тәрбиеленуші, Нурлыбаева Ж. Ф. 9 «А» мәртебесі: Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасынан, Нурлыбаева А. Ф. 11 «Б» мәртебесі: Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасынан, Ислямғалиева А. Қ 8 «В» мәртебесі: ӨС, көп балалы күн көріс табыс көзі төмен отбасы. Алматов А. Т. 1 «А» ӨС, көп балалы күн көріс табыс көзі төмен отбасынан, Алматов Қ. Т. 1 «А» ӨС, көп балалы күн көріс табыс көзі төмен отбасынан, Ерғалиева Д. С. 11 «В» мәртебесі: Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасынан, Қали Ж. Қ., мәртебесі: қамқорлықтағы оқушы. 2024 жылдық қыркүйек айында 5 оқушыға бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік қызмет көрсетілді. Самратов А. Е. 4 «А» мәртебесі: Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасы, ., Самратов И. Е. 6 «Б» мәртебесі: Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасы, Келебаева К. Р. 9 «Б» мәртебесі: Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасынан, Абикенова А. А. 9 «В», мәртебесі: күн көріс деңгейі табыс көзінен төмен отбасынан шыққан білім алушы. Қайрат А. Д. 3 «В», мәртебесі: Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасынан. 2024 жылдың қазан айында 1 оқушыға мемлекеттік қызмет көрсетілді. Салмурзаев Н. К 7 «А», мәртебесі: Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасынан, 2024 қараша айында бір оқушы Жақсылық А. Қ. 1 «Г» Әлеуметтік қорғаудағы балалардың тегін тамақтану тізіміне жекелеген санаты бар оқушы енгізілді. 2024 жылдың желтоқсан айында Қуаныш Е. Ж. МДС «А» тәрбиеленушісі тегін тамақтану тізіміне қосылды. 2025 ж қаңтар айында Раджабов Б. Б., Бөлеген М. С., көп балалы, күн көріс табыс көзі төмен отбасынан шыққан екі білім алушыға мемлекеттік көмек көрсетілді. 2025 ж сәуір айында көп балалы, күн көріс табыс көзі төмен отбасынан шыққан «өзге санат» ретінде Кубеков Е. С., 9 «Б», Кубекова Я. С., екі оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. 2024-2025 оқж жылында «Әлеуметтік қорғалмаған» отбасыларынан шыққан білім алушылардың саны -28.

"Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңыныңна сәйкес 28 оқушыға «Жалпы оқыту қорынан» 1.294384 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілді. Ережеге сай ата – аналардың шоттарына жіберілген қаражат бойынша әр балаға

аударылған 46228 теңге соммасына алынған киім, аяқ киім, мектеп керек-жарақтарын сатып алғанда оларды сатып алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде қаражаттың нысаналы жұмсалғанын растайтын құжаттар (түбір чектері, алынған заттардың фотолары) жинақталып, білім бөліміне есебі тапсырылды.

2025 жылдың жазғы сауықтыру лагеріне әлеуметтік осал топтағы 12 білім алушыларға мемлекеттік қызмет көрсетілді.

1 Ислямғалиева Арайлым Қуатовна 30.10.2010

2 Кабимулин Амиржан Аширханович 04.08.2011

3 Қуаныш Балзия Жанатқызы 20.09.2010

4 Ерғали Нұрдаулет Ержанұлы 18.11.2010

5 Салмурзаев Нұртас Кутлымуратович 05.12.2012 осы оқушыларға қала сыртындағы, Көкшетау қаласындағы «Чайка» сауықтыру лагеріне жолдама берілді.

Қуаныш Жанторе Жанатұлы 22.12.2016

Қуаныш Мансұр Жанатұлы 06.01.2015

Ерғали Сәттібек Ержанұлы 09.06.2015

Самратов Аслан Маратович 16.06.2014

Самратов Ислам Маратович 28.10.2012

Анафин Мирлан Эдуардович 15.02.2012

Алматов Айдар Токтарович 08.09.2017 осы тізімдегі оқушыларға қалалық білім бөлімінің разнорядқасы бойынша мектеп жанындағы алаңға бару үшін мемлекеттік қызмет көрсетіліп, жолдама берілді.

Педагогикалық-психологиялық қызмет - 2024-2025 оқу жылында педагогикалық-психологиялық қызметте жоспар бойынша жұмыс жасалды. Балалармен қыркүйек, қазан, сәуір және мамыр айларында балаларды диагностикалап қараша-наурыз айлары аралығында коррекциялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Кеңес беру қызметі қажет етілген уақытта берілді. Ағартушылық жұмыс айлық жоспар негізінде жұмыстар жүргізілді.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің мақсаты:

Білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері:

- 1) Тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) Ақпараттық қоғамның жылдам дамуы жағдайында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- 3) психологиялық-педагогикалық тұлғасын зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;
- 4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) психологиялық қиыншылықтармен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналармен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- 7) білім беру үдерісі қатысушыларының психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

1. Психодиагностикалық жұмыс
2. Коррекциялық түзету-дамыту жұмыстары
3. Ағартушылық жұмыс
4. Кеңес беру жұмысы
5. Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс

Психологиялық қолдау көрсетуден бас тарту бойынша

№	Баланың аты - жөні	Сынып	Бас тартудың себебі
1	Молдашева Таснима Абылайқызы	6«А»	Ата-аналардың шешімі

2	Айтжан Нұрбек Айбекұлы	6 «Б»	Ата-аналардың шешімі
3	Молдабаев Алижан Ильясович	6 «Б»	Ата-аналардың шешімі
4	Ахметов Еркебулан Муратович	7 «Б»	Ата-аналардың шешімі
5	Арамбай Алдияр Асанұлы	7 «Б»	Ата-аналардың шешімі
6	Қайдар Аружан Бектасқызы	7 «Б»	Ата-аналардың шешімі
7	Байсултанова Айару Аяновна	7 «Б»	Ата-аналардың шешімі
8	Молдашев Абдурахман Абылайұлы	8 «Б»	Ата-аналардың шешімі
9	Молдашева Салсабила Абылайқызы	9«А»	Ата-аналардың шешімі
10	Қуанышұлы Али	9 «А»	Ата-аналардың шешімі
11	Ерсен Ерен Булатұлы	11«А»	Ата-аналардың шешімі
12	Қуаныш Нұрсұлтан Бақытбекұлы	11«А»	Ата-аналардың шешімі
13	Қасымов Азат Азаматұлы	3 «В»	Ата-аналардың шешімі
14	Алимбаев Асанали Азаматовияч	2«А»	Ата-аналардың шешімі
Барлығы 14 оқушы			

Педагогикалық-психологиялық қызметтің диагностика бағыты бойынша келесідей жұмыстар атқарылды:

Сынып	Сауалнама	Семинар	Тренинг
1-4 сынып	11	4	9
5-8 сынып	20	6	11
9 - 11 сынып	23	7	9
Ата - аналар	5	6	6
Ұстаздар	4	2	4
Барлығы	63	25	39

Қыркүйек айында: педагог-психологтың жылдық жоспарын құру, 1-сынып оқушыларының оқу түрткісін зерттеу әдістемесі, оқушылардың психологиялық бейімделуі, «Керн -Йирасек» тесті, «Үй-ағаш-адам»проективті тесті, «білім алушылар арасында интернет ресурстарын тиімді пайдалану» сауалнамасы, «мінездің акцентуациясы» К.Леонгарда – Н.Шмишека, социометрия әдістемесі, «Аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау» сауалнамасы.

Қазан айында: 5-сынып оқушыларының мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау (Филлипс әдістемесі), 5 сыныпқа көшкен оқушылардың мектепке бейімделуі және отбасындағы климаттың әсер ету деңгейін анықтау, оқушылардың ҰБТ тапсыруға психологиялық дайындық деңгейін анықтау, оқушылардың дарындылығын анықтау тесті, «Пәнге көзқарас» әдістемесі, аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау, психологиялық денсаулық диагностикасы, «өзіне-өзі қол жұмсау қауіпін айқындау» графикалық тесті. «Үй-ағаш-адам»проективті тесті. «Кездесу» графикалық тесті Замашикова Т.Е, «Депрессия деңгейі» Э.Бека, Кешенді сауалнама «Стресске төзімділігі. Невроз, күйзеліс. Ынталандыру» (м-я Величко Н.Л), «Өзіне – өзі қол жұмсау қауіпін айқындау» графикалық тесті, «Менің сыныбымның ғаламшары», «Мен - өмірді тандаймын», «Мен жан – жақты қайталанбайтын бейнемін» атты тренингі, «Балалар мен жасөспірімдер арасында өз – өзіне қол жұмсауды алдын алу шаралары туралы» әңгімелесу, тренинг «Өз ереженді бұзу», «Оқушылардың өз – өзіне қол салу қауіпін анықтау (Волкова А.Н.) әдістемесі.

Қараша айында: Оқушылардың ҰБТ тапсыруға психологиялық дайындық деңгейін анықтау, Темпераментті анықтау сауалнамасы, «Дүниеде жоқ жануар», «Аяқталмаған сөйлем» әдістемесі, Дж. Холландтың «Тұлға типтерін анықтау», оқушылардың мамандық таңдау себептерін зерттеу, олардың мотивациялық өрісінің құрылысын зерттеу «Мамандық таңдау түрткілері» (Гриншпун С. С.), «Мотивацияны анықтау» (Е. Головахи әдістемесі бойынша), оқушылардың мамандық таңдауға дайындығын анықтау, Педагогтың кәсіби мотивациясын және оның өзін-өзі бағалау деңгейін зерттеу әдістемесін жүргізу, Моудсли әдістемесі. «Оқушылардың оқуға эмоционалдық қарым-қатынасының және оқуға деген түрткісінің диагностикасы». Г. Айзенктің «Тұлғаның психикалық күйін анықтау» әдістемесі Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу. «Баланың бас ұстазы ата-ана». «Мен өзгелердің көзімен». «Стресстен қалай құтылуға болады?» тренингі

Желтоқсан айында: психологиялық денсаулық диагностикасы, «Өзіне-өзі қол салудың деңгейін анықтау» Т. Н. Разуваева, бала қабілетінің даму деңгейін анықтауға арналған «Аяқталмаған сөйлем». «Сіздің балаңыздың қызығушылығы?», «Оқушының мамандық таңдауында ата-анасының маңызы». «Бастауыш сынып оқушыларының орта буында оқуға дайындығын түзету - дамыту жаттығулары». «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестері мен тұлғалық мотивациялық аймағын түзету дамыту жаттығулары» 3 сынып оқушылары. «Отбасы махаббаты неде?» ата -аналарға арналған тренинг.

Қаңтар айында: мектепте буллингтің деңгейін, бар-жоғын анықтау, дарынды балаларды анықтау.» Аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау» сауалнамасы. Психологиялық тренинг «Мен ғажайыппын», «Жаңа формациядағы педагог» семинар тренинг. Шағын дәріс «Дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктері», «Тілек шамы» 10 сынып ата-аналарына арналған тренинг (өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу). «Оқушылардың оқуға эмоционалдық қарым-қатынасының және оқуға деген түрткісінің диагностикасы». «Бақытты балалық шақ» тренингі, Алаңдаушылықты түсіруге арналған жаттығулар. «Күйзелуге бағымдылығы мен алаңдаушылық деңгейін анықтау» А. Захаров. Профилактикалық әңгімелесулер:

- «Сөйлесу өте оңай...»
- «Өзіңе қалай қарауды қаласаң, басқаларға да солай қара. Кибербуллинг»
- «Сөйлесу кедергілері»
- «Жағымсыз негатив. Реніштер»
- «Бір-бірімізді тыңдауды үйренейік»

Талқылаумен жалғасатын көркем фильмдердің көрсетілімі «Чучело» (1983 ж.) 5-11 сынып оқушыларына.

Ақпан айында: оқушылардың өзін – өзі бағалауын анықтау, оқушылардың оқу мен оқу пәндеріне қатынасын анықтау, сынып ұжымындағы психологиялық климатты диагностикалау, «Стресске төзімділігі. Невроз. Күйзеліс» кешенді сауалнама. Тренинг «Оқушылардың тіл табыса алуы мен қарым-қатынас жасай алу қабілеттерін дамыту». Тренинг «ҰБТ-ға білім алушыларды психологиялық тұрғыда дайындау». Тренинг «Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы». «Бала өміріндегі жәбірлену». «Жасөспірімдердің психологиялық дамуындағы қиындықтарға көңіл бөлу» ата – аналарға арналған семинар. «Бір-біріне бірлікпен» психологиялық тренингі 5- 11 сынып оқушылары.

Наурыз айында: Оқушылардың сабақтардағы білімді тексеру кезінде мазасыздық деңгейін анықтау, социометрия әдістемесі, оқушылардың оқуға қызығушылығын, мотивациясын анықтау, Кондаштың әлеуметтік жағдайының алаңдаушылығын анықтауға арналған әдістемесі», 9-сынып оқушыларының мамандық таңдау бағытын анықтау. «Ата-ананың мектептегі алатын орны» Әдістеме «Социометрия» Дж. Морено. «Менің қолымнан келеді!» тренинг 11сынып. «Өмірге жағымды көзқарас» 2- 4 сынып. Девиантты мінез-құлқы бар оқушылардың ата-аналарымен дәріс. «Өмірге жағымды көзқарас» тренинг.

Сәуір айында: 5-сынып оқушыларының мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау (Филлипс әдістемесі), 4-сынып оқушыларының пәнге қызығушылығын анықтау. «Өмір – сенің таусылмайтын дастаның» атты тренингі 9 - 11 сынып. «Жағымсыз көңіл-күйден арылу» психологиялық тренинг. «Балалардың агрессивті мінез-құлқының себептері» дәріс. «Өмір-сенің таусылмайтын дастаның» атты тренингі. «Балалардың агрессивті мінез-құлқының себептері».

Мамыр айында: бітіруші сыныптардың көңіл-күйін анықтау, емтихан алдындағы үрейден құтылу жөнінде жоғары сынып оқушыларымен тренингтік психокоррекциялық жұмыс.

Психологиялық зерттеу

Психологиялық зерттеулер бойынша біз баланың таным процесі, зейін, ес, қабылдау мониторингін жасаймыз.

Оқушының үлгірмеу себептері?

Үлгірмеуші оқушы деген кім? Ол не себепті үлгірмейді? Оларға нендей факторлар әсер етеді? – деген сұрақтар туады, енді соны анықтауымыз керек.

Үлгірмеуші оқушының ата-тегіне, тұқым қуалау себептері бар ма, нағашы жұртына, отбасы жағдайы, ата-анасына баласының еліктеуі, отбасындағы тәрбие соларды зерттеуіміз керек. «Тәрбие – отбасынан басталады» деген нақыл сөздің мағынасына тереңірек үңілетін болсақ, оқушы тәрбиесі – отбасы тағылымына байланысты деген ұғымға да тірелеміз.

2024 – 2025 оқу жылында «ерекше назар» тобындағы оқушылармен жұмыс атқарылды.

Аты - жөні	Сынып
Темирбаев Умар	1 «Г»
РаджабовБахромжан	2 «В»
Буханов Хабибулла	2 «В»
Даулет Нұрасыл	5 «Б»
Мырзалы Мадияр	5 «Б»
Тулеуова Наргиз	11 «Б»

Ұсыныстар:

- ✓ Сабақ жоспарын құрастыру кезінде мұғалімдер анықталған мәселеге сәйкес тапсырмалар мен дамытушы ойындар санын арттыру;
- ✓ Балалардың оқу процессіне мотивациясын көтеруге танымдық процесстерін дамытуға арналған әдістемелер мен тәсілдерді қолдану;
- ✓ Оқушылардың көзқарастарын тек қана оқу жүйесі арқылы ғана емес, сондай – ақ тәрбиелік іс – шаралар жүйесі арқылы да дамыту;
- ✓ Сабаққа деген позитивті қатынасты қалыптастыра отырып, сынып ішінде жақсы және жайлы атмосфераның пайда болуына ат салысу;
- ✓ Әр бір сабақ барысында, сынып және тәрбие сағаттарында қарым-қатынас жасау түрлеріне, өзін- өзі ұстай білуіне, өзіне сыни көзқараспен қарай білуіне бағыттау;
- ✓ Білімдегі бағыттылығын өзгерту. Яғни бағаға емес, білімге деген бағыттылығын қалыптастыру;
- ✓ Бос уақыттарын тиімді пайдалануға үйрету. Оқушының жеке басын дамытуға, өзін толыққанды сезіне алуына мүмкіндік беретін сыныпшілік іс-шараларды ұйымдастыру;
- ✓ Оқушылар арасындағы бәсекелестікті жоюға негізделген жұмыстар жүргізу;
- ✓ Пән мұғалімдеріне, сынып жетекшілеріне оқу-тәрбие үрдісін – оқушылардың жеке дара ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастыруды және оқушыға тиімді қарым-қатынас стилін таңдауды ұсынылды;
- ✓ Коррекциялық жұмысты қажетсінетін балалармен жеке дара жұмыстар жүргізу.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің коррекциялық түзету-дамыту бағыты бойынша келесідей жұмыстар атқарылды:

1 – сынып оқушыларының бейімделу деңгейіне байланысты арнайы коррекциялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. «Қорқыныш сезімінен арылуға және өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар», «Баланың отбасындағы қарым-қатынасы мен эмоционалдық күйін диагностикалау және түзете-дамыту жаттығулары жүргізілді.

Әр сынып оқушылары диагностика қорытындысы бойынша 2 топқа бөлінді. Оқу іс-әрекет жоспар бойынша балалардың танымдық үрдістерін, сөйлей білуге, тілдік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға, өз ойын жеткізе білуге және жан-жақтылыққа бағытталған. Жыл бойына коррекциялық түзету-дамыту бағыты бойынша сабақтар жүргізілді. Жүргізілген жұмыстардың жоспары және оқушылардың жасаған жұмыстары тіркеліп, жинақталды.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің ағартушылық жұмыс бойынша келесідей жұмыстар атқарылды:

Қыркүйек айында педагогикалық кеңесте педагогтарға тренинг өткізілді. Тренинг барысында «Ну ормандағы жаңбыр» релаксациялық жаттығу, «Атом және молекула» жаттығуы, «Болашақтан хат» тесті жүргізілді. Тренинг барысында педагогтар бойларындағы эмоциялардан арылып, жақсы көңіл-күйде болды.

Ата-аналар жиналасында «Көңіл –күйдің сан қырлы сырлары» атты ата-аналарға арналған тренинг жүргізілді. Тренинг мақсаты: ата-аналардың көңіл-күйлерін көтеру, бір-бірімен қарым-қатынастарын нығайту. Тренингте: «Есімдер аллитериясы», «Орын ауыстыру» ойыны, «Оркестр» ойыны ойнатылды. Тренингке ата-аналар белсенді қатынасып, өз ризашылықтарын білдірді.

Қазан айында ата-аналарға «Бастауыш мектеп оқушыларының психологиялық даму» тақырыбында баяндама оқылды. Баяндамада мектеп мен отбасы арасындағы байланыс туралы, балалардың психологиялық дамуы туралы айтылады.

Қараша айында ата-аналармен «Баланың мектепке баруға байланысты туындайтын қиындықтары» тақырыбында әңгіме-сұхбат жүргізілді. Әңгіме барысында ата-аналарға оқушылардың мектепке бейімделуі барысында туындайтын қиындықтар туралы ақпарат беріліп, ұсыныстар ұсынылды.

Желтоқсан айында педагогтармен «Кастрюлька» тақырыбында пікірлесу және жаттығу өткізілді. Педагогикалық ұжымға адам өмірінде жағдаяттар туралы ақпарат берілді. Педагогтардың эмоционалды және көңіл-күйлерін көтеруге, кәсіби жанудың алдын-алу, топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту мақсатында жүргізілді.

Қаңтар айында ата-аналармен «Мектеп, оқушы, ата-ана; ынтымақтастық қырлары» тақырыбында шағын дәріс өткізілді.

Ақпан айында ата-аналармен «Отбасы және мектеп – біз» тақырыбында дөңгелек үстелі өткізілді. Дөңгелек үстелдің мақсаты: ата-ана мен ұстаздың жауапкершілігін арттыру; ата-анамен бала арасындағы сүйіспеншілікті, әр адамның өзіне деген сенімділігін тәрбиелеу. Ата-аналармен «Нейрожаттығу», «Стақан мұнарасы», «Жамандықтан арылу», «Ақжүрек» жаттығулары өткізілді.

Наурыз айында «Армандарға саяхат» атты психологиялық рефлексия жүргізілді. Рефлексияда семинарға қатысушылар семинар туралы өз ой-пікірлерін білдірді. Сонымен қатар ата-аналарға «Ата-ананың мектептегі алатын орны» тақырыбында тренингі өткізілді.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің кеңес беру жұмыс бойынша келесідей жұмыстар атқарылды:

Педагогикалық-психологиялық қызметте кеңес беру жұмысы тұрақты түрде жұмыс жасады. Жүргізілген диагностикалар қорытындысы нәтижесінде педагогтарға, ата-аналарға бірқатар ұсыныстар берілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 130 бұйрына сәйкес, оқушылар мен ата-аналарға және мұғалімдерге жеке сұраулары бойынша, психологтың жеке жұмыс жоспарына сәйкес психологиялық кеңестер берілді. 2024-2025 оқу жылында мектеп психологы 88 кеңес берді, барлығы кеңес беру журналына тіркелді.

Оқу жылы	Жеке кеңес	Топтық кеңес
2024 – 2025	57	31

Педагогикалық-психологиялық қызметтің ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс бойынша келесідей жұмыстар атқарылды:

Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс бойынша педагог-психологтың жеке өзіндік сайыстарға қатынастым. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Психологиялық қолдау және қосымша білім беру өңірлік орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Сторитейлинг» атты қалалық сайысқа қатысып, өз білік-дағдыларын дамытып сертификатқа ие болдық. «Ерекше білім беріліне қажеттілігі бар оқушыларды оқыту және психологиялық-педагогикалық қолдау» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының сертификат иегері; Сатыбалдина.Э.А. «Орта білім беретін ұйымдардың инклюзивті сыныптарындағы түзету-педагогикалық жұмыс мазмұнын жаңарту» ҚР педагогтерінің біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламасы бойынша курс өттім.

Педагогикалық-психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер бойынша келесідей жұмыстар атқарылды:

Психологиялық бағыттар бойынша атқарылған жұмыстарға:

- ата-аналармен,
- білім алушылармен;
- педагогтармен тоқсандық, жылдық талдау есептері жүргізілді.

Жоспар бойынша жұмыс жүрді. Талдамалық жұмыстарға қатысушы оқушыларға мінездеме берілді. Жүргізілген жұмыстар жинақталды.

Қорытынды: 2024-2025 оқу жылы барысында оқушылармен, педагогтармен, ата-аналармен жоспарланған және жоспардан тыс қажет етілген жұмыстар белсенді түрде жүргізілді.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің негізгі бағыттары бойынша жұмыстар толығымен атқарылып, анықтамалар, деректер қоры жинағы жинақталды.

2024-2025 оқу жылында 6 құндылық бойынша ай сайын, апта сайын, күн сайынғы жұмыс жоспарына сәйкес тәрбие жұмысы жүргізілді. Мектепшілік жобалар, үйірмелер өз жұмысын жүйелі жасап отырды.

«Балалар кітапханасы» -Мектеп кітапханасы мектеп әкімшілігі бекіткен жоспар бойынша жұмыс істейді.

Кітапхана қызметінің негізгі бағыттары:

- жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеуге жәрдемдесу;
- оқырмандардың үздік отандық және шетелдік авторлардың шығармаларын оқуға деген қызығушылығын ояту және талғамға тәрбиелеу;
- кітапхананың негізгі, оқу қорын сапалы қалыптастыру және қамтамасыз ету.

Кітапхана оқу, ғылыми және тәрбие процесіне қатысады, инновациялық технологияларды қолданады, кітапхананы модернизациялау енгізілген. **"Оқуға құштар мектеп"** жобасын іске асыру аясында жаңарту жұмыстары жүргізілді, оның мақсаты - кітапхананың жаңа моделін құру болды. Бүгінде кітапхана қоры ғылыми-көпшілік, анықтамалық, салалық, көркем, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттермен қамтылған.

2024 жылы түскен көркем әдебиет саны - 68 дана. **«Балалар кітапханасы»** жобасы бойынша балалар жаңадан келген кітаптарды алып оқиды.

Мектеп кітапханасы қызметінің басым бағыты кітапхана қызметінің әртүрлі нысандары мен түрлері арқылы кітап пен оқуды ілгерілету болып табылады.

Мектеп кітапханасы **"Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт"** республикалық жобасы шеңберінде кітапты насихаттауға, оқуға және оқырман мәдениетін дамытуға бағытталған қызметті белсенді түрде жүзеге асыруды жалғастыруда: адамгершілік құндылықтарды дамыту және оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуде.

Бүгінгі таңда мектеп кітапханасы - оқырмандарымыз үшін оқу, сенімді ақпарат алу және зияткерлік бос уақытты өткізу, олардың шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыру және түрлі іс-шаралар өткізу үшін ыңғайлы орын.

2024-2025 оқу жылынан бастап **«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт»** жобасы мектебімізде жүзеге асырылуда.

«Бір ел - бір кітап 2025». 2025 жылы **«Бір ел – бір кітап»** республикалық акциясы аясында екі автордың шығармалары таңдалды:

Проза жанры бойынша көпшілік дауыспен ұлтымыздың көрнекті жазушысы, ақын, сыншы, аудармашы Тәкен Әлімқұловтың шығармаларын оқу ұсынылды;

Тәкен Әлімқұлов — ақын, жазушы, әдебиет сыншысы, 1918 жылы 22 қарашада Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында дүниеге келген.

Поэзия жанры бойынша Мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнекті ақын, 2025 жылы 90 жылдық мерейтойы аталып өтетін Жүмекен Нәжімеденовтың шығармалары таңдалды.

Жүмекен Нәжімеденов – ақын, жазушы, аудармашы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, 1935 жылы 28 қарашада Атырау облысы, Құрманғазы ауданында дүниеге келген.

Тілдер күніне орай **«Тілім-менің тірегім!»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Ұлы Отан соғысының қатысушысы, Рейхстагты **«Жеңіс туын тіккен қазақ»** **Рахымжан Қошқарбаевтың** (1924-1988) туғанына 100 жыл.

«Оқуға құштар-мектеп» жобасы аясында **Қадыр Мыра Әліге 90 жыл «Өлеңнің тау тұлғасы-Қадыр ақын»** шығармаларын оқу сағаты

25 қазан Республика күні кітап көрмесі 1-11 сыныптар патриоттық сезімге тәрбиелеу. **«Бала құқығы-адам құқығы»** 20 қараша дүниежүзілік балалар күні. **«Қош келдің әз-наурыз»** кітап көрмесі, Халықаралық кітап күніне арналған акция аясындағы іс-шарада балалар кітап сыйлады.

«Кітап білім бұлағы, білім өмір шырағы» 2 сәуір Халықаралық балалар кітабы күні.

«Оқуға құштар-мектеп» жобасы аясында

"Ұлы даланың батыр қызы" Әлия Молдағұловаға 100 жыл – кітап көрмесі 9 мамыр- Ұлы Жеңіс күніне орай

Кумаш Нургалив 100 жыл кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Бөкетов Ебіней Арыстанұлы (1925-1983) кітап көрмесі

«Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Бітібаева Қанипа

Омарғалиқызының туғанына 80 жыл» (1945-2014) кітап көрмесі

Мектеп кітапханасында кітапханашы балалармен үнемі ұсынымдық әңгіме жүргізеді. Ұсынымдық әңгімеде кітапханашы баланың өз жасына қарай қабылдай алатын кітапты таңдауға және кеңес беруге тырысады. Алдағы уақытта да аталмыш жобаны жүзеге асыру жұмыстары жалғасын табатын болады.

«Адал ұрпақ» - "Қостанай қаласы білім бөлімінің Спандияр Көбеев атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасыты қалыптастыру мақсатында 2024-2025 оқу жылына «Адал ұрпақ» үйірмесінің іс-шаралар жоспары бекітіліп, жұмыстар жасалды. Клуб мүшелері 7-11 сынып оқушыларынан құралған.

Жыл басында «Адал ұрпақ» үйірмесіне арналған жылдық жоспар бекітілді. Жоспар бойынша клуб жетекшісі Ерманова Айгул Боранбаевна бекітілді. Жоспарға сай үйірме мүшелері тағайындалды. Үйірме мүшелері жоспарға сай бекітілген жұмыстарын уақытында орындап отырды.

Қыркүйек айында- «Адал ұрпақ қандай болу керек» дебат турнирі өткізілді. Өскелең ұрпақ сыбайлас жемқорлықтан аулақ болу үшін мектеп қабырғасынан бастап тәрбиені осы бағытта беру маңызды. Осы орайда «Адал ұрпақ қандай болу керек» тақырыбында дебат турнирі өткізілді.

Қазан айында «Сыбайлас жемқорлықтың құқық бұзушылық картасы» 7-11 сынып арасында әлеуметтік жарнама сайысын өткізді. Әлеуметтік жарнама сайысының мақсаты: жастар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ортаны қалыптастыру болып табылады.

Байқау келесі номинацияларда өткізілді: “Үздік бейнеролик”, “Үздік плакат”. Байқау қорытындысы бойынша 7 «б» Жұмабек Мерей, 9 «В» Болат Алина жұмыстары үздік деп танылды.

2024 жылдың Қазан айының 14-шы жұлдызы күні «Адал ұрпақ» үйірмесінің «Пара алу құрдымға апарар жол» тақырыбында бейнеролик көру өткізілді. Оқушылар бейнеролик көріп болғаннан кейін оқушылар өз ойларын айтып, пікірталас ұйымдастырылды. Әр оқушы өз ойын айта отырып, түрлі дәлелдемелер келтіріп өтті.

Қазан айында құқық қорғау органының қызметкері Козова Дариға Алшимбаевна мен «Азаматтық конституциялық құқықтары мен міндеттері» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесу мақсаты: Оқушыларға тәуелсіз еліміздің құқық қорғау органдарының міндеттерін, құрылымын, қызметін түсіндіру, олардың мемлекет пен азаматтардың мүддесін қорғайтын мемлекеттік құрылым екендігін ұғындыру

Кездесу соңында құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен талқыланған тақырып бойынша сұрақтар қойылып, оларға тиісті жауаптар берілді.

«Қайырымдылық жасасаң, Қайырын өзің көресің...» қайырымды істер марафоны мектебімізде жәрмеңке түрінде өткізіліп, «Адал ұрпақ» үйірмесінің мүшелері толықтай ат салысты. «Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің», - демекші қандай қайырымды істер жасасаң да барлығы өзің үшін деп ата-бабамыз да мақал-мәтелдерде айтып кеткен.

18 қазан күні «Қоғам құқықтық тәртіпті қолдайды» атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстел қорытынды жасап, оқушыларды құқықтық тәртіпті қорғауға және қоғамда құқық бұзушылыққа «нөлдік төзімділікті» қалыптастыруға байланысты әрі қарайғы жоспарларды талқылайтын диалог алаңына айналды.

«Құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік» қағидасын құру негізінде мектебіміздің инспекторы Козова дариға Алшимбаевна оқушыларға дәріс оқыды.

«Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет» тақырыбында 21 қазан айында үйірме мүшелерінің арасында әңгімелесу отырыс болып өтті.

25 қазан күні «Қазақстанның мемлекеттік құрылымы және демократия принциптері» атты үйірме жетекшісі А.Б. Ерманова түсіндірме дәріс оқып өтті.

28 қазан күні «ҚР мемлекеттік рәміздерінің тарихы» тақырыбында үйірме мүшелері мен 9 сынып оқушыларына видео материалдар көрсетіліп, дәріс оқылды.

«Мемлекет- бұл мен» тақырыбында оқушылар арасында рөлдік ойыны болып өтті. Қараша айында «Барлығымыздың Заң алдындағы теңдігіміз» атты тақырыпта Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы үйірме мүшелері арасында отырыста талқыланды.

«Топ басшысын сайлау» сюжеттік-рөлдік ойыны Мақсаты: мемлекеттік қызметтің ерекшелігі мен қоғамда алатын орнын насихаттау, олардың әдеп ережелері мен міндеттері жайында толық түсінік беру, елге еңбегі сіңген мемлекеттік қызметшілерді үлгі етіп, жастарды білімділікке, қызметке адалдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

2024 жылдың қараша айында сыбайластық жемқорлықтың алдын алу мәдениетін қалыптастыруда «Адал ұрпақ» клубы мүшелерімен және 8В, 7Б сынып оқушыларымен бірге «Мемлекеттік қызмет – өмірлік ұстанымым» тақырыбында мемлекеттік қызметкер Козова Дариға Алшимбаевна мен кездесу өткізілді.

Кездесу мақсаты: мемлекеттік қызметтің ерекшелігі мен қоғамда алатын орнын насихаттау, олардың әдеп ережелері мен міндеттері жайында толық түсінік беру, елге еңбегі сіңген мемлекеттік қызметшілерді үлгі етіп, жастарды білімділікке, қызметке адалдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» сурет байқауы. Өскелең ұрпақтың арасында жалпыға бірдей еңбек, адалдық және сатылмаушылық идеяларын мінез-құлық нормасын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралардың қабылдануы мен нығайтылуына ықпал ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқушылардың санасын қалыптастыру және қазақстандық патриотизм сезімін нығайту, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының жүзеге асырылуына оқушыларды тарту мақсатында 2024 жылдың 13 желтоқсан күні, 5-8 сыныптар арасында «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» атты онлайн сурет байқауы өтті.

20 желтоқсан күні «Қазақстан Республикасының Конституциялық негіздері» тақырыбында 1995 жылы қабылданғаннан бері Қазақстан Республикасы Конституциясының тарихы мен эволюциясын талқылады. Дөңгелек үстелге қатысушылар конституциялық құқық саласындағы өз білімдері мен тәжірибелерімен бөлісті, сондай-ақ оқушылардың скраптарына тарих пәнінің мұғалімдері сұрақтарына жауап берді, Қазақстандағы құқықтық жүйе мен конституциялық практикаға байланысты өзекті тақырыптарды талқылады.

«Адал ұрпақ» үйірмесінің мүшелерімен біріге отыры, 1ші жарты жылдықтың қорытынды сабағын өткіздік « Заң – басты құқықтық акт» атты үйірме жетекшісі А.Б. Ерманованың дәріс сабағымен жылды қорытындылады.

Қаңтар айында 10-11 сынып оқушылары арасында «Жемқорлық – қоғам мәселесі» атты эссе бақауы өтті. Байқауға қатысқан оқушылар арасынан 3 оқушы 1-орын, 10 сынып оқушысы Танирбергеннова Айгерим, 11- сынып оқушылары Абдыкаликов Альмансур, Құрманғалиева Жансая. 2-оқушы 2 орын, 10 сынып оқушысы Тойғанбай Ділмұханбет, Ахметова Назым 11-сынып, Аманжол Темир 11-сынып, 2 оқушы 3 орынға ие болды 10 сынып оқушылары Салимжанова Диана, Қобжанова Алтынай.

Осы қаңтар айының 18 –ші жұлдызы күні «Орнынды сайла» ойыны «Адал ұрпақ» клуб мүшелерінің арасында өтті.

Жоспарға сәйкес 20-шы қаңтар күні «Адал ұрпақ» үйірмесінің жетекшісі А.Б. Ерманова «Азаматтар мүдделерінің құқықтық қорғалуы» тақырыбында үйірме мүшелеріне бейнеролик көрсетіп жан-жақты талқылады.

2025 жылдың қаңтар айының 24 –ші жұлдызы күні «Заңдық сауаттылықтың рөлі» тақырыбында 8-9 сынып оқушыларынан үйірме мүшелері сауалнама алды. Саулнама мақсаты: Бүгінде халықтың құқықтық сауаттылығы маңызды дүние. Әрбір азамат заң мен құқықтарын білуі керек.

Қаңтар айының соңғы аптасында «Азаматтық сот процессі» рөлдік ойын болып өтті. Үйірме мүшелері арасында Азаматтық процесс — бұл сот пен процеске қатысушылар арасындағы құқықтық қатынастардың күрделі жүйесі екенін, әрқайсысы азаматтық іс жүргізу құқығының белгілі бір нормаларының негізінде пайда болатындығын түсіндіру негізінде рөлдік ойын ұйымдастырылды.

Қаңтар айының жоспарына сәйкес «Жемқорлық құқық бұзушылықтардың картасы» тақырыбында 10-11 сыныптар арасында жобалар байқауы өткізілді. Жобаны жоғары деңгейде қорғаған оқушылар жүлделі орындар мен марапаттарға ие болды.

Ақпан айының бірінші аптасында «Біз өз ісімізге жауаптымыз» тақырыбында үйірме мүшелері арасында әңгіме өткізілді. Мақсаты: оқушылардың қауіпсіз мінез-құлық ережелері

және қауіпті жағдайлардан шығу жолдары туралы білімдерін тереңдету және жүйелеу. Өңгімелесу барысында оқушылар өз іс-әрекеттері үшін заң алдында жауап беретіндіктерін және кез келген адам заңдарды бұлжытпай орындауы керектігін түсінді.

Үйірме мүшелері өз өнерлерін көрсету мақсатында Театрлық қойылым ұйымдастырды. Театр әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамыту мақсатында.

«Заңды білмеу – жауапкершіліктен босатпайды» тақырыбында кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау маманымен кездесу өтті. Мақсаты: кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оқушылардың құқықтық санасын тәрбиелеу. Білім алушыларда өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік сезімін, заңға құрметпен қарауды қалыптастыру.

Ақпан айының 14-ші жұлдызы күні «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында оқушылар арасында акция ұйымдастырылды. Акция мақсаты: оқушыларды адал жолмен жүруге, адалдыққа үйрету. Сыбайлас жемқорлық туралы қысқаша мағұлматтар беру. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

«Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» тақырыбында 9-10 сынып оқушылары арасында эссе байқауы өткізілді. Мақсаты: «Адалдық», «Еңбек» адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру, еңбек етуге қызығушылықтарын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, адал, шыншыл болуға баулу. Ақпан айының соңғы аптасында үйірме мүшелерінің арасында «Білгірлер мен білгіштер» атты сайыс өткізілді. Ойынның мақсаты: Қазақстан тарихы, Адам, Құқық, Қоғам, Дүниежүзі тарихы пәндерінен дарындыларды анықтау.

Ойынның I бөлімінде 5 оқушы Адам.Қоғам.Құқық және Дүниежүзі тарихы пәндері бойынша жазбаша жұмыс орындады.

II бөлімінде Қазақстан тарихы пәні бойынша сұрақтар қойылды. Дұрыс жауап берген оқушылар алқаға ие болып отырды. Алғашқы 6 алқа жинаған 3 оқушы финалға шықты. Олар:

1. Аманжол Нуржан 2. Абдыкаликов Альмансур 3. Ахметова Назым Ойын нәтижесі бойынша командалық есепте: I орынды Абдыкаликов Альмансур, II орынды Ахметова Назым, III орынды Аманжол Нуржан иемденді.

Ақпан айын «Жемқорлық-қоғам мәселесі» және ««Жемқорлық – қоғам дерті» тақырыбында бейнероликтер түсірумен аяқтадық. Бейнеролик түсіру мақсатымыз: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылатынын айқындау.

Наурыз айының бірінші аптасында 11- сынып оқушыларының арасында «Менің құқығым және міндеттерім» тақырыбында зияткерлік ойыны өткізілді. Мақсаты: Оқушының міндеттері мен құқықтары туралы білу, өз міндеттері мен құқықтарын білуге үйрену. Қазақстанның болашағына үлесін қоса білетін білімді де, ізденімпаз ұрпақ болу.

Ойын соңында үйірме жетекшісі А.Б. Ерманова қатысушыларға Шағын – дәріс оқыды. 20 қараша – бұл дүниежүзілік балалардың құқығын қорғау күні. Бұл күні «Балалар құқығы» туралы халықаралық Конвенциясы қабылданған.

Барлық дүние жүзіндегі балалардың құқықтары арнайы «Балалар құқығы туралы» Конвенцияда жазылған. Бұл құжат 1989 жылы 20-қарашада БҰҰ-да қабылданғаны туралы баяндап өтті.

2025 жылдың наурыз айында үйірме мүшелерінің ұйымдастыруымен «Транспарентті және есеп беретін мемлекет» бейнероликтер байқауы өткізілді.

Байқаудың басты мақсаты – қоғам алдында ашық және есепті мемлекет құруға бағытталған мәселелерді шешудегі Қазақстанның жетістіктерін көрсету. Байқауға қатысушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және құқық бұзушылықтың барлық түрлеріне «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыруға бағытталған жарнамалық роликтер түрінде шығармашылық жұмыстарын ұсынды.

Жоспарға сәйкес наурыз айында «Жемқорлық заң бұзушылық үшін жауапкершілік» және «Біз жемқорлыққа жоқ дейміз» атты буклеттер дайындалып таратылды. Буклеттерді таратудағы мақсат, міндетіміз оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру, құқықтық білім әр адамның ісі екенін ұғындыру, өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту, өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

Сәуір айының бірінші аптасында үйірме жетекшісі А.Б.Ерманованың басшылығымен үйірме мүшелерінің арасында «Біз бір-бірімізге жауаптымыз» тақырыбында іскерлік ойын өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды достық қарым-қатынасқа, бірін-бірі жақыннан танып-білуге, сыйлауға, достық сезімдерін ояту, мақсатымен жүргізіледі.

2025 жылдың 4 –ші сәуір күні «Адал ұрпақ» үйірмесінің жетекшісі Ерманова А.Б. «Криминогенді жағдайларда өзін ұстау ережесі» тақырыбында 7-11 сынып оқушыларына баяндама жасады.

Сәуір айының 7-ші жұлдызында «Адал ұрпақ» үйірме мүшелері 7-8 сынып оқушылары арасында «Білгірлер мен білгіштер» сайысы өткізілі. Сайысты өткізу мақсаты: Білімді, ой-өрістерінің жан-жақты болуына үйрету; Білуге, үйренуге деген қызығушылығын арттыру; Жарысуға, жарыста жеңімпаз болуға ұмтылуын дамыту.

Сәуір айының соңғы аптасында «Жасөспірім және оның еңбек құқығы Үй және көшедегі жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Кәмелетке толмағандар неше жастан бастап жұмыс істей алады? тақырыбы кеңінен талқыланып, оқушылар көптеген қажетті мәліметтерді түсінді. Мысалы атап кетер болсақ: Негізгі орта және жалпы орта білім алып жатқан 15 жастағы жасөспірімдер оқудан бос уақытта, денсаулығына зиян келтірмейтін, оқу процесін бұзбайтын жерлерде жұмыс істей алады;

14 жасқа толған оқушылар кинематография ұйымдары, театр, концерт ұйымдары, циркте денсаулығына және имандылық тұрғысынан дамуына нұқсан келтірмейтін болса, жұмыс істей алады.

14-15 жастағы жасөспірімдер жұмысқа тұрған кезде еңбек шартына өзімен бірге заңды өкілінің біреуі қол қоюы тиіс т.б. ақпараттармен танысты.

Сәуір айын «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ» тақырыбындағы дөңгелек үстелмен қорытындылардық. Дөңгелек үстел барысында елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жүйелі атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, ақпараттық үлестірме қағаздары мен блокноттар таратылып, видеороликтер көрсетілді.

Мамыр айында мектеп оқушыларына «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» бейнероликтер көрсетілді. Бейне ролик көрсетудің мақсаты: Оқушыларға “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру, өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту, өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту, өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

2024-2025 оқу жылың қорытынды іс-шарасы «Жемқорлық-қоғам дерті» тақырыбында үйірме мүшелері мен 7-8 сынып оқушылары арасында сурет байқауы өткізілді. Жеңімпаздарға алғыс хаттар мен сыйлықтар табыс етілді.

«Киелі домбыра» үйірмесі

- «Наурыз мейрамы» мерекелік концертінде өнер көрсетті.
- Әр түрлі мектеп ішілік мерекелік концерттерде домбырашылар өз өнерлерін көрсетті.
- **17.04.2025 жыл Қалалық «Абай оқулыра» байқауы, «Көңілім әнді ұғады»** номинациясы бойынша 9в сынып оқушысы Амангелді Томирис қатысып ІІ дәрежелі марапатты иеленді.
- **10.05.2025 жыл Астана қаласында өткен Республикалық «ALASH АМАНАТЫ»** байқауына қатысқандар:
 - **«Домбыра дастан» тобы**

Нәтижесі:

- Бұл концерт өте жоғары деңгейде өтті деп білемін.
- Үйірме мүшелері үлкен сахналық тәжірибе жинақтап, шығармашылық қабілеттерін көрсетті.
- Іс-шара оқушылардың өнерге деген ынтасын арттырып, келешекте де осындай кештерді өткізуге серпін берді.

Қорытынды:

Екінші жарты жылдықта үйірме мүшелері белсенділік танытып, домбыра тарту шеберліктерін жетілдірді. Көптеген оқушылар ұлттық өнерге деген қызығушылықтарын арттырып, сахналық тәжірибе жинақтады. Үйірме жұмысы жоспарға сәйкес толық көлемде орындалды.

Ұсыныстар мен болашақ жоспарлар:

- Шығармашылық байқауларға жиі қатысу;
- Репертуарды кеңейту;
- Топтық ансамбльдік орындауларды дамыту;

«Біздің жетістіктеріміз»

«Жастар» театры - “Біртұтас тәрбие” бағдарламасына сәйкес құндылықтарды оқушыларға дәріптеу мақсатында мектебімізде «Жастар» театры аптасына 2 рет үйірме жұмысын жүргізеді. Театр өнері арқылы оқушыларға адамгершілік, ұлттық құндылықтар, әділдік, шынайылық, еңбекқорлық сияқты маңызды өмірлік құндылықтарды ұғындыру, оқушылардың болашақ актерлік мамандыққа қызығушылығын арттыру жұмыстары жүргізіледі.

Театр үйірмесінің жетекшісі апта сайын баланың шығармашылық қабілеттерін дамытатын сабақтар өткізеді. Сабақ барысында дауысты дамыту жұмыстары жалғасын тауып, сахнаның қимыл-қозғалысы қалыптасып, балалар экранның арғы жағындағы қойылым кезінде әртүрлі рөлдерде ойнауды, өзара әрекеттесуді үйренеді.

«Шабыт» жобасының аясында өткізілетін үйірме оқушылар үшін шығармашылық әлеуетін дамытуға, командалық жұмысты нығайтуға және өнерге деген қызығушылықты арттыруға бағытталған маңызды шара.

«Би» үйірмесінің мақсаты:

Би өнері арқылы рухани бай, гуманистік бағыттағы, дамыған, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру.

Балаларды мәнерлеп билеу құралдарын меңгеруге үйрету, олардың дене бітімін дамытуға, жалпы және эстетикалық мәдениетін жетілдіруге ықпал ету

Тапсырмалар:

1. Денсаулықты нығайту.
2. Психомоторлық функцияларды жетілдіру.
3. Шығармашылық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Бағдарлама мыналарға бағытталған:

- орындаушылық қабілеттерін жетілдіру;
- ойлау қабілетін дамыту;
- ой-өрісін кеңейту;
- жалпы және музыкалық мәдениетті қалыптастыру.

Бөлімдер бойынша тақырыптық жоспар:

1. Ұйымдастыру жұмысы.
2. Оқу-жаттығу жұмысы
 - музыкалық қозғалыстың әліппесі;
 - кеңістіктік жаттығулар;
 - би техникасын дамытуға арналған жаттығулар;
 - би элементтері;
 - музыкалық ойындар мен ырғақты жаттығулар.
3. Тәрбиелік-танымдық сипаттағы іс-шаралар.

Жұмыстың басым бағыттары:

- Би тарихымен, музыкалық сауаттылығымен таныстыру;
- акробатика, аэробика, гимнастика, классикалық және халықтық би элементтерін үйрену;
- заманауи бидің бағыттарымен таныстыру;
- би нөмірлерін қою және мерекелік іс-шараларға қатысу.

Формалар:

- оқыту сабағы
- жаттығу сабағы
- ұжымдық – шығармашылық сабақ
- бақылау сабағы
- жеке сабақ
- музыкалық сабақ (музыкалық материалды тыңдау, музыка туралы әңгімелесу, музыкалық ойындар)
- бейресми іс-шаралар (мәдени іс-шараларға қатысу, ұжым ішінде бос уақытты өткізу)

Барлық сабақтар бір-бірімен тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырады. Хореография сабағында алған білімдері, біліктері мен дағдылары мектептегі басқа сабақтар мен сабақтарда кеңінен қолданылады.

Әдістер:

- Ауызша (түсіндірме, ескерту)
- Көрнекілік (мұғалімнің жеке көрсетуі)
- Практикалық (қимылдарды орындау)

«Би» үйірмесі жоспары бойынша жұмыс жасап келеді. Жылдық жоспарымыз бойынша жұмыстарымыз атқарылды. Алға қойған мақсатымыз толығымен орындалды деп білемін. Биылғы оқу жылында қабылданған бала саны 80 болды. Осы жылдың ішінде көптеген оқушылардың бойындағы дарындылығын ашып, жаңа өнер жолына тәрбиеленді. Биылғы жылы 5 топ болып бөлінді.

«Baby fox» үлкен тобы және «Baby fox» 1 тобы және «Baby fox» 2 тобы.

«Baby fox» 3 тобы және «Baby fox» 4 тобы.

2024-2025 оқу жылы «Сөз өнері» дебат клубының жұмысы

Клуб атауы: «Сөз өнері» дебат клубы

Оқу орны: Спандияр Көбеев атындағы жалпы білім беретін мектебі

Жетекшісі: Шуренова Г.К.

Жұмыс уақыты: Аптасына 2 рет

Қатысушылар: 8-10 сынып оқушылары

«Сөз өнері» дебат клубының мақсаты: логикалық және сыни ойлауды, коммуникативті мәдениетті және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларды дамыту, тәуелсіз шешім қабылдауға және қоғамның болашақ көшбасшысы ретінде жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ету. Осы мақсатқа жету үшін алдыға бірнеше міндеттер қойылды. Олар:

1. заманауи коммуникациялар әлеміне бейімдеу;
2. сөйлеу тәсілдерін дамыту;
3. сындарлы қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;
4. әлеуметтік көшбасшылық технологияларын меңгеру;
5. ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
6. оқу-тәрбие үдерісінде коммуникацияны ұйымдастырудың және өзін-өзі тәрбиелеудің жаңа жолдарын іздеу және игеру.

Осы міндеттерді шешу үшін мектепте оқушылармен отырыстар, кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылуы тиіс.

«Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының пікірсайыс қозғалысы жалпы ұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру шеңберінде білім алушылардың командада жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді, қарама-қарсы пікірге құрметпен қарауға, өз көзқарастары мен пайымдауларын белсенді қорғауға үйретеді, Спандияр Көбеев атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2021 жылдан бастап «Сөз өнері» пікірсайыс клубы жұмыс істейді.

Оқу жылының басында пікірсайыс клубының күнтізбелік-тақырыптық жоспары жасалды және бекітілді. Бұл бағдарлама 68 сағаттан тұрады. Оқу жылы бойы пікірсайыс клубының жоспары бойынша пікірсайысқа қатысу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тренингтер, дәрістер мен практикалар форматында ойын түрінде өткізілді.

Бағдарлама теориялық және практикалық сабақтарды қамтиды.

Тапсырмалар:

- 1) пікірталас технологиясын меңгеру арқылы оқушыларға өз сөздерін сауатты және сенімді түрде құруға үйрету.
- 2) толеранттылыққа, патриотизмге тәрбиелеу, белсенді азаматтық ұстанымды көрсетуге үйрету.
- 3) өз бетінше білім алуға, өз ой-өрісін үнемі кеңейтуге үйрету.

Пікірсайыс форматы: қысқартылған регламенті бар АПФ, БПФ, Әлемдік формат, ЛД

Қыркүйек -қазан айларында: «Сөз өнері» дебат клубының алғашқы отырысы дөңгелек үстелде өтті. Отырыс барысында жаңа оқу жылындағы пікірсайыс жоспарын бекітілді. Жоспарда отырыс мерзімін белгіленіп, дебаттың алға қойған мақсатымен міндеттерін, және де жасалатын жұмыстарымен оқушылар танысты. «Дебат» дегеніміз не? Дебаттың қандай түрлері бар? Дебаттың маңызы қандай тақырыбында оқушылармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Яғни, слайд арқылы оқушыларға дебат туралы мәліметтер айтылып, талқылау болды. Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, оған жауап ала алды.

БП «Үкімет өте жақсы оқитын оқушыларға степендия төлеу керек деп есептейді» тақырыбында шағын пікірсайыс өтті. Оқушылар тақырып аясында өз ойларымен бөлісіп, пікір алмасты.

Қараша – желтоқсан: Линкольн-Дуглас форматы бойынша ойын ережесін талқылап, оқушылардың ойларын ашық жеткізуін қадағаладым. БК: Өмір бойы бықсығанша, лаулап өртенген артық» д.е. қарары бойынша ойын өткіздім.

Әлемдік форматы бойынша ойын ережесін түсіндірдім. БП: Қазіргі заманда үшінші дүниежүзілік соғыс қаупі айқын (актуалді) екеніне сенеді д.е. қарары бойынша ойын өткізілді. Оқушылар өз ойларын ашық жеткізе алды.

«Сөз өнері» клубының «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына» арналған «Тәуелсіздік-қасиет тұнған ұлы ұғым» тақырыбындағы пікірталас ойыны. БП Қазақстан Республикасы Тәуелсіздікті алғаннан кейінгі ең ірі жетістікті атайды.

<https://www.instagram.com/reel/DDwwY5stess/?igsh=MXVicDhhdmNmMWhtdQ==>

Отырыстарда өткен сабақтар бойынша дайындық ойындарын өткіздік. Қарар: БП: Біз КСРО заманында қазіргі таңға қарағанда жақсы/нашар тұрдық деп есептейді.

Қараша айында «Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтары» тақырыбында мектепшілік пікір сайыс турнирі өтті. Турнирге 8-інші сынып оқушылары қатысты. Ойын өте қызықты және танымдық болды. Командалар өз көзқарастарын қорғады, сыни тұрғыдан ойлады және мәселені әр түрлі жағынан қарастырды.

07.12.2024 күні Ахмет Бірімжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінің қабырғасында жолдастық кездесу өтті. «Адал ұрпақ» және «Алаш қырандары» қатысып, жақсы нәтиже көрсетті.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жасалған тәрбие жұмыстардың сараптама нәтижесінде:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, елжанды, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілік талаппен қарайды, әдепті және рахымды, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, қанағатшыл болады, тереңінен ойлай алады, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Қорытынды: 2024-2025 оқу жылында сынып жетекшілер бірлестігі жұмысы жоспарлы түрде іске асырылды. Сынып жетекшілерге әдістемелік көмек көрсету жыл бойы жүргізілді, соның ішінде жас сынып жетекшілерге сыныппен жұмысты тиімді ұйымдастыру бойынша жекелеген кеңестер берілді. Тәрбие жұмысы барлық бағытта өз нәтижелері мен қорытындыларын айқындап отырды. Тәрбие жұмысы 6 бағытта 6 құндылыққа негізделіп жоспар бойынша ай айға бөлініп жасалды. Қорытындылай келе оқушылардың бойында құндылықтарға негізделген тәрбие қалыптастыру жұмысы жасалғаны айқындалады.

2025-2026 оқу жылында Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының атауын «Адал азамат» деп өзгерту туралы шешім қабылдады. (бұдан әрі – Бағдарлама). Бағдарлама бұған дейін іске асырылған бастаманың толыққанды жалғасы болып табылады. Бағдарламаның түпкі мақсаты «Адал азамат» тұжырымдамасының идеалдарына сай, патриоттық рухта тәрбиеленген, білімді әрі жасампаз ұрпақты қалыптастыру.

Жаңа оқу жылында тәрбие жұмысы МЖМББС сәйкес айқындалған 6 негізгі 6 құндылық негізінде ұйымдастырылады. Бағдарлама мазмұнына сәйкес ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар – заң және тәртіп айы;

- Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.
- Маусым – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Шілде – заң және тәртіп айы;
- Тамыз – заң және тәртіп айы.

2024–2025 оқу жылының қорытынды сауалнамасының нәтижесіне сәйкес, жаңа оқу жылында Бағдарлама аясында ұсынылған 6 әлеуметтік жоба мен алдын алу шаралары бойынша жұмысты күшейту ұсынылады.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жүзеге асырылуға ұсынылған жобалар:

- «Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Smart bala» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас;
- Өмірге салауатты қадам;
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша, күн сайын, апта сайын, жыл бойы өткізілетін жобалар, қауіпсіздік сабақтары, алдын алу сабақтары жоспары бекітіліп, өткізетін жетекшілер мен сыныптар 28 тамыз 2025 жылы педагогикалық кеңесте бекітілді.

Күн сайын

1. Ұлттық ойын – ұлт қазынасын ұйымдастырады 9-10 сыныптар күнде
2. Өнегелі 15 минут – 5 сынып аралығы жыл бойы күнде. Аптаның 5 күні.
3. Үнемді тұтыну – 6-9 сыныптар аралығы күнде.

Апта сайын

- 1.«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында, бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының әнұранын орындайды.
2. Аптаның дәйексөздері-мақал-мәтелдер, мақал-мәтелдер, халық даналығы, мазмұны бүкіл ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін көрнекті тұлғалардың сөздері.
- 3.«Қауіпсіздік сабағы» – оқушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут, соның ішінде жол қозғалысы ережелерін, тіршілік қауіпсіздігі негіздерін зерделеу.

Жыл сайын

1. «ДосболLIKE» - қорқытудың/қорқытудың алдын алу және оған тиімді қарсы тұру үшін жағдай жасау жөніндегі акцияны өткізу. – **мектеп педагог-психологтарына жүктеледі.**

2. «Әншуақ» - білім алушылар арасында қазақ тілінде әндерді дәріптеуге бағытталған балалар әндері фестивалін өткізу. – **музыка пәнінің мұғаліміне жүктеледі.**

3.«Ақындар айтысы» – Республика күні мерекесі қарсаңында жас ақындардың жарыстарын өткізу. – **музыка пәні мұғалімі және қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне жүктеледі.**

4. Пікірсайыс турнирлері-қоғамда орын алатын проблемаларды жария талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру үшін пікірсайыс ойындарын өткізу. – **Шуренова Г.К. Жүктеледі.**

5. Мектеп парламентінің Президентін сайлау-қазан айының үшінші сенбісі. - Тәлімгер «Күй күмбірі» домбырашылар челленджі-Наурыз мерекесі аясында күйлерді орындау (таңдау бойынша). – **Абишева А.К. жүктеледі.**

«Қамқор» - әлеуметтік жобаны іске асыру арқылы құндылықтарды сіңіру. – **әлеуметтік педагог, 1а,2б,3в,4а,5в,6б,7а,8б,9в,10а**

«Еңбек адал-жас өрен» - білім алушылардың әртүрлі кәсіптерге деген қызығушылығын дамыту және еңбексүйгіштік идеясын ілгерілету арқылы құндылықты ілгерілету. – **Алтынай Абаевна 1-11 сыныптармен.**

«Шабыт» - шығармашылық әлеуетті дамыту арқылы құндылықтарды ілгерілету. – **Қосымша білім беру педагогтары мен музыка пәні мұғалімдері.**

«Адалдық менің таңдауым» - Жемқорлыққа жол жоқ, адал азамат. – **1в, 2в, 2г, 3а, 4б, 5б, 9а, 10б.**

«Smart bala» - инновациялық жобалар байқауы арқылы құндылықтарды ілгерілету. – **ИКТ және Информатика пәнінің мұғалімдері.**

«Балалар кітапханасы» - оқуға және білім алуға деген қызығушылықты қалыптастыру. – **1б, 2а, 3б, 4в, 5а, 6а, 7б, 8а, 9б, 10в.**

«ДОСБОЛІКЕ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЕНДІРУ ТУРАЛЫ

Жобаның мақсаты: Қазақстан Республикасындағы орта білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алуға бағытталған кешенді жүйені іске асыру.

Іске асырудың негізгі қадамдары:

1. Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту.
2. Мектептік буллингке қарсы команда құру.
3. Қақтығыс болуы мүмкін аймақтарды бейнебақылау жүйелерімен жабдықтау (мүмкін болған жағдайда).
4. Педагогикалық ұжымға түсіндіру семинарларын өткізу.
5. Іс-шараларды тәрбие жұмысы жоспарына енгізу.
6. Әлеуметтік-психологиялық ахуалды диагностикалау жұмысын жүргізу.
7. Мамандардың біліктілігін арттыру.
8. Қызметкерлерге әрекет ету алгоритмдері жөнінде нұсқаулық беру.
9. Білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын және эмоциялық интеллектін қалыптастыру.
10. ППҚО-да ата-аналарға арналған сабақтар өткізу.
11. Әлеуметтік ахуалға тұрақты мониторинг жүргізу.

Мектепте «ДОСБОЛІКЕ» бағдарламасына сәйкес мектеп бұрышы жасалды. Жауапты мектеп психологтары: Бекбусинова Гульнар Гилымовна, Жансугурова Асель Даулетовна жоспарға сәйкес жұмысты жүйелеп жүр.

Ағымдағы оқу жылының қыркүйек айынан келесі іс-шаралар ұйымдастырылды:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

1 қыркүйек – «Білім күні», «Мектебім мейірім мекенім» сынып сағаты, 1-11 сыныптарға салтанатты сапта тұру шеруі өтті. **5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күніне** орай қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің әдістемелік бірлестігі мектептің бірінші қабатына көрме ұйымдастырып, оқушыларға қызықты интеллектуалды ойындар өткізді.

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күніне орай мектепте ата-аналар жиналысы болып өтті және мектеп психологтарымен кездесу, тренингтер болды.

Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күніне орай суреттен сайыс өтті және денсаулық күні аталып өтілді. Барлық оқушыларды секцияларға бөліп, жас ерекшелігіне қарай тапсырмалар берілді.

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні атты іс-шаралар өткізілді. Отбасы күніне арнайы ата-аналарға дөңгелек үстел өткізілді. Еңбек күніне орай оқушыларға мектеп ауласын жинастыруға және еңбектенуге арналған **«Таза Қазақстан»** сынып сағаттары өткізілді.

2025 – 2026 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың жұмысы

«Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау

туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы «04» қазандағы № 304 бұйрығы негізінде (сонымен қатар, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ 2023жылғы 5 қазандағы №580 бұйрығы; «Қостанай қаласының білім бөлімі» ММ 06.10.2023 жылғы №1306 бұйрығы) оқу жылы жоспарланды.

2023-2024 оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 апта, 2-11(12)- сыныптарда – 34 апта.

2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

2024-2025 оқу жылы мерзімдері:

«Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2024 жылы 11 шілдесіндегі №174 бұйрығы негізінде (сонымен қатар, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ 2024 жылғы 22 шілдесіндегі №494 бұйрығы; «Қостанай қаласының білім бөлімі» ММ 30.07.2024 жылғы №744 бұйрығы) негізінде оқу жылы ұйымдастырылды.

Оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 апта, 2-11(12)- сыныптарда – 34 оқу аптасы

2024 жылғы 1 қыркүйек – 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);

МС топтарында және 1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

2025-2026 оқу жылы мерзімдері:

«Орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 5 тамыздағы № 174 бұйрығына сәйкес, сондай-ақ «Қостанай облысы бойынша орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ «Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының 2025 жылғы 14 тамыздағы № 559 бұйрығына және Қостанай қаласы білім бөлімінің 2025 жылғы 18 тамыздағы № 439 «Қостанай қаласы орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» бұйрықтарына сәйкес оқу жылы жоспарланды

2025-2026 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері:

2025 жылғы 2 қыркүйек – 2026 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан бастап 2 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2026 жылғы 19-29 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 9-15 ақпанды қоса алғанда):

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

https://drive.google.com/drive/folders/1QXCblw-_Y6vpMjn6V_J2SnVEdAgoupmm?usp=drive_link

5-бөлім. Оқу-материалдық активтер.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшем шарттар:

- Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау.

Ғимарат туралы мәлімет. Ғимарат туралы мәліметтер (ғимарат түрі, салынған жылы, жобалық қуаты, ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі және т.б.) Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің Спандияр Көбеев атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ. Құрылыс түрі: блок, Жалпы ауданы - 10491,3 м2. Пайдалы алаңы – 5684 м2. Мекенжай: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, 7 шағын аудан 25/2 орналасқан. Салынған жылы – 2007 жылы құрылған, ғимараттың техникалық жағдайы қанағаттанарлық. Мектепте жыл сайын ағымдағы жөндеу жұмыстары арқылы қолайлы ортаны жақсарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Мектеп территориясы қоршалды, абаттандырылды, мектеп ауласын, мектеп жанындағы учаскені көгалдандыру бойынша іс-шаралар өткізілді, ағаштарды тәждеу жүргізілді. Ғимарат орталық жылыту жүйесімен, су құбырымен, электр жарығымен, телефон байланысымен және Интернетпен жабдықталған, 1 кіру нүктесі 50 мГб жылдамдық, ыстық сумен жабдықтау, кәріз жүйесі бар. Мектеп аумағында 1 спорт алаңы бар.

Спорт алаңы темір қоршауы бар алаңмен, баскетбол қалқандарымен, волейбол тіректерімен жабдықталған, оқушылар үшін демалыс аймағына беседкалар, құмсалғыштар кіреді. Шаруашылық аймағы-асфальт жабыны бар, ас блогының жанында, мектеп қажеттіліктеріне арналған өнімдері бар автокөліктердің кедергісіз кіреберісі бар алаң. Алаңда бетон негізде орналасқан және үш жағынан профильді материалмен қоршалған ҚТҚ шығаруға арналған контейнер бар. Аумақты абаттандыру көгалдандыру, ағаштар, бұталар, көгалдар, гүлзарлар, көгалдар арқылы шешіледі.

Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтерді болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер

Жалға берілетін үй жайлар:

Лицензияланған медициналық пункт (лицензия №000837DP, берілген күні 13.02.2012ж) 1 қабатта орналасқан. Ауданы - 59,6 м2,. Медициналық және процедуралық кабинеттер қажетті жабдықтармен жабдықталған.

Бірінші қабатта асхана орналасқан, асхана залы – 280,7 м2, асханадағы адамдар отыратын орындықтар саны - 300 дана. Асханада жеке меншік кәсіпкер ЖК «Мукаева Бакытжан Кенесбековна» қызмет етеді. Кәсіпкермен жалға алуды ұйымдастыру туралы шарт 23.08.2024 ж. жасалған. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды №Р.17.Х.KZ63VWF00389158. Берілген күні: 16.07.2025 жыл

Мектеп қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша дабыл батырмасы орналастырылған. Мектепте 2 турникет жұмыс жасайды.

Білім алушыға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер;

Медициналық қызметтер Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай қалалық көпсалалы ауруханасы» коммуналдық кәсіпорнымен жалға алу келісімшарты негізінде көрсетіледі.

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Қостанай қалалық емханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнымен 2024 жылдың 12 ақпанында № 11656414-1 келісімшарт бар.

мектеп ғимаратының бірінші қабатында орналасқан медициналық пункт бар, ауданы 59,6 ш.м. медбикесі Қиясова Қызғалдақ (0,75 бірлік) медициналық қызметке берілген лицензияның қосымшасының негізінде (лицензияға қосымша №000837DP берілген күні 13.02.2012 ж.) медициналық пунктте тәрбиеленушілер мен оқушыларға дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетеді. Білімі: арнаулы орта (мейірбике). Еңбек өтілі: 10 жыл, Медициналық кабинет қажетті медициналық жабдықтармен толық жабдықталған:

№	Медициналық жабдықтар мен құрал-саймандардың атауы	Саны
1	Жазу үстелі	3
2	Орындықтар	5
3	Кушетка	2
4	Кеңсе шкафы	1
5	Медициналық шкаф	3
6	Керме	1
7	Шыны қақпағы бар медициналық шағын үстел	5
8	Тоңазытқыш (вакциналарға және дәрі-дәрмектерге арналған)	1
9	Тонометр	1
10	Фонендоскоп	1
11	Бактерицидті шам	2
12	Медициналық таразы	1
13	Бой өлшегіш	2
14	Вакциналарды тасымалдауға арналған термоконтейнер	1
16	Медициналық термометрлер	5
17	Қол жуатын раковина	2
18	Педальды қақпағы бар шелек	1
19	Медициналық халаттар	2
20	Қалпақтар	2
21	Бір рет қолданылатын жаймалар	үнемі болады
22	Бір рет қолданылатын қағаз сүлгілер	үнемі болады
23	Жинауға арналған қоңыр түсті халаттар	1
24	Бір рет қолданылатын бетперделер	10-30

№	Медициналық жабдықтар мен құрал-саймандардың атауы	Саны
25	Жинау мүкәммалы: шелек, швабра, шүберек, шүберектерді сақтауға арналған сыйымдылықтар, қолғаптар	үй-жай жиынына қарай есептеледі
26	Дезинфекциялау құралдары	1 айға қор
27	Кеңсе тауарлары (журналдар, дәптерлер, желім, қаламсап, қағазтескі, степлер, корректор, папкалар және т.б.)	қажеттілігіне қарай
28	Кішкентай бикс	1 дана
29	Резеңке бұрау	2 дана
30	2,0 5,0 10,0 инелері бар шприцтер	10 дана 10 дана 5 дана
31	Резеңке жылытқы	1 дана
32	Мұзға арналған ыдыс	4 дана
33	Бүйрек тәрізді науа 1	3 дана
34	Аяқ-қолды иммобилизациялауға арналған шиналар	4 дана
35	Кілемше	2 дана
36	Сантиметрлік лента	1 дана
37	Дозаторлы сұйық сабын	үнемі болады

Объектілердің медициналық құжаттамасы:

- инфекциялық ауруларды есепке алу журналы;
- жіті инфекциялық аурулармен байланыстарды есепке алу журналы;
- профилактикалық егулер картасы;
- профилактикалық егулерді есепке алу журналы;
- вакциналардың, басқа бактериялық препараттардың қозғалысын тіркеу журналы;
- Манту сынамадарын тіркеу журналы;
- Манту сынамасы бойынша зерттеп-қарауға жататын тәуекел тобындағы балаларды тіркеу журналы;
- фтизиопедиатрда қосымша зерттеп-қарауға жататын туберкулиннің оң нәтижесі бар адамдар журналы;
- гельминттерге зерттеп-қаралатын адамдарды тіркеу журналы;
- баланың денсаулық паспорты;
- тәуекел тобындағы балалардың тізімдері;
- студенттерді флюорографиялық зерттеп-қарауды есепке алу журналы;
- флюорографиялық оң нәтижесі бар адамдарды есепке алу журналы;
- диспансерлік қадағалаудың бақылау картасы;
- тереңдетілген профилактикалық медициналық тексеріп-қарау журналы, мамандардың актілері;
- оқушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке медициналық карталары;
- ас блогы жұмыскерлерінің денсаулық жағдайын тіркеу журналы;
- шикі өнімдерге арналған бракераж журналы
- дайын тамақтың сапасын бақылау (бракераж) журналы
- «С- витаминдеу» журналы;
- бір айдағы тамақтану өнімдері нормаларының орындалуын бақылау тізімдемесі.

Edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәлімет
Интернет желісіне қосылу жылдамдығы 50 Мб/с . Edu.kz аймағында үшінші деңгейіндегі домендік атауы <https://sch10.testim.kz/>

Жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы мәліметтер

Бастауыш сынып бойынша барлығы - 284 оқушы бар. Жек пайдалануға арналған шкаф саны - 325 дана. Яғни, әр оқушыны жеке шкаппен 100 пайыз қамтамасыз етілген.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер

Мектептің кіреберісінде сырттан шақырту батырмасы қойылған. Кіреберістегі, қабылдау бөлмесі, спортзал, асхана, инклюзияны қолдау кабинетінің, т.б. оқу кабинеттерінің есіктері талапқа сай 90 см құрайды. Табалдырықтан өтуге арналған тақтайша, арбаға арналған ленталы жол, тактильді плиткалар, көтерілуге арналған периллалар, шақыру батырмасы бар арнайы жабдықталған әжетхана мен қол жуғыш бар.

Білім беру ұйымдарының жабдықтармен және жиһаздармен, оқу-зартханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдармен жарактандырылуы туралы мәліметтер

Мектепте 2 компьютерлік сынып (информатика кабинеті) бар, әр кабинеттегі компьютер саны - 20. **Интерактивті тақта саны – 12.** Жеке тоқталсақ, информатика кабинеттері (40,41), математика кабинеттері (8, 9), физика кабинеті (18), химия кабинеті (23), бастауыш сынып кабинеттері (6,15,16,), тарих кабинеті (5), география кабинеті (19), ағылшын тілі кабинеті (39).

Интерактивті панель – 23, география (2), тарих кабинеті (4), математика (10,11), бастауыш сынып кабинеттері (12, 13, 14, 17, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35), қазақ тілі кабинетінде (20,24), көркем еңбек қыздар (3), орыс тілі кабинеттері (26, 27, 28), ағылшын тілі кабинеттері (36, 37)

Мектептегі компьютерлер саны – 269 (32 жұмыс істемейді), жұмыс істейтіні – 237 дана (118 компьютер, 2 ноутбук, 100 нетбук, 15 планшет), мектеп әкімшіліктерінің кабинеттерінде 8 дана моноблок орналастырылған.

Актзалда және 1-қабаттағы фойеде, мұғалімдер бөлмесінде 3 телевизор орнатылған.

Мектепте жалпы 42 кабинет бар. Оның 42-сы – оқу кабинеті, 1 педагог-психолог кабинеті, 1- әлеуметтік педагог кабинеті, 1-мұғалімдер бөлмесі, 1-би залы, 1-домбыра үйірмесінің кабинеті, 1-акт залы, 1- спорт залы, 6-мектеп әкімшілігінің кабинеттері бар.

Оқу кабинеттеріндегі парта - 560 дана, оқушы орындығы - 1120 дана, компьютерге арналған үстел - 42 дана, шкаф - 60 дана, сынып тақтасы 42 дана.

Бастауыш сыныпта 13 кабинет бар, барлығы 829 м². Кабинеттегі жиһаздар саны: Мұғалім столы-13 дана, тумба – 13 дана, көтергіш және айналмалы орындық-13 дана, компьютер-11 дана, проекторлы тақта-5, интерактивтік тақта- 4 дана, интерактивтік панель – 2 дана, көрнекі құралдарға арналған шкаф-30 дана, оқушы отыратын орындықтар-326 дана, оқушылар партасы-163 дана, киімге арналған шкаф-13 дана, бой өлшеуіш-13 дана, сағат-13 дана. Бастауыш сынып оқушыларына арналған жеке шкафтар – 325 дана, кондиционер-1 дана. Қоқыс себеті- 13 дана.

Мектептегі оқу кабинеттеріне тоқталсақ, қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті-3 (193,3 м2), Орыс тілі мен әдебиеті кабинеті-3 (175,5 м2), математика кабинеті – 4 (261,3 м2), Шет тілі кабинеті-3 (186,4 м2), тарих кабинеті-3 (196,5 м2), география кабинеті 1 (62,8 м2), зертханасы бар химия кабинеті-1 (70 м2), зертханасы бар биология кабинеті-1 (72,2 м2), зертханасы бар физика кабинеті-1 (84,3 м2), информатика кабинеті-2 (141,8 м2), Ұлдар, қыздарға арналған еңбек кабинеті -2 (131,2 м2), дене шынықтыру оқытушыларының бөлмесі – 1 (549,2 м2), музыка кабинеті-1 (56 м2), кітапхана кабинеті-(136,8 м2),. Оқу кабинеттерінде мұғалімдер мен оқушыларға арналған жұмыс аймақтары, оқу-көрнекі құралдарды орналастыруға арналған қосымша кеңістік айқындалған. Барлық оқу үй жайларында қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес оқу жиһазы қолданылады: - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22

қаңтардағы № 70 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 7 маусымдағы № 265 бұйрығына сәйкес.

Акт залы - 248,7 м2. Секциялық кресло жиын -1 дана. Дәріс трибунасы-1 дана. Төралқаға арналған үстел-1 дана. Төралқаға арналған орындық немесе кресло-3 дана. Ноутбук - 1 дана. Сцена-1 дана. Проектор – 1 дана, Полотно – 1 дана. Шымылдық - 1 дана. LED-экран жиын- 1 жиын. Сахнаны жарықтандыруға арналған жабдық жиын-1 жиын. Акт залы мен төралқа үстеліне арналған дыбыс жабдығы жиын-1 дана. Сымсыз технологиялары бар музыкалық орталық (аппаратура) -1 дана. Дыбыс/жарық операт орының жұмыс орны жиын-1 дана. Акт залына немесе музыка кабинетіне арналған музыкалық жабдықтар мен құралдар жиыны. Сервер-1 жиын. Үздіксіз қуат беру көзі -1 дана. Желілік фильтр-2 дана. Қол жеткізу коммутаторы-1 дана. Коммутациялық шкаф -1 жиын. Үстел -1 дана. Кресло немесе орындық-300 дана. Медициналық дәрі қобдишасы -1 дана.

Мұғалімдер бөлмесі – 66,5 м2. Кабинетке арналған үстел - 1 дана, педагогтердің жалпы санынан 30%

Жартылай жұмсақ орындық- 28 дана, педагогтердің жалпы санынан 30%, Кабинетке арналған шкаф-1 дана, web-камера мен жабдықталған интернетке кіру мүмкіндігі бар панель-1 дана; компьютер - 3 дана; Көп функциялық ұрылғы (көшіргіш/принтер/сканер)-1; Керек-жарақтары бар дәрі қобдишасы-1 дана.

Әлеуметтік педагог бөлмесі - 18 м2. Компьютерге арналған тумбочкасы бар үстел-1 дана; Шынтақшалары бар аунақшаларда айналатын кресло-1 дана; Жартылай ашық шкаф-2 дана; Жиынтықта жұмсақ жиһаз-1 дана; Шағын журнал үстелі-1 дана; Балалар үстелі-1 дана, Балалар орындығы-2 дана; Жиында микрофон-телефон гарнитурасы және web-камерасы, интернетке қол жеткізу мүмкіндігі бар дербес компьютер-1 дана; Үстелге арналған акустикалық жүйе-1 дана; Көп функционалдық ұрылғы (көшіргіш/принтер/сканер)-1 дана; Желілік фильтр-1 дана; Ақпараттық стенд-1 дана; Әдістемелік әдебиеттер-2 дана; Қабырғалық бактерицидті сәулелендіргіш-1 дана.

Педагог-психолог бөлмесі - 22 м2. Компьютерге арналған тумбочкасы бар үстел-2 дана; Шынтақшалары бар аунақшаларда айналатын кресло-2 дана; Жартылай ашық шкаф-2 дана; Тербеліс әсері бар жартылай жұмсақ кресло-10 дана; Шағын журнал үстелі-3 дана; балалар үстелі-4 дана; балалар орындығы-10 дана; Жұмсақ пұф-2 дана; Магнитті/тығынды тақта-1 тақта; интернетке қол жеткізу мүмкіндігі бар дербес компьютер-2 дана; Үстелге арналған акустикалық жүйе-1 дана; Көп функционалдық ұрылғы (көшіргіш/принтер/сканер)-2 дана; Портативті колонка-2 дана; Желілік фильтр-3 дана; Ойын әрекетін дамытуға арналған ойын немесе ойыншық-60 дана; Ақыл-ойы бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық тексеруге арналған жиын- Әдістемелік әдебиеттер-25 дана; Қабырғалық бактерицидті сәулелендіргіш-1 дана; Ынталандырушы көрнекі- дидактикалық материал-12 дана; Еденге арналған кілем жабыны-1 дана;

Спорт залы – 549,2 м2. Спорт залы мен секцияларының жабдықтары Биік қоссырық-1 дана, Едендік қоссырық-1 дана, Ерлерге арналған параллель қоссырықтар-1 дана

Әйелдерге арналған әртүрлі биіктіктегі қоссырықтар-1 дана, Өрмелеуге арналған арқан-2 дана, Тартуға арналған арқан-2 дана, Гимнастикалық сырғы-2 дана, Гигиеналық жабыны бар гимнастикалық төсеніш-10 дана, Серіппелі гимнастикалық көпірше-2 дана, Металл шеңбер-30 дана, Гимнастикалық таяқша-10 дана, Секіргіш-10 дана, Гимнастикалық қабырға-8 дана, Төралқалыққа арналған жалауша-10 дана, Шаңғы жарыстарымен коньки мен жүгіру дайындығына арналған мүкәммал, Әртүрлі өлшемдегі коньки жұп-2 дана, Шаңғыға арналған бекітпелер жұп-45 дана, Әртүрлі өлшемдегі пластик шаңғылар жұп-45 дана, Әртүрлі өлшемдегі шаңғы бәтіңкелер- жұп-45 дана, Әртүрлі өлшемдегі шаңғы

таяқшалары- жұп-45 дана, Жеңіл атлетикамен айналысуға арналған жабдықтармен мүкәмнал, Лақтыруға арналған граната 500 грамм-6 дана, Лақтыруға арналған граната 700 грамм-6 дана, Биіктік кесекіруге арналған төсеніш-1 дана, Эстафеталық таяқша-10 дана, Спорт ойындарына жабдық және мүкәмнал, Минифутбол қақпасы-2 дана, "Тоғызқұмалақ" үстел ойын жиыны-15 дана, Баскетбол сақинасы-6 дана, Ойын манишкасы-20 дана, Баскетбол добы-20 дана, Волейбол добы-15 дана, Гандбол добы-3 дана, Футбол добы-2 дана, Үстел теннисі ойынына арналған ракетка-16 дана, Баскетбол торы-6 дана, Жиында антеннасы бар волейбол торы жиыны -2 дана, Үстел тенииісіне арналған тор-3 дана, Мини-футбол қақпасына арналған тор-2 дана, Волейбол тіреуі-2 дана, Жиында теннис үстел-3 дана, Волейбол торына арналған сымарқан-1 дана, Таңбалауыш фишка-20 дана, Ерлерге арналған баскетбол формасы жиыны- 12 дана, Әйелдерге арналған волейбол формасы жиыны- 12 дана, Ерлерге арналған баскетбол формасы жиыны- 12 дана, Ерлерге арналған мини-футбол формасы жиыны- 12 дана, Үстел тенииісін ойнауға арналған шарик-60 дана, Шахматтар жиынтығы -"10 дана, Дойбылар жиынтығы -"10 дана, Баскетбол қалқаны-6 дана, Спорт алаңшасы, Параллель металл қоссырықтар-2 дана, Торы бар мини футболға арналған қақпа-2 дана, Гимнастикалық металл аспап-5 дана, Лақтыруға арналған сектор-1 дана, Ұзындыққа секіру секторы-2 дана, Қалқаны және торы бар баскетбол тағаны-2 дана, Торы бар волейбол тағаны-2 дана, Төрешілер мұнарасы жиыны -1 дана.

Кітаптар қоймасы және оқу залы бар кітапхана – 136,8 м2. Мектептің 1 қабатында дәлізде ашықалаңда "Букросинг" алаңы рәсімделген. Коворкинг алаңы қажетті жиһаздармен (пуфиктер мен кітап сөрелері, үстел ойындар, газет-журналдар) жабдықталған. Ресепшн немесе кітапханашының үстелі -1 дана. Шынтақшалары бар аунақшаларда айналатын кресло немесе орындық-2 дана. Микрофон-телефон гарнитурасы мен және web-камера мен жабдықталған интернетке кіру мүмкіндігі бар дербес компьютер жиын-1 дана. Көп функциялық құрылғы (көшіргіш/принтер/сканер) 1 дана. Акустикалық жүйе- 1 дана. Микрофонды-телефон гарнитурасы -2 дана.Түптелген құрал-жабдықтар жиын- 1дана. Кітаптарды жөндеуге арналған құралдар мен материалдар жиын-1 дана. Кітапхана қоры: оқу, анықтама, көркем әдебиет және басылымдар, аудио-бейнетекә жиын-1 дана.Оқырман формулярларына арналған шкаф-1 дана.Көрмелік кітапхана сөресі -1 дана. Кітапхана сөресі -10 дана. Мерзімді басылымдарға арналған кітапхана шкафы -2 дана. Бір орынды компьютер үстелі - 2 дана. Оқырман үстелі - 2 дана. Жартылай жұмсақ орындық 4- дана. Қабырға картиналары - 4 дана. Журнал үстелі - 1 дана. Жұмсақ орындық-4 дана.

Хореография залы – 69,6 м2. Қабырғаға бекітілетін биіктігі 2 метр айна-1 дана; қауіпсіздікті қамтамасыз ет у үшін ұсынылған құрал- жабдықтар: кіруді бақылау және басқару жүйесімен, күзет сигнализациясын хабардар ету құралдарымен жабдық жиынтығ-1 дана; музыкалық орталық-1 дана; дауыстық хабарлауы бар өрт дабылы жүйесін орнату-1 дана.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығы негізінде білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектепте жедел басқару орталығына (ЦОУ-ЖБО) және аумақтық ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне қосылған. 42 (15-сыртқы, 27-ішкі) бейне бақылау камерасы істеп тұр. Мектеп ғимаратының 1 қабатында 5 унитаз (2 ер балаға, 1 қыз балаға, 1 мүгедектерге арналған), 22 жуу раковина (2 ер балаға, 3 қыз балаға, 2 мүгедектерге арналған, 15 асханада орналасқан) жұмыс істейді. 2 қабатта 15 унитаз (7 ер балаға, 8 қыз балаға), 9 жуу раковина (4 ер балаға, 5 қыз балаға) 3 қабатта қабатта 13 унита (7 ер балаға, 6 қыз балаға), 11 жуу раковина (6 ер балаға, 5 қыз балаға) бар. Жалпы унитаздар саны – 45, раковина – 76 дана бар.

Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәлімет

ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде білім алушыларға арналған мектеп ғимаратының бірінші қабатында 300 балаға арналған асхана орналасқан. Асханада білім алушылардың толыққанды тамақтануына барлық жағдай жасалған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңының 43-ші бабының 3 тармағының 11 тармақшасына, 45 бабы 3 тармағының 4 тармақшасына, 48 бабына сәйкес, ҰҰБ Балалар құқықтары Конвенциясының 24 бабына сәйкес 5-11 сынып аралығындағы оқушылардың білім алуын қамтамасыз ету және оған жағдай жасау мақсатында мектеп басшысының 2022 жылдың 01 қыркүйектегі №295 бұйрығы негізінде ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі.

Мектеп оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету «Мемлекеттік сатып алу» заңына сай конкурс жариялау арқылы анықталады. 2025-2026 оқу жылында ыстық тамақпен қамту бойынша ЖК «Мукаева Бакытжан Кенесбековна» асхананы жалға ала отырып жұмыс жасайды. (жалға алу шарты 27.03.2025 EURIKZKA Id договора 13899337), оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету шарты: №41, 27.03.2025 ж.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің қорытындысы :№Р.17.X.KZ63VWF00389158, 16.07.2025 ж алынған.

Бір күндік тамақтанудың құны 6-10 жас балалары 686 теңге, 11-15 жас балалары 712 теңге, 16-18 жас балаларына 775 теңге, 7 оқушы тегін тамақтанады. Жалпы тегін тамақпен 291 оқушы қамтылған.

Оқушыларды ыстық тамақпен қамту «Қостанай қаласы білім бөлімі» ММ 25.12.2024ж №832 бұйрығымен бекітілген 2 апталық перспективалық мәзірге сәйкес жүзеге асырылады. Перспективалық мәзірге сәйкес күнделікті ас мәзірі құрылып, мектеп басшысымен бекітіледі.

Асхана қызметкерлерінің барлығы да санитарлық дәрігерлік тексеруден өткен. Медбике санитарлық-гигиеналық тазалық нормаларын, ыдыс-аяқтардың жуылуын, дезинфекциялануын уақытылы қадағалайды. Тамақтардың дұрыс сақталу жағдайы талапқа сай. Асханаға су құбыры жүргізілген, су жылыту құрылғысы аристон бар. Тамақтану бөлмесінде тамақ үлестіретін және пайдаланылған ыдыстарды тапсыруға арналған арнайы үстелі бар. Оқушылардың қолдарын жууға арналған арнайы орын, сабын бар. Оқушылардың уақытылы тамақтанып, сабақтарына үлгеруі үшін тамақтану кестесі және тамақтану барысында тәртіп сақтауы үшін кезекшілік құрылған.

Асхана бөлмесі барлық қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған. Құрал-жабдықтардың маркировкасы жүргізіледі. Жалпы асхананың санитарлық жағдайы, аспаздардың сыртқы киімі санитарлық талапқа сай.

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекен жайы	Тамақтандыру объектісінің атауы (асхана, буфет, дәмхана)	Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні және нөмірі)	Ескертпе (тамақтандыру объектісін жалға берген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету)
Қостанай облысы, «Қостанай қаласы білім бөлімінің Спандияр Көбеев атын жағы жалпы білім беретін» коммуналдық мемлекеттік мекемесі,	Мектеп асханасы	№Р.17.X.KZ63VWF00389158 16.07.2025 жыл	ЖК «Мукаева Бакытжан Кенесбековна»

көшесі 7 шағын ауданы, ғимарат 25/2			
--	--	--	--

https://drive.google.com/drive/folders/14axZNHYq2qqd69pS6ZK_hZ3G79jfXyjW?usp=drive_link

6-бөлім. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Жалпы білім беру мекемесі кітапханасының жұмыс тәжірибесінің сипаттамасы

Мектеп кітапханасы 1-қабатта орналасқан, кітапхана 136,8 ш.м.оқу залы бар аймағында үшінші деңгейдегі доменді интернет жылдамдығы 4.Мб/с. Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер берілген. Кітап қоры- 44400 дана,оқу пәні бойынша- 20320, білім алушы саны 623, оқу –әдістемелік, көркем, ғылыми біліктілік талабына сәйкес келеді.

Кітапхананың өзекті тақырыбы: Білім саласында заманауи технологияларды пайдалана отырып мектеп кітапханасының жұмысы барысында, оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру арқылы рухани дамыған азаматты қалыптастыру және бейімдеу арқылы алған білімдерін қолдануға ықпал ету.

Мектеп кітапханасының негізгі бағыттары:

Кітапхананың кітап қорын бүгінгі заман талабына сай деп саналатын маңызды, құнды басылымдармен толықтыру; Кітапхана ісіндегі ақпараттық автоматтандыру процестерін жетілдіріп,ақпараттық ресурстар құру,дерек қорларды толықтыру; Жана технологиялық қызмет көрсету.

Мақсаты:

1.Мектептің оқу-тәрбие үрдісіндегі өзекті тақырыбына сай әртүрлі шаралар өткізу арқылы,жас ұрпақ тәрбиелеуге үлес қоса отырып, мұғалім мен оқушы құзыреттілігін байланыстыра қалыптастыру- ға,ынталандыруға жұмыс жасау.

2.Оқушылардың кітапқа қызығушылығын арттыруға,шығармашылығын дамытуға және өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруға жұмыс жасау.

3.Пайдаланушыларға ақпаратты-кітапханалық қызмет көрсету:оқушылар мен педагогтерге қолда бар барлық оқу-әдістемелік және қосымша қолданыстағы немесе медиа ресурстармен тегін және еркін қолдану құқығын қамтамасыз ету;

4.Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу негізінде кітапхана ұсынған қызметтер номенклатурасын жетілдіру, оқушылар мен педагогтар үшін қолайлы оқу кітапханалық ортаны ұйымдастыру;

5.Қолданушының шығармашылық әлеуетін дамыту,оқушылар мен мұғалімдердің ақпараттық мәдениетін дамыту;

Міндеттері: 1.Оқушының оқу бағдарламасын меңгерудегі танымдық қызығушылығын арттыруға,шығармашылық қабілетін дамытуға жағдай жасау.

2. Педагогикалық ұжым мен оқушылардың ақпараттық білімдерін көтеруге көмек көрсету.

3.Кітапханалық маркетингтік қызмет көрсету арқылы оқырмандар санын,кітап берілімін және оқылым пайызын көтеру.

Бағыттары:

-кітапханаға оқырмандарды үнемі тартып отыру;

-әдістемелік бірлестікпен бірлесе оқу бағдарламасына сәйкес кітаптарға тапсырыс беру;

-оқу жылы бойы оқулықтармен ,жаңа кітаптармен жұмыс жүргізу;

-кітаптарды « etandau.gov.kz / бағдарламасына тіркеу,электронды каталогқа енгізу;

-түрлі іс-шаралар ұйымдастыру;

-мектепшілік өткізілетін жұмыстарға материалдар жинақтау;

Кітапхана қоры туралы

р/с	Жалпы қор	Көркем әдебиет	анықтамалық	Ғылыми танымдық	Жыл ішіндегі айналым
1	44400	24120	420	180	8000

р/с	Барлық оқушы саны		Барлық ата-ана		Барлық педагог		Барлығы
1	623		305		68		996
2	Оның ішінде оқырман	540	Оның ішінде оқырман	260	Оның ішінде оқырман	55	855

Кітапхананың материалдық техникалық базасы мен ақпараттық кеңестігін нығайту перспективалары

Р/с	Техникалық құралдар	2022-2023жыл	2023-2024 жыл	2024-2025 жыл
1	Көркем әдебиет	112	358	68
2	Электрондық басылымдар	150	жоқ	жоқ
3	Интерактивті тақта	1	-	-
4	Көрме сөрелері	12 шт.	-	-

Кітапхананың жұмыс тәжірибесін тарату

р/с	Тақырыбы	Түрі	Орны, мерзімі	Нәтижесі
1	Оқу үрдісінде оқыту әдістерін тиімді қолдану	-Өзіндік жұмыс істеу әдісі; -білімді тексеру әдісі; проблемалық:прогноммаланған оқыту әдісі; -оқу-танымдық әрекеттерді ұйымдастыру;	Кітапхана	Мұғалім оқытудың нәтижесін арттыруда оқыту әдістеріне қатысты амал-тәсілдерімен қатар он құраларын да пайдаланады.
2	Оқырман бенефисі-бір оқырманның құрметіне жасалған кешенді іс-шара.	Фантастика,поэзия және т.б.қызығушылықпен қарайтын оқырман.	Кітапхана	Жазушы бенефисі-бұл ең үздік оқырмандарды насихаттау,достарының көзінше олардың абыройын жоғарылатудың нәтижелі құралы.
3	Буккроссинг-	Ағылшын тілінен ауд.кітап айналымы	Кітапхана	Бұл интернет-ойын түрін- де жүргізіледі. Принципі-оқып басқаға береді.
4	Ақпарат күні	Белгілі бір уақытта кітапханаға	Кітапхана	Ақпарат күні туралы кітапханашы пайдалан-шыға хабарлайды

Соңғы екі жылдағы кітапхана қорының материалдық -техникалық базасы техникалық жабдықтауы

р/с	Техникалық құралдар	Интернет желісі	Әдеби кітаптар	Көрме сөрелері
	Белсенді тақта Дербес компьютер Принтер	4 мб/с	24120	12

«Оқуға құштар мектеп» Мектеп кітапханасы мектеп әкімшілігі бекіткен жоспар бойынша жұмыс істейді. Кітапхана қызметінің негізгі бағыттары:

- жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеуге жәрдемдесу;
- оқырмандардың үздік отандық және шетелдік авторлардың шығармаларын оқуға деген қызығушылығын ояту және талғамға тәрбиелеу;
- кітапхананың негізгі, оқу қорын сапалы қалыптастыру және қамтамасыз ету.

Кітапхана оқу, ғылыми және тәрбие процесіне қатысады, инновациялық технологияларды қолданады, кітапхананы модернизациялау енгізілген. "Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру аясында жаңарту жұмыстары жүргізілді, оның мақсаты - кітапхананың жаңа моделін құру болды. Бүгінде кітапхана қоры ғылыми-көпшілік, анықтамалық, салалық, көркем, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттермен қамтылған.

2023 жылы түскен көркем әдебиет саны - 358 дана. «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы бойынша балалар жаңадан келген кітаптарды алып оқиды.

Мектеп кітапханасы қызметінің басым бағыты кітапхана қызметінің әртүрлі нысандары мен түрлері арқылы кітап пен оқуды ілгерілету болып табылады.

Мектеп кітапханасы "Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт" республикалық жобасы шеңберінде кітапты насихаттауға, оқуға және оқырман мәдениетін дамытуға бағытталған қызметті белсенді түрде жүзеге асыруды жалғастыруда: адамгершілік құндылықтарды дамыту және оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуде.

Бүгінгі таңда мектеп кітапханасы - оқырмандарымыз үшін оқу, сенімді ақпарат алу және зияткерлік бос уақытты өткізу, олардың шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыру және түрлі іс-шаралар өткізу үшін ыңғайлы орын.

Кітапхананың жарнамалық-ақпараттық қызметі ақпаратты орналастыру арқылы баспа БАҚ арқылы жүзеге асырылады:

2023-2024 оқу жылынан бастап «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы мектебімізде жүзеге асырылуда. Жоба аясында оқушыларға кітап оқу дағдысын қалыптастыру мақсатында №10 мектеп кітапханасында жоспар бойынша түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді:

Халықаралық кітап күніне арналған «Менің сүйікті кітабым – менің достарымның қолында» акция аясындағы іс-шарада балалар кітап сыйлады.

«Бір ел - бір кітап 2024». Бердібек Соқпақбаев Биылғы жылы "Бір ел -бір кітап" акциясы аясында қазақ прозасына өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі, 2024 жылы 100 жылдығы Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқимыз.

Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті және академигі Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына орай «Ғылым көкжиегіндегі дара тұлға» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

1 наурыз алғыс айту күні құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Баршаңызға алғыс айтамын, көп рахмет! Кітапханада болған 2 «Г» сыныбы,

«Біздің Отанымыздың белгілі ұлдары»

5-сынып оқушыларын Отанын, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата — бабаларымыздың өнеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, ата мекенін көздің қарашығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Рақымжан Қошқарбаев Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тіккен жалғыз қазақ. Тарихи ерлігін небәрі 21 жасында жасаған «Ер есімі-Ел есінде» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мектеп кітапханасында кітапханашы балалармен үнемі ұсынымдық әңгіме жүргізеді. Ұсынымдық әңгімеде кітапханашы баланың өз жасына қарай қабылдай алатын кітапты таңдауға және кеңес беруге тырысады. Кітап оқырманға қайтарылғанда оқығаны туралы жеке әңгіме жүргізіледі.

Алдағы уақытта да аталмыш жобаны жүзеге асыру жұмыстары жалғасын табатын болады.

Интернет желісіне қосылған компьютерлердің (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер.

Мектеп жалпы компьютерлік техникалық құралдармен жабдықталған, барлығы – 269 дана, қолданыста – 237 дана (118 компьютер, 2 ноутбук, 100 нетбук, 15 планшет), қолданылмайтын (оның ішінде жөндеуге жатпайды (есептен шығаруды қажет етеді) – 32 дана. Оқу процесінде - 237 дана, интернетке қосылғаны – 237. Оның 20 компьютер-информатика (40), 20 компьютер- информатика (41), 118 компьютер оқу кабинеттерінде.

Мектепте жаңа модификация кабинеттері (химия, биология, физика) жабдықталған. Әрбір оқу кабинеті демонстрациялық мультимедиялық жабдықтармен жабдықталған (интерактивті тақтасы бар кабинеттер – 13 дана, полотно тақта 23 дана, проекторлы тақта 35 дана бар). Мектепте әрқайсысы 20 оқушыға арналған 2 информатика кабинеті жұмыс істейді. Сондай-ақ, мектепте робототехника бойынша 2 жиынтық бар. 2025 жылы мемлекеттік сатып алу бойынша 30 жаңа компьютер және 8 дана моноблок алынды, оқу кабинеттеріндегі ақаулықтары бар компьютерлер жаңартылды, сонымен қоса директор мен орынбасарларға 8 моноблок қойылды.

Оқу-тәрбиелік үдерісінде қолданылатын компьютер, ноутбук, планшет саны-269 дана (118 компьютер, 2 ноутбук, 100 нетбук, 15 планшет); 1 компьютерге келетін білім алушылар саны – 2, 3. Ұлттық білім беру деректер қорында 2016, 2017, 2018, 2019, жылдарда техникалық құрал-жабдықтарды көрсету бағаны біреу болғандықтан, осы жылдарға компьютер, ноутбук саны бірге есептеліп қойылды. Ал 2020 жылдан бастап стационарлық компьютер, ноутбук, планшет бағандары бөлек болғандықтан әрқайсысы жеке қойылды, және 100 дана нетбук 2020 (1 қыркүйек пен 31 желтоқсан) аралығында нетбук бағаны болмағандықтан олар ноутбуктар бағанына қойылды.

Оқу-тәрбиелік үдерісінде қолданылатын компьютерлік құралдар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 наурыздағы №79 бұйрығы мен бекітілген бағдарламалық-ақпараттық кешенге қойылатын минималды талаптарды анықтау туралы және білім беру ұйымдарында қолданылатын қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келеді.

Оқу-тәрбиелік үдерісінде пайдалану 2025 жылдың 10 ақпан күнгі №16 келісімшарты бойынша «Қазактелеком» АҚ жеткізушінің жоспарындағы кең жолақты қатынауды өткізу қабілеттілігі мен жүзеге асырылады. Мектеп бойынша АҚ «Қазактелеком» Интернет желісін 1 нүктесі қосылған (50 Мбит/с жылдамдықтағы 1 нүкте қауіпсіз интернет ИҚБЖШ, 50 Мбит/с жылдамдықтағы 1 нүкте)

Оқу кабинеттеріндегі барлық техникалық құралдар интернетке қосылған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы №832 қаулысымен бекітілген «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптар» бұйрығына сәйкес барлық интернет желілері кеңжолақты қатынауды өткізуге қол жеткізу шлюзі, сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы трафикті сүзу арқылы қосылған. Барлық жұмыс станциялары лицензияланған антивирустық бағдарламамен қорғалған, лицензияланған операциялық жүйелер мен кеңсе жиынтығы орнатылған.

Оқу процесін жүргізуге қажетті құрал-жабдықтар мен жабдықталған 2 информатика кабинеті бар, 40 кабинетте 20 компьютер, интерактивті тақта, принтер жинақталған. 41 кабинетте 20 компьютер, проектор, принтер жинақталған.

2017 жылдан бастап ақпараттық білім беру порталын белсенді пайдалану басталды Bilimland.kz BilimMediaGroup. OnlineMektep, Bilimcenter, ITest, Twig-Bilim ресурстарына қолжетімділік барлық педагогикалық ұжымға, барлық білім алушыларға жеке логин мен пароль арқылы қамтамасыз етіледі. Порталға кірудің апта сайынғы мониторингі, сабаққа дайындық кезінде (әсіресе қашықтықтан оқыту кезеңінде) жоғары белсенділікті және онлайн кезінде жиі пайдалануды көрсетеді.

Pisa білім беру жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарламаға дайындалу үшін оқушылар апта сайын платформада тест тапсырады. Bilimcenter.kz. тұрақты негізде 9-сынып оқушыларына МОДО-ға дайындық және платформада қорытынды аттестаттау бойынша тестілеу жүргізіледі Testter.kz

Ағымдағы оқу жылына бекітілген ақпараттандыру жоспарына сәйкес бірқатар тапсырмаларды жүзеге асырады. Цифрландыру бойынша педагогтердің курстық даярлығы, кәсіби құзыреттілігін арттыру, интернет желісіндегі кибер қауіпсіздіктің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізіледі. Сонымен қатар «ҰБДҚ», «BilimClass.kz» уақытылы және сапалы толтырылып, үнемі бақылауда. Білім беру үрдісінде техникалық құралдар мен ақпараттық жүйелерді тиімді қолдану үшін үнемі консультациялық қолдау көсетіледі, семинарлар, коучингтер өткізіледі.

Мектепте үшінші деңгейдегі домендік аты бар онлайн ақпараттық ресурс жұмыс істейді <https://sch10.edu.kz/>. Бұл ресурста мектептің өмірі-іс-шаралар, жаңалықтар, хабарландырулар жарияланады. Оқу, тәрбие, ғылыми-әдістемелік бағыт бойынша жұмыс істеуге арналған бөлімдері қарастырылған. Мектеп әдістемелік бірлестіктері бойынша бөлімдерде олардың жұмыс бағыты бойынша құжаттар ұсынылған. Директордың блогында ата-аналар мен балалар біздің мектепке қатысты білім беру саласындағы сұрақтарына жауап ала алады. Сондай-ақ, мұғалімдер мен оқушылардың жетістіктері, Мемлекеттік қызметтер, Мемлекеттік сатып алу туралы ақпарат ұсынылған. Басты беттің жоғарысында жаңалықтар, азаматтарды қабылдау кестесі, байланыстар, фотогалерея деген бөлімдер орналасқан, бөлімдерден кез-келген ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

https://drive.google.com/drive/folders/1WOO1g0ELnEPcM_txOfh2n4VRp_fvmXA?usp=drive_link

7-бөлім. Білім алушылардың білімін бағалау

Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

ЖП үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер):

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Қостанай қаласының білім беру бөлімінің Спандияр Көбеев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ негізгі басым міндеттерінің бірі мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік бастауыш білім берудің, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті білім беру стандарты мақсаттар жүйесін іске асыруға бағытталған оқыту мен оқу үдерісінің сапасын арттыру. Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжымның білім сапасын арттыру бойынша жұмысының негізгі бағыттары білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қолжетімділігін қамтамасыз ету; күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуде студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру. Оқыту мен оқу үдерісінің сапасын бақылау жүйесі мектепшілік бақылау негізінде жүзеге асырылады. Оқыту мен оқу процесінің сапасын бағалау жүйесі келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- Бағалар бойынша білім сапасын бақылау.
- оқу бағдарламасының пәндері бойынша білім сапасын бақылау;
- ОЖЖ пәндерін оқыту сапасын бақылау.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 2-тармағына сәйкес мектеп бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің қолжетімділігін және тегін болуын қамтамасыз етеді. Мектеп инклюзивті білім беру бағдарламалары бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін күндізгі оқыту және жеке бейімделген бағдарламалар бойынша үйде жеке оқытуды қамтамасыз етеді. Білім алушылардың оқу үлгерімінің ағымдағы мониторингі, аралық және қорытынды аттестаттау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың оқу үлгерімінің ағымдағы мониторингін, аралық және қорытынды аттестаттауын жүргізудің

үлгілік қағидаларын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Оқушылардың оқу үлгерімінің ағымдағы мониторингін 2-11 сыныптардағы оқу жылының бірінші тоқсанынан (жартыжылдық) бастап барлық оқу пәндері бойынша мұғалімдер жүргізеді.

Оқушылардың мотивациялық сферасын, олардың мүмкіндіктерін, қабілеттерін дамыту және оқу материалын меңгеру дәрежесі әр түрлі қабілеттері бар балаларды оқытуды жүзеге асыру мәселесі бойынша бүкіл педагогикалық ұжымның жұмысының көрсеткіші болып табылатын білім сапасы оқу үдерісі тиімділігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Білім берудің тиімділігі туралы ақпарат үдерісін, сондай-ақ баланың даму динамикасын, балалардың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеруін бақылау диагностика негізінде жүзеге асырылады.

Білім сапасы мен үлгерімі әр тоқсан соңында кезекті педагогикалық кеңес отырыстарында талқыланып, мониторинг жасалып отырды:

2023-2024 оқу жылында білім сапасы 59,49%, үлгерім 100% құрады.

2024-2025 оқу жылында білім сапасы 59,8%, үлгерім 100% құрады.

2025-2026 оқу жылының I тоқсанында білім сапасы %, үлгерім % құрады.

Оқу жылы	2-4-сыныптар		5-9-сыныптар		10-11-сыныптар		2-11-сыныптар	
	сапа	үлгерім	сапа	үлгерім	сапа	үлгерім	сапа	үлгерім
2023-2024	62,69 %	100%	53,93% ,	100%	72%	100%	59,49%	100%
2024-2025	63,54 %	100%	54,93% ,	100%	66,66 %	100%	59,8%	100%
2025-2026								
динамика	+1		+1		-6		+0,40	

Оқу жылының үздіктері :

	2-4-сыныптар	5-9-сыныптар	10-11-сыныптар	2-11сыныптар
2023-2024	44	31	9	84
2024-2025	45	30	11	86
2025-2026				
Динамика	+1	-1	+3	+2

2024-2025 оқу жылындағы үздіктер саны 2-4 сыныптарда - 45, 5-9 сыныптарда – 30, 10-11 сыныптарда -11, барлығы мектеп бойынша 86. 2023-2024 оқу жылмен салыстырғанда 2-4 сыныптарда – 44 оқушы, 5-9 сыныптарда 31, 10-11 сыныптарда – 9, жалпы 84. Үздіктер динамикасының шамалы жоғарлауын бақылауға болады. Динамика бастауыш сыныптар +1, орта буын -1, жоғары сыныптар +3, жалпы мектеп бойынша +2.

Оқу жылының екпінділері

	2-4-сыныптар	5-9-сыныптар	10-11-сыныптар	1-11-сыныптар
2023-2024	77	120	45	242
2024-2025	84	119	47	250

2025-2026				
Динамика	+7	-1	+2	+8

2024-2025 оқу жылында екпінділер 2-4 сыныптарда - 84, 5-9 сыныптарда – 119, 10-11 сыныптарда -47, барлығы мектеп бойынша 250. 2023-2024 оқу жылмен салыстырғанда екпінділер 2-4 сыныптарда - 77, 5-9 сыныптарда – 120, 10-11 сыныптарда -45, барлығы мектеп бойынша 242. Екпінділер динамикасының жоғарлауын бақылауға болады. Динамика бастауыш сыныптар +7, орта буын -1, жоғары сыныптар +2, жалпы мектеп бойынша +8. 2024-2025 оқу жылында білім сапасы 2-4 сыныптарда -63,5%, орта буында- 54,9%, жоғары буында- 66,66%, жалпы мектеп бойынша- 59,8%. 2023-2024 оқу жылында 2-4 сыныптарда -62,69%, орта буында- 53,93%, жоғары буында- 72 болды, жалпы мектеп бойынша-59,49%. Динамика бастауыш сыныптар +1, орта буын +1, жоғары сыныптар -6, жалпы мектеп бойынша +0,40. 2024-2025 оқу жылындағы білім сапасы бастауыш, орта буындарында өсуін, ал жоғарғы буында -6 төмендеуін байқауға болады. Жалпы мектеп бойынша білім сапасы тұрақты -+0,40. Жалпы алғанда, бұл көрсеткіштер соңғы 3 жылда тұрақты болды, оң динамика байқалуда.

Талдау барысында білім сапасы мен оқу үлгерімінің деңгейі әр сыныптың жағдайында қарастырылады, сонымен қатар параллельді сыныптар жағдайында және бастауыш, орта және жоғары білім беру деңгейлері жағдайында жүйелі түрде бақылау жүргізіледі.

сыныптар	2023-2024 о.ж.	2024-2025 о.ж.	2025-2026 о.ж.
2 «А» сынып		66,66%	
2 «Б» сынып		57,14%	
2 «В» сынып		59,09%	
2-ші сыныптар		60,96%	
3 «А» сынып	62,5	65,21%	
3 «Б» сынып	70	64%	
3 «В» сынып	60	62,50%	
3-ші сыныптар	64,13	63,90	
4 «А» сынып	56,52	60%	
4 «Б» сынып	60,87	72,72%	
4 «В» сынып	58,33	63,63%	
4-ші сыныптар	58,57	65	
2-4 сыныптар	61,37	63,44	
5«А» сынып	73,91	70%	
5 «Б» сынып	68	57,14%	
5-ші сыныптар	70,95	64	
6 «А» сынып	66,67	55,55%	
6 «Б» сынып	66,67	61,53%	
6-ші сыныптар	66,67	58,54	
7 «А» сынып	66,67	60%	
7 «Б» сынып	52,63	58,33%	
7-ші сыныптар	59,65	59	
8 «А» сынып	29,41	52,63%	
8 «Б» сынып	30	35%	
8 «В» сынып	52,94	52,94%	
8-ші сыныптар	37,45	46,86	

9 «А» сынып	71,43	62,50%	
9 «А» сынып	45,83	50%	
9 «Б» сынып	41,67	41,66%	
9-ші сыныптар	52,97	51,39	
5-9 сыныптар	55,48	55,97	
10 «А» сынып	52,84%	36,84%	
10 «А» сынып	55,55%	63,63%	
10 «Б» сынып	64,70%	53,33%	
10-ші сыныптар	57,70	51,27	
11 «А» сынып	46,15	53,84	
11 «А» сынып	72,22	55,55%	
11 «Б» сынып	86,67	64,7	
11-ші сыныптар	68,34	59,27	
10-11 сыныптар	63,02	60,43	
2-11 сыныптар	59,49%	59,8%	

